



ҚСЗИ

Қазақстан Республикасы
Президентінің жанындағы
Қазақстан стратегиялық
зерттеулер институты

Қоғам & Дәуір

www.kaziss.kz

2/2022

ҒЫЛЫМИ - САРАПТАМАЛЫҚ ЖУРНАЛ

**Тәуелсіз Қазақстанның дипломатиялық
қызметіне 30 жыл**

**Өзгермелі әлемдегі орталықазиялық аймақтың
қауіпсіздігі мен даму басымдықтары**

**Қазақстан мен АҚШ праймеризіндегі ұқсастықтар
мен айырмашылықтар**

**Саяси сайлау процесіндегі жаңа дауыс беру
технологияларының халықаралық стандарттары
мен құқықтық негіздері**

Development of Mediation and its Foundations

**Конфликтогенді факторлар:
өзара әрекеттестігі мен әлеуеті**

**Каспий өңірінің экологиялық қауіпсіздігі
мәселелерін шешудің саяси тетіктері: Қазақстан
Республикасы мен Ресей Федерациясы мысалында**

**Оңтүстік Корея мен Жапония арасындағы
аумақтық дау: Лианкур аралының екі ел үшін
экономикалық маңызы**

**Көпмәдениетті білім беру идеологиялық тәсіл
ретінде: саяси-философиялық талдау**

Мұхтар Тілеуберді

Ғалымжан Дүйсен,
Дина Айтжанова

Бауыржан Серікбаев,
Ерболат Серғазин

Айгүл Амиржанова

Erkebulan Abiyev,
Bagish Gabdulina

Назым Балапанова,
Ботакөз Нұралина,
Ернар Мажен

Майя Урузғалиева,
Рафик Усманов

Айгерім Тұрханова,
Бота Байдәулетова,
Айнұр Исаева

Гүлхан Нұрадин,
Гүлнұр Исабекова,
Назым Дуйсенова

Нұр-Сұлтан

ISSN 2414-5696



02

9 772414 569169

Қоғам & Дәуір



ҚСЗИ

Қазақстан Республикасының
Президенті жанындағы
Қазақстанның стратегиялық
зерттеулер институты

2004 жылдан бастап
әр тоқсан сайын жарық көреді

Бас редактор
Ермек Тоқтаров,
ҚР Президенті жанындағы
ҚСЗИ бөлім басшысы

Шығаруға жауапты:
А. Арзықұлов

Редакция мекенжайы:
Қазақстан Республикасы,
010000, Нұр-Сұлтан қаласы,
Бейбітшілік көшесі, 4
ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ

Телефон (7172) 75-20-20
Факс (7172) 75-20-21
E-mail: office@kisi.kz
www.kisi.kz
www.journal-kogam.kisi.kz

Журнал Қазақстан Республикасының
Мәдениет, ақпарат және қоғамдық
келісім министрлігінде 2003 ж.
19 желтоқсанда тіркеліп, тіркеу туралы
№ 4526-Ж куәлік берілген.

ISSN 2414-5696 (print)
ISSN 2788-5860 (online)

doi.org/10.52536/2788-5860

Индекс 74007

Журнал саяси ғылымдар саласы бойынша
ғылыми еңбектің негізгі нәтижелерін
жариялау үшін Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігі білім және
ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету
комитеті ұсынатын ғылыми басылымдар
тізбесіне енеді.

«Надежда 2050» ЖШС баспасынан басы-
лып шығарылды
Көкшетау қ., Баймұқанов, 3.

Таралымы: 500 дана.

**Қоғам &
Дәуір**

ҒЫЛЫМИ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖУРНАЛ

МАЗМҰНЫ

Мұхтар Тілеуберді
Тәуелсіз Қазақстанның дипломатиялық
қызметіне 30 жыл 6

Ғалымжан Дүйсен, Дина Айтжанова
Өзгермелі әлемдегі орталықазиялық аймақтың
қауіпсіздігі мен даму басымдықтары 13

Бауыржан Серікбаев, Ерболат Сергазин
Қазақстан мен АҚШ прамеризіндегі
ұқсастықтар мен айырмашылықтар 27

Айгүл Амиржанова
Саяси сайлау процесіндегі жаңа дауыс беру
технологияларының халықаралық стандарттары
мен құқықтық негіздері 38

Еркебұлан Абиев, Бағыш Габдулина
Медиацияның дамуы және оның негіздері. 52

Назым Балапанова, Ботакөз Нұралина, Ернар Мажен
Конфликттенді факторлар:
өзара әрекеттестігі мен әлеуеті 62

Майя Урузғалиева, Рафик Усманов
Каспий өңірінің экологиялық қауіпсіздігі мәселелерін
шешудің саяси тетіктері: Қазақстан Республикасы мен
Ресей Федерациясы мысалында 78

Айгерім Тұрханова, Бота Байдәулетова, Айнұр Исаева
Оңтүстік Корея мен Жапония арасындағы
аумақтық дау: Лианкур аралының екі ел үшін
экономикалық маңызы 91

**Гүлхан Нұрадин,
Гүлнур Исабекова, Назым Дүйсенова**
Көпмәдениетті білім беру идеологиялық тәсіл
ретінде: саяси-философиялық талдау 109

СОДЕРЖАНИЕ

Мухтар Тлеуберди
30 лет дипломатической
службе независимого Казахстана 6

Галымжан Дүйсен, Дина Айтжанова
Приоритеты безопасности и развития Центрально-
азиатского региона в меняющемся мире 13

Бауыржан Серикбаев, Ерболат Сергазин
Сходства и различия
в прамеризе Казахстана и США 27

Айгуль Амиржанова
Международные стандарты и правовая база новых
технологий голосования
в политическом избирательном процессе 38

**Қоғам &
Дәуір**

ҒЫЛЫМИ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖУРНАЛ

Қоғам & Дәуір



ҚСЗИ

Қазақстан Республикасының
Президентінің Қаулауымен
Қазақстанның стратегиялық
зерттеулер институты

Еркебулан Абиев, Бағыш Габдулина
Развитие медиации и ее основы 52

Назым Балапанова, Ботакоз Нуралина, Ернар Мажен
Конфликтотгенные факторы: взаимосвязь
и их потенциал 62

Майя Урузгалиева, Рафик Усманов
Политические механизмы решения вопросов экологической
безопасности каспийского региона: на примере Республики
Казахстан и Российской Федерации 78

Айгерим Турханова, Бота Байдаулетова, Айнур Исаева
Территориальный диспут между Южной Кореей и
Японией: экономическая ценность острова
Лианкур для двух стран 91

Гүлхан Нурадин, Гулнур Исабекова, Назым Дуйсенова
Поликультурное образование как идеологический подход:
политико-философский анализ 109

CONTENTS

Mukhtar Tileuberdi
30th Anniversary of the Diplomatic
Service OF Independent Kazakhstan 6

Galymzhan Duisen, Dina Aitzhanova
Priorities of Security and Development of the Central Asian
Region in a Changing World 13

Bauyrzhan Serikbayev, Erbolat Sergazin
Similarities and Differences in the Primers of Kazakhstan
and the United States 27

Aigul Amirzhanova
International Standards and Legal Framework
for New Voting Technologies in the Electoral Process . . . 38

Erkebulan Abiyev, Bagish Gabdulina
Development of Mediation and its Foundations 52

Nazym Balapanova, Botakoz Nuralina, Yernar Mazhen
Conflict Factors: Interplay and Their Potential 62

Maiya Uruzgaliyeva, Rafik Usmanov
Political mechanisms for addressing environmental security
issues of the caspian region: the case of the Republic of
Kazakhstan and the Russian Federation 78

Aigerim Turkhanova, Bota Baidautetova, Ainur Issayeva
Territorial Dispute between South Korea and Japan:
the Economic Value of Liancourt Island
for the Two Countries 91

Gulkhan Nuradin, Gulnur Bolatbekovna, Nazim Duisenova
Multicultural Education as an Ideological Approach:
Political and Philosophical Analysis 109

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

- Ерлан ҚАРИН** – редакция алқасының төрағасы, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеңесшісі, саяси ғылымдарының кандидаты
- Ермек ТОҚТАРОВ** – бас редактор, Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының Саяси зерттеулер бөлімінің басшысы, Ph.D
- Алмас АРЗЫҚҰЛОВ** – редактор, ҚР Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының жетекші ғылыми қызметкері, тарих магистрі
- Уямо ТОМОХИКО** – Хоккайдо университеті жанындағы Славян зерттеулер орталығының профессоры (Жапония), Ph.D
- Уильям ФИЕРМАН** – Индиана университетінің профессоры (АҚШ), Ph.D
- Сон ЮНХУН** – Ханкук университетінің профессоры (Оңтүстік Корея), Ph.D
- Нұрлан СЕЙДІН** – ҚР БҒМ ҒК «Ғылым ордасы» РМК бас директорының ғылыми жұмыстар және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі орынбасары, тарих ғылымдарының кандидаты
- Алуа ЖОЛДЫБАЛИНА** – ҚР Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты директорының орынбасары, Ph.D
- Ғани ҚАРАСАЕВ** – ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының бөлім басшысы – бас ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының докторы
- Ботагөз РАҚЫШЕВА** – «Қоғамдық пікір» зерттеу институтының директоры, әлеуметтану ғылымдарының кандидаты
- Айгүл САДУАҚАСОВА** – Қолданбалы этносаяси зерттеулер институты директорының орынбасары, әлеуметтану ғылымдарының докторы

РЕДАКЦИОННЫЙ СОВЕТ

- Ерлан КАРИН** – председатель Редакционного совета, Государственный советник Республики Казахстан, кандидат политических наук
- Ермек ТОКТАРОВ** – шеф-редактор, руководитель Отдела политических исследований Казахстанского института стратегических исследований при Президенте РК, Ph.D
- Алмас АРЗИКУЛОВ** – редактор, ведущий научный сотрудник Казахстанского института стратегических исследований при Президенте РК, магистр истории
- Уямо ТОМОХИКО** – профессор Центра славянских исследований Университета Хоккайдо, Ph.D (Япония)
- Уильям ФИЕРМАН** – профессор университета Индиана, Ph.D (США)
- Сон ЮНХУН** – профессор Ханкукского университета, Ph.D (Южная Корея)
- Нурлан СЕЙДИН** – заместитель генерального директора по научной работе и международной деятельности РГП «Ғылым ордасы» КН МОН РК, кандидат исторических наук
- Алуа ЖОЛДЫБАЛИНА** – заместитель директора Казахстанского института стратегических исследований при Президенте РК, Ph.D
- Гани КАРАСАЕВ** – главный научный сотрудник – начальник отдела Института истории государства КН МОН РК, доктор исторических наук
- Ботагоз РАКИШЕВА** – директор исследовательского института «Общественное мнение», кандидат социологических наук
- Айгуль САДВОКАСОВА** – заместитель директора Института прикладных этнополитических исследований, доктор социологических наук

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНЕ 30 ЖЫЛ

Мұхтар Тілеуберді

*Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің
орынбасары – Сыртқы істер министрі*

Биыл біз мемлекетіміздің дербес сыртқы саясатын қалыптастыру мен іске асырудың символдық мәні бар 30 жылдығын атап өтеміз.

1992 жылғы 2 шілдеде Қазақстан Республикасының Президенті «Сыртқы істер министрлігі туралы», «Қазақстан Республикасының Елшілігі туралы» және «Қазақстан Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісінің негізгі міндеттері мен құқықтары туралы» ережелерді бекіткен Жарлықтарға қол қойды.

Сол өткен уақыт ішінде Қазақстанның сыртқы саясаты шекараларымыздың периметрі бойынша тұрақтылық пен қауіпсіздікті және ішкі дамуға қолайлы жағдайларды қамтамасыз ете отырып, өзінің табыстылығын дәлелдеді.

Қазақстан өзін халықаралық қатынастардың жаһандық жүйесінің болжамды, парасатты және жауапты қатысушысы ретінде таныта білді. Сыртқы саясатты тиімді жүргізудің арқасында біздің еліміз басқа мемлекеттермен қақтығыстарға араласпауға мүмкіндік алды. Соның нәтижесінде бүгінде халықаралық қоғамдастықтың бірде-бір субъектісімен шиеленісті қарым-қатынасымыз жоқ. Осы арқылы қазақстандық дипломатия мемлекеттігіміздің нығаюына елеулі үлес қосты.

Тәуелсіздік алған сәттен бастап көпвекторлылық және теңгерімділік Қазақстанның сыртқы саясатының негізгі қағидаты болып қала береді. Осындай бағыт аясында Қазақстан көптеген беделді халықаралық ұйымдардың қатысушысына айналды, БҰҰ-мен және оның әртүрлі мамандандырылған мекемелерімен (БҰҰДБ, ДДҰ, ХВҚ, ЮНИСЕФ, ЮНЕСКО және т.б.) тұрақты негізде өзара іс-қимылды іске асыруда, ДСҰ, Дүниежүзілік банк, АДБ, ЕКДБ, МАГАТЭ және т.б. ықпалды көпжақты құрылымдармен ынтымақтастықты нығайтады.

Біздің сыртқы саясатымыздың елеулі жетістіктері туралы айтатын болсақ, ең алдымен, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын заңдық рәсімдеу процесінің аяқталғанын атап өткен жөн. Елдің сыртқы шекараларын делимитациялау және демаркациялау мәселесі – әлемнің көптеген өңірлерінде ғасырлар бойы шиеленістер

мен әскери қалтығыстардың себебі болып келген өте сезімтал мәселе екенін атап өткім келеді. Біз қысқа тарихи мерзім ішінде Қытаймен, Ресеймен және Орталық Азиядағы көршілес елдермен шекара мәселесін шеше алдық. Бұл ұлттық мүдделерге нұқсан келтірместен жасалды. Бұған бейбітшілік пен өзара тиімді ынтымақтастық аймағы мәртебесіне ие болған Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенцияға қол қоюды да жатқызуға болады.

Ядролық қаруды таратпау ісіне белсенді қатысуымыздың өзі Қазақстанның өзіндік саяси брендіне айналды. Әр түрлі елдердің көшбасшылары ашық және кулуарлық әңгіме барысында әлеуеті бойынша төртінші ядролық арсеналдан өз еркімен бас тартқаны үшін бұрынғысынша Қазақстанға деген шынайы құрметін білдіреді. БҰҰ Бас Ассамблеясының 29 тамызды – Семей полигонының ресми жабылған күнін – Ядролық сынақтарға қарсы іс-қимылдың халықаралық күні деп жариялау туралы шешімі біздің осы бағыттағы күш-жігерімізді мойындау болды. Өткен жылы біз осы тарихи оқиғаның отыз жылдығын атап өттік. Қазақстан БҰҰ-ға мүше барлық мемлекеттердің Ядролық қарудан азат әлем құру туралы жалпыға ортақ декларацияны қабылдауына күш салуға бейілді екенін атап өткім келеді.

Қазақстанның өңірдегі көршілерімен 2006 жылғы 8 қыркүйекте Солтүстік жарты шардағы осындай алғашқы аймақ болған Орталық Азиядағы ядролық қарудан азат аймақ (ОАЯҚАА) құру туралы Семей келісіміне қол қоюы ядролық қаруды таратпаудың халықаралық режимін нығайтуға арналған нақты іс-қимылдардың дәлелі болды. Ядролық қаруы бар мемлекеттердің оны Шартқа қатысушыларға қатысты қолданбауға міндеттенетін Жағымсыз кепілдіктер туралы хаттама оған маңызды толықтыру болды. Өткен жылы Келісім тараптары-мемлекеттерінің Сыртқы істер министрлері оның 15 жылдығына арналған бірлескен мәлімдеме жасады, онда оның ережелеріне мызғымас бейілділігін растап, америкалық серіктестерін жоғарыда көрсетілген Хаттаманы ратификациялау процесін тез арада аяқтауға шақырды.

Ядролық қарусыз әлем идеясын ілгерілету жөніндегі күш-жігерден басқа, Қазақстан жаһандық және өңірлік қауіпсіздікті нығайтуға қосқан елеулі үлесі үшін халықаралық қоғамдастықтың құрметіне ие.

Бүгінде 27 қатысушы ел мен 8 бақылаушы мемлекетті біріктіретін Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесін құру идеясы да біздің елімізге тиесілі. АӨСШК-нің мақсаттары мен міндеттері құрылымның атауында көрсетілген. Оның үстіне, оның қызмет салалары эпидемиологиялық қауіпсіздік, қоғамдық денсаулық сақтау, ақпараттық технологиялар, цифрландыру және т.б. сияқты жаңа бағыттарды қамти

бастады. Осының барлығы халықаралық күн тәртібінің жаңа болмысына және қажеттіліктеріне бейімделу қажеттігінен туындап отыр.

Отандық дипломатияның тарихи жетістіктерінің бірегейі ретінде Қазақстанның 2017-2018 жылдары БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес мүшесі болып сайлануын ерекше атап өткен жөн. Осы миссияны орындау аясындағы Қазақстанның жауапты және қағидатты ұстанымын халықаралық қоғамдастық жоғары бағалады.

Біздің «жасыл» технологияларды дамытуға қосқан нақты үлесімізді көрсететін «Болашақ энергиясы» тақырыбында өткен ЭКСПО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесі сәтті ұйымдастырылды.

Тәуелсіздік жылдары Қазақстанда бүкіл әлемге танымал болған біздің қоғамымыздың этносаралық және конфессияаралық келісімнің өзіндік бірегей моделі құрылды. Рим Папасы Иоанн Павел II-нің 2001 жылдың күзінде Қазақстанға жасаған айтулы сапары еліміздің осы тұрғыдағы жаһандық рөлінің көрінісі болды. Сол жылы «өркениеттер қақтығысы» туралы әңгімені күрт шиеленістірген 11 қыркүйекте АҚШ-та орын алған қайғылы террорлық шабуылдардан кейін екі аптадан аз уақыт ішінде өткен сапар әлем назарын Қазақстанның әлемдік мәдениет пен конфессияаралық диалогты ұлттық әрі жаһандық ауқымда белсенді насихаттайтын елдердің бірі ретіндегі үлгісіне аударды.

Кейіннен біздің еліміз өркениетаралық және мәдениетаралық диалог саласындағы бірқатар сұранысқа ие бастамалардың авторы болды. Олардың ішіндегі ең танымалы ретінде 2003 жылдан бастап еліміздің астанасында тұрақты түрде Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезінің өткізілуін атап өтуге болады. Өздеріңізге белгілі, осы жылдың 14-15 қыркүйегінде оның жетінші отырысы өтеді, оған Рим Папасы Франциск, Мәскеу және бүкіл Русь Патриархы Кирилл, Израильдің Жоғарғы раввиндері Ашкенази Давид Лау және Сефардтық Ицхак Йосеф және әлемдегі түрлі діни қауымдастықтардың басқа да беделді басшылары өздерінің қатысатынын растады.

Көпжақты дипломатияны нығайту, халықаралық және өңірлік ұйымдармен ынтымақтастықты кеңейту бұрынғысынша Қазақстанның сыртқы саясатындағы басым бағыт болып қала береді. Осы орайда Қазақстанда еліміздің төрағалық етуімен ЕҚЫҰ, ИЫҰ, ШЫҰ және өзге де ұйымдардың саммиттерінің табысты өткенін ерекше атап өткім келеді.

Өңірлік экономикалық интеграция процестері шеңберінде Қазақстан Еуразиялық экономикалық одақтың жауапты мүшесі болып табылады. Осы бірлестік аясында сауда-экономикалық және инвестициялық байланыстар артып, ауқымды бірлескен жобалар жүзеге асырылуда.

Бейтарап медиатор ретіндегі атына сай Қазақстан әр жылдары Иранның ядролық бағдарламасы, 2015-2016 жылдардағы Ресей мен Түркия арасындағы дипломатиялық дағдарыс төңірегіндегі ахуалды реттеуге, Украина бойынша Минск процесінің іске қосылуына, Сирия бойынша Астана процесінің келіссөздерін жүргізуге елеулі үлес қосты.

Біздің еліміз Дүниежүзілік сауда ұйымының толыққанды мүшесі және климаттың өзгеруіне қарсы күрес жөніндегі Париж келісімінің қатысушысы болды. Сонымен бірге климаттық дипломатия сыртқы саясаттың жаңа маңызды бағытына айналуға айналды. Қазіргі таңда біздің алдымызда өршіл міндет тұр – 2060 жылға қарай экономиканы декарбонизациялауды жүзеге асыру. Мінеки, дәл осы үшін біз Төмен көміртекті даму тұжырымдамасын әзірлеудеміз. Біз жаңартылатын энергия көздерін жүйелі түрде ілгерілетіп келеміз, олардың елдің энергия теңгеріміндегі үлесі 2030 жылға қарай 15%-ке жетуі тиіс, «жасыл экономиканы» дамытудың жаһандық процестеріне де белсенді түрде тартылып келеміз.

Соңғы екі жыл ішінде Ковид-19 пандемиясы адамзаттың биологиялық сипаттағы қауіп-қатерлерге осалдығын ашып, жаһандық ауқымдағы жаңа күтпеген сын-қатерге айналды. Осыған байланысты ҚР Президенті Қ.К.Тоқаев БҰҰ Бас Ассамблеясының 75-сессиясында биологиялық қатерлердің алдын алуға және қауіпті аурулар туралы деректермен алмасуға бағытталған Биологиялық қауіпсіздік жөніндегі халықаралық агенттік құруды ұсынды. Осы маңызды бастаманы іске асыру қазіргі даму кезеңіндегі СІМ қызметінің басым міндеттерінің қатарына кіреді.

СІМ қызметінің басым міндеттерінің арасында тікелей шетелдік инвестицияларды тарту жөніндегі жүйелі жұмысты да ерекше атап өтуге болады. Бұл қызмет біздің экономикамызға қажетті қосымша капитал салуды, озық технологиялар трансфертін және ең бастысы, еліміздің азаматтарына арналған жаңа жұмыс орындарын құруды қамтамасыз етеді. Соның ішінде біздің дипломаттарымыздың күш-жігерінің арқасында өткен жылдар ішінде Қазақстан экономикасына шамамен 380 млрд АҚШ доллары көлемінде тікелей инвестиция тартылды. Дипломатиялық ведомство Үкіметтің басқа құрылымдарымен және Ұлттық бизнеспен тығыз өзара іс-қимыл жасай отырып, ел үшін өмірлік маңызы бар осы бағыттағы жұмыстың стратегиясы мен практикасын одан әрі жетілдіруді жалғастыратыны сөзсіз.

«Жаңа Қазақстанның» идеясы мен құндылықтарын басшылыққа ала отырып, сыртқы саясат ведомствосы адами өлшемге баса назар аударады, біздің азаматтарымыздың және шетелдегі ұлттық бизнестің құқықтары мен мүдделерін қорғауды басты міндет ретінде санайды. Қазақстандық

дипломатия неғұрлым қолданбалы болып, қоғамның және әрбір азаматтың нақты сұраныстарына бағдарланып келеді.

Өкінішке орай, қазіргі халықаралық жағдай құбылмалылық пен болжамсыздықтың жоғары деңгейімен сипатталады. Мәселе сенім дағдарысы және әртүрлі халықаралық акторлар арасындағы қақтығыстың артуы, халықаралық құқықтың негізгі қағидаларының бұзылуы, террористік қауіп пен қарулану жарысының шиеленісуі, гибридік, кибер-, сауда және валюталық соғыстардың жандануы сияқты сын-қатерлер төңірегінде болып отыр. Жаңа сын-қатерлер Қазақстанның сыртқы саясатын уақтылы бейімдеуді және түзетуді талап етеді.

Осыған байланысты 2020 жылғы 6 наурызда Мемлекет басшысының Жарлығымен Қазақстан Республикасының 2020-2030 жылдарға арналған сыртқы саясатының тұжырымдамасы бекітілді. Жаңартылған құжаттың негізгі ережелері көпвекторлылық, теңгерімділік, прагматизм және ұлттық мүдделерді қорғау қағидаттарына негізделеді. Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өзінің Президент болған алғашқы күндерінен бастап мемлекеттің сыртқы саясатын іске асырудағы сабақтастықты айқын белгілеп берді. Біздің еліміз өзінің тиімділігін дәлелдеген, еліміздің барлық халықаралық сеіктестерімен өзара іс-қимылының оң қарқынын қамтамасыз ететін көпвекторлы дипломатияны жүргізуді жалғастыруда. Осылайша, біздің сыртқы саяси басымдықтарымыз өзгеріссіз қала береді.

Қазақстан әрқашан да халықаралық қоғамдастықтың сенімді серіктесі болып қала бермек.



Мұхтар Бескенұлы Тілеуберді – Қазақстан мемлекет қайраткері, ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Сыртқы істер министрі. Төтенше және Өкілетті Елші дипломатиялық дәрежесі бар.

С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің (қазіргі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ) философия-экономика факультетін бітірген, еңбек жолын өзінің Альма-матерінде философия тарихы және қытай

филологиясы кафедраларында бастаған. М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті жанындағы Азия және Африка институтында және Йенсе Университеті (Корея Республикасы) жанындағы тілдер институтында тағылымдамадан өтті.

Дипломат ретіндегі мансабы 1993 жылы Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінде атташе қызметінен басталды. Есте қаларлығы, осы кезеңде Қазақстан дипломатиясының іргетасы қаланды. Сыртқы әлеммен дипломатиялық қатынастарды орнату кезінде Қазақстанға халықаралық аренада ел мүддесін қорғайтын кәсіби мамандар қажет болды. Олардың қатарында жас дипломат М.Тілеуберді де болды.

Орталық аппаратта ол Азия елдері басқармасының үшінші хатшысы, Азия, Таяу Шығыс және Африка департаментінің бірінші хатшысы, Екіжақты ынтымақтастық департаментінің бөлім бастығы қызметтерін атқарды. Шет елдерде Корея Республикасындағы ҚР Елшілігінде екінші хатшы және Израиль Мемлекетіндегі ҚР Елшілігінде кеңесші болып жұмыс істеді.

Мұхтар Тілеубердінің бұдан әрі сыртқы саясат ведомствосында жоғары мемлекеттік лауазымдарға, Қазақстан Республикасының Малайзиядағы Елшісі ретінде (2004 жылдан бастап) Индонезия Республикасында, Бруней Даруссаламда және Филиппин Республикасындағы (2005 жылдан бастап) қоса атқарушы, ал Швейцария Конфедерациясында, сонымен бірге Лихтенштейн Княздігіндегі мен Ватикан Мемлекетіндегі (2009 жылдан бастап) қоса атқарушы елшісі ретінде, сондай-ақ Қазақстанның БҰҰ өкілдігі жанындағы және Женевадағы басқа да халықаралық ұйымдардың Тұрақты өкілі болып тағайындалуы оны білімі мен тәжірибесінің үлкен кәсіби багажы бар жоғары дәрежелі дипломат ретінде сипаттайды.

2016 жылдан бастап М.Тілеуберді ҚР Сыртқы істер министрінің бірінші орынбасары қызметін атқарды, ал 2019 жылғы қыркүйектен бастап ҚР Сыртқы істер министрі болып тағайындалды. 2021 жылдан бастап ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Сыртқы істер министрі болып тағайындалды.

Мұхтар Тілеуберді кәсіби шеберлігі мен қызмет саласындағы жоғары жетістіктері үшін «Парасат» орденімен және «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған.

2022 жылдың 2 шілдесінде ол басқаратын мекеме өзінің **30 жылдық мерейтойын** атап өтеді. 1992 жылы, дәл осы күні ҚР Президентінің Жарлығымен «Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі туралы», «Қазақстан Республикасының Елшілігі туралы» және «Қазақстан Республикасының Төтенше және Өкілетті елшісінің негізгі міндеттері мен құқықтары туралы» ережелер бекітіліп, қазақстандық дипломатия институтының негізі қаланды. Көп ұзамай Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының бірінші Тұжырымдамасы бекітілді.

ҚР Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты Мұхтар Тілеуберді мен ҚР Сыртқы істер министрлігінің ұжымын мерейтоймен шын жүректен құттықтайды және Қазақстанды халықаралық аренада ілгерілету ісінде және жалпыға ортақ өркендеу игілігі үшін барлық сыртқы әріптестермен бейбітшілікке, келісімге және тиімді ынтымақтастыққа қол жеткізуде сәттіліктер тілейді!

Ғалымжан Дүйсен¹, Дина Айтжанова²

¹ҚР БҒМ ҒК Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты бас директорының орынбасары, экономика ғылымдарының докторы, доцент (Алматы қ., Қазақстан)

e-mail: galyimzhan@inbox.ru,

²ҚР БҒМ ҒК Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының бас ғылыми қызметкері, экономика ғылымдарының кандидаты, доцент (Алматы қ., Қазақстан)

e-mail: diait@inbox.ru

ӨЗГЕРМЕЛІ ӘЛЕМДЕГІ ОРТАЛЫҚАЗИЯЛЫҚ АЙМАҚТЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ МЕН ДАМУ БАСЫМДЫҚТАРЫ

Аңдатпа. Мақалада әлемдегі геосаяси шиеленісушілік пен жаһандық ығысу жағдайында Орталық Азия елдерінің қауіпсіздігі мен даму басымдықтарын анықтайтын негізгі мәселелер қарастырылған. Орталықазиялық өңір елдерінің қауіпсіздігі мен даму басымдықтарын іске асыруда аймақ елдерінің қаржы, инвестиция, адами және басқа да ресурстарды тарту жолындағы бәсекелестіктің ушығу жағдайында байланыстарды күшейтудің зор маңызы атап өтіледі. Орталық Азия аймағы елдерінің ықпалдастығы мен кооперациясын қамтамасыз ету ісіндегі күш-жігерін үйлестіру жағдайында өңірлік ауқымдағы жаңа формацияны қалыптастыру қажеттілігі негізделді.

Интеграцияланған инфрақұрылымдық, телекоммуникациялық, цифрлық және басқа да жүйелер мен платформаларды есепке ала отырып, ұлттық экожүйелерді жаңғыртатын мемлекетаралық жобаларды әзірлеу және іске асыру механизмдері негізінде аймақты дамытатын бағдарламаның негізгі бағыттары ұсынылған.

Түйін сөздер: ынтымақтастық, қауіпсіздік, жаңа Қазақстан, орталықазиялық аймақ, өзгермелі әлем, геосаяси тұрлаусыздық.

Ғалымжан Дүйсен, Дина Айтжанова
ПРИОРИТЕТЫ БЕЗОПАСНОСТИ И РАЗВИТИЯ ЦЕНТРАЛЬНО-АЗИАТСКОГО РЕГИОНА В МЕНЯЮЩЕМСЯ МИРЕ

Аннотация. В статье рассматриваются основные вопросы выявления приоритетов безопасности и развития стран Центральной Азии в условиях геополитической напряженности и глобальных сдвигов в мире. Отмечено, что для реализации приоритетов безопасности и развития стран центрально-азиатского региона, важное значение имеет усиление связей в условиях обострения конкуренции стран региона за привлечение финансовых, инвестиционных, человеческих и др. ресурсов. Обоснована необходимость формирования новой формации регионального масштаба в условиях координации усилий стран центрально-азиатского региона в деле обеспечения их интеграции и кооперации. Предложены ключевые направления программы развития региона на основе механизмов разработки и реализации межгосударственных проектов модернизации национальных экосистем с учетом интегрированных инфраструктурных, телекоммуникационных, цифровых и др. систем и платформ.

Ключевые слова: сотрудничество, безопасность, новый Казахстан, центрально-азиатский регион, меняющийся мир, геополитическая неопределенность.

Galymzhan Duisen, Dina Aitzhanova

**PRIORITIES OF SECURITY AND DEVELOPMENT OF THE
CENTRAL ASIAN REGION IN A CHANGING WORLD**

Abstract. The article deals with the main issues of identifying the security and development priorities of the countries of Central Asia in the context of geopolitical tensions and global shifts in the world. It was noted that in order to implement the security and development priorities of the countries of the Central Asian region, it is important to strengthen ties in the face of increased competition among the countries of the region for attracting financial, investment, human and other resources. The necessity of forming a new formation of a regional scale in the context of coordinating the efforts of the countries of the Central Asian region in ensuring their integration and cooperation is substantiated. The key directions of the regional development program are proposed on the basis of mechanisms for the development and implementation of interstate projects for the modernization of national ecosystems, taking into account integrated infrastructure, telecommunications, digital and other systems and platforms.

Key words: cooperation, security, new Kazakhstan, Central Asian region, changing world, geopolitical uncertainty.

Кіріспе

Қазіргі уақытта, Қазақстан алдында өзгермелі әлемнің заманауи талаптарының реалияларын есепке алатын ішкі және сыртқы әлеуметтік-экономикалық бағдарламалар саласында бұрын белгіленген ынтымақтастық бағдарын сақтайтын жаңа тәртіптегі міндеттер тұр. Бұл бүкіл Орталық Азия (ОА) аймағы көлемінде, сондай-ақ, Қазақстанның халықаралық мәртебесін арттыруда маңызды және теңдессіз болып табылады.

Сыртқы саяси саланың ұйымдастырылу тиімділігі сыртқы және ішкі орта, тұтастай экожүйе, сонымен қатар, жеке субъектілердің ағымдағы және стратегиялық қызметі және т.б. факторларды басқарумен шартталған.

Осыған байланысты, орталықазиялық өңірдің қауіпсіздігі мен даму басымдықтарын анықтау төмендегі бағыттарға негізделуі қажет:

- геосаяси шиеленіс жағдайында әлемдік шаруашылық жүйесі қызметінің үрдістері мен ерекшеліктерін айқындау;
- ҚР мен ОА елдерінің екі- және көпжақты саяси және экономикалық байланыстары мәселелерін зерделеу;
- қатысушы елдер дамуының экономикалық, геосаяси және өркениеттік форматтарының реалияларын ескере отырып, интеграция мүмкіндіктеріне баға беру;
- орталықазиялық аймақ елдерінің экономикалық дамуының алғышарттарына баға беру;
- жаһандық дауылдарды ескере отырып, ҚР мен ОА елдерінің қауіпсіздік факторларын бағалау және т.б.

Бұл жан-жақты ынтымақтастық, елдерді тиімді саяси, экономикалық және ұлттық қауіпсіздігін қамсыздандыру, олардың әртүрлі векторлы конфигурацияларын айқындау, геосаяси тұрлаусыздықтың динамикасына байланысты сыртқы және ішкі қауіптер мен қатерлерді анықтау тәрізді тұрақты жүйелі байланыстарды шарттайды.

Зерттеу әдістері

Қазіргі сыртқы экономикалық үдерістер жаһандық экономика және саясатқа әсер етіп, әлем мен аймақтардағы геосаяси жағдайдың ушығуына байланысты [1; 2; 3].

Орталықазиялық аймақ елдерінің қауіпсіздігі мен даму басымдықтарын іске асыру үшін, аймақ елдерінің қаржы, инвестиция, адами және басқа да ресурстарды тарту жолындағы бәсекелестіктің өсімі жағдайында байланыстарды күшейту; сыртқы сауданы ырықтандыру, сыртқы нарықты игеру және т.б. қажет. Бұл ұлттық экономикалардың бәсекелестік артықшылықтарын күшейтіп, ықтимал инвесторлар үшін ішкі нарықтардың тартымдылығын арттырады.

Аймақ елдері арасындағы бәсекелестік өз потенциалын тиімді қолдануға мүмкіндік бермейді, өйткені, олардың оңашалануы мен шеттеуіне, даму деңгейінің дифференциациясының үдеуіне, сондай-ақ, қауіпсіздікке қауіптер мен қатерлердің күшеюіне себепші болады. Осыған байланысты, орталықазиялық аймақ елдері өздерінің ықпалдастығы мен кооперациясын қамсыздандыру ісінде күш жұмылдыру қажеттігі туралы айтылады.

Бұл жағдайда, біздің ойымызша, аймақ елдері өзгермелі әлем тәртібі жағдайында даму мен қауіпсіздіктің жаңа экономикалық модельдерін іздеу қажет. Бұл ретте, заманауи интеграциялық бағдарламалар аясында, ұлттық экономикаларды жаңғырту мен жаңартудың бірлескен модельдерін әзірлеу – ықтимал перспективтік бағыттардың бірі болып табылады.

Ортақ нарық пен еркін сауданың континенталдық саласын құру – аймақ пен әлемнің экономикалық картасына әжептәуір әсер етіп, жаңа экономикалық әлемдік тәртіптің қалыптасуына мүмкіндік тудырады. Оның бірден-бір жолы – кооперация мен ықпалдастық негізінде аймақтық ынтымақтастық, елдердің экономикалық дамуының өзара тиімді стратегиясы болып табылады.

Зерттеу нәтижелері

Аймақтық/халықаралық ауқымдағы жаңа формацияның қалыптасуы төмендегі негізгі бағыттарды есепке ала отырып, дүниежүзілік экономикалық дамудың барлық дерлік аспектілерін қамтиды:

- ұлттық экономикалардың дамуы мен жаңғыруын ынталандыру;
- экспорттық-импорттық саясаттар құрылымын өзгерту;
- ішкі және сыртқы миграция, әлеуметтік проблемалар саласында елдердің мемлекеттік саясатын жетілдіру;
- ұлттық экономикалардың бәсекеге жарамдылығын арттыру;
- ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыздандыру және ықтимал қауіптер мен сын-тегеуріндердің алдын алуда елдердің сыртқы саясаттарын жетілдіру;
- биоқауіпсіздік және биоқатерлерге қарсы тұру шараларымен қамсыздандырып сақтандыратын бағдарламалар әзірлеу;
- әлемдік сауда көлемінің өсімінде көлік-логистикалық желілерді дамыту және т.б.

Осылайша, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыздандыру мақсатындағы ОА елдеріне арналған стратегиялық мақсаттар мен міндеттер, мемлекеттік және ұлттық мүдделер, мемлекеттердің егемендігін сақтау және ел халқының өмір дәрежесін қамсыздандыру басымдықтарын ескеруі қажет. Осы бағыттарды іске асыру ОА аймағы мемлекеттері сыртқы саясатының негізі болмақ және кооперация мен интеграция ісінде өзара тиімді ынтымақтастық пен жәрдемдесудегі мақсаттарға қол жеткізуге себепші

болады. Бұл дағдарыстан кейінгі аймақтық тіршілікті қамтамасыз етуге, сонымен қатар, әрекеттестік пен ынтымақтастықтың формалары мен модельдерін аймақтық туралауға барар жолдары.

Нәтижелерді талқылау

Қазақстан мен ОА елдері экономикаларының жаңғырту мен индустриализациялау жағдайында, олардың дамуының аймақтық және ұлттық ерекшеліктерін есепке алып, жаһандық сын-тегеуріндер мен даму трендтерін бағалау қажеттігі өзекті болып отыр. Перспективаға арналған әрекеттестіктің бірлескен тактикалық міндеттері мен стратегиялық бағыттарын шешетін институттарды, сондай-ақ, ұлттық экономикалардың кооперациясы мен интеграциясы және өзара байланысқан салалар мен секторлар бойынша бағдарламалар (күтпеген проблемалар мен жағдайларды шешу және оларды жою жолында шұғыл шаралар қабылдау бөлігінде) және жоспарларды жөнге келтіретін аймақтық дәрежедегі органдарды құру заңға сыйымды деп ойлаймыз.

Орталықазиялық аймақ елдері мемлекеттің экономиканың нақты секторларын жаңғырту мен индустриализациялауды реттеуін еңсеріп, сонымен қатар, бизнес-қоғамдастықты дамытуға арналған интеграция мен ынтымақтастықтың мүмкіндіктері және перспективаларын жасап, оларды ұлттық экономиканың құрылымына органикалық кірістірілуінің маңызы бар. Өз кезегінде, ол мына қажеттіктерді шарттайды:

- елдер экономикасының құрылымындағы қолайлы бизнес-орта жасау;
- ішкі нарықта отандық тауарлар мен қызметтерге сұраныс пен оны алға жылжыту, сыртқы нарыққа шығаруды ынталандыру;
- қаржы ресурстарының тапшылығын еңсеру мақсатында қаржыға қолжетімдікті жетілдіру;
- адами капиталды дамыту;
- мемлекеттік бағдарламалардың нәтижелілігін арттыру, нормативтік базаны жетілдіру және шетелдік инвестицияларды тарту үшін жағдай жасау;
- инновациялар саласындағы корпоративтік сектордың артта қалушылығын еңсеру;
- ұлттық экономикалардың жаңа модельдерінің салалық және кеңістіктік қаңқасын қалыптастыру және басқалары.

Осы бағыттарды іске асыру жалпаймақтық кеңістік дамуының барлық деңгейі мен салаларын қамтитын ОА елдері өзара тиімді ынтымақтастықтың кешенді стратегиясын дамытуға жүйелі тәсілді қолдану көзделеді.

Әлемдік қоғамдастық дамуының қазіргі кезеңі жетекші ойыншылар арасындағы қайшылықтар, дүниежүзілік экономикадағы дағдарыстар,

аймақаралық және аймақішілік шиеленістер қарбаластығының өсімі, экологиялық сын-тегеуріндер және күйзелістердің ушығуымен сипатталады [4; 5]. Осының барлығы сүрелі коронавирустық инфекция пандемиясы салдарынан, әлемдік қауымдастықтың күш салуына қарамастан, ДДҰ болжамына қарағанда, дүние жүзін созылмалы дағдарыс күтуде [6; 7].

Осындай жағдайда, ОА елдері тұрақтандыру мен қауіпсіздікті қамтамасыздандыруға бірлесіп күш салуға тырысуы қажет. Осы жерде әңгіме ортақ тарихы, діні, мәдениеті, интеллектуалдық потенциалы, коммуникациялық байланыстары және т.б. біріктіретін ОА елдері арасындағы әрекеттестік пен ынтымақтастықтың жаңа моделін іздеу туралы болып отыр [8].

30 жылдық тәуелсіздік кезеңінде ОА елдері ынтымақтастық пен интеграцияның әртүрлі формаларын пайдаланды. Орталық Азиядағы халықаралық ұйымдардың (БҰҰ, ЕҚЫҰ, ҰҚКҰ, ШЫҰ, ЕАЭО) қызметі нақты жағдайларға сәйкес келе бермейді. Халықаралық бағдарламалар тиімділігі, параллелизм, бәсекелестік дәрежесінің төмендігімен, басқаша айтқанда, ақылды саясат қағидаттарына сәйкессіздігімен ерекшеленеді [9]. Жалпы, аймақтық қауіпсіздік құрылымдар жүйесі күрделі халықаралық проблемалар бойынша бәтуа табуға мүмкіндік береді.

Географиялық орналасуы ОА елдерін теңіз порттарына шығатын жол іздеуге мәжбүрлейді, оның өзі ОА елдерінің стратегиялық серіктестерімен сыртқы саяси қатынастарындағы теңгерімсіздікті шарттайды. Келісілген сауда саясатын жүргізу, сарапшылардың пікірінше, тең жылдамдықты интеграция және спагетти әсері теорияларымен күрделенеді [10], сондықтан, аймақтық және халықаралық еңбек бөлінісін ескере отырып, өзара сауда потенциалын айқындап, іске асыруға қатысты мәселелерді үйлестіру қажет.

Аумақты тұрақты дамыту мақсатында бірлескен өндірістік инфрақұрылым мен коммуникациялық желісін құрмаса, интеграция тиімсіз болады. ОА елдерінің өзара байланыстарын кеңейту үшін, қажетті тауарлар және қызметтер нарығымен қамсыздандыру үшін сауда-өнеркәсіп кластерлері құрылуы қажет [11]. Дамудың өзара тиімді стратегиясы елдердің мүдделерін есепке алады және сауда мүмкіндіктерін кеңейту мен сауда потенциалын ұлғайту арқылы тұрақты дамуға бағдарланады. ОА елдері ынтымақтастығының экономикалық потенциалын іске асыру үшін төмендегілер қажет:

- ресурстарды тиімді бөлу мақсатында елдердің бәсекелестік артықшылықтарын анықтау;
- өнеркәсіпті шикізатпен қамсыздандыруға арналған тұрақты

инфрақұрылым құру әлемдік энергожүйенің ауытқулары алдында тұрақтылығын күшейтеді;

- елдер арасында кооперация мен интеграция мәселелері бойынша сенімгерлік диалогты кеңейту.

Орталықазиялық аймақ елдерінің интеграциялық потенциалын дамыту үшін институционалдық, аспаптық және инфрақұрылымдық қамсыздандыру механизмдері қажет. Әңгіме интеграциялық даму мен жоспарлаудың стратегиялық бағдарламаларын әзірлеу, жан-жақты әрекеттестік пен ынтымақтастықтың қаржылық мәселелерін шешу жайлы болып отыр. Орталықазиялық кеңістіктегі қауіпсіздік мен дамудың басымдықтарын іске асыру үшін орайлы алғышарттар мен жағдайлар бар:

- ұлттық еңбек бөлінісі шеңберінде сақталған олардың арасындағы аумақтық-өндірістік байланыстар;

- аумақтың ортақ инфрақұрылымы (ресурстық, көлік, энергетикалық және т.б.);

- елдер дамуындағы ортақ проблемалар, оларды шешу кезінде өздерінің потенциалдарын нығайтуда маңызы бар;

- халықтар арасындағы дәстүрлі тарихи, мәдени, рухани, әлеуметтік және басқа да байланыстар.

Соңғы онжылдықтар ішінде орталықазиялық аймағының дамуы оның кеңістігіндегі бірқатар ыдырау процестерімен сипатталады. Біз КСРО кезінде қалыптасқан осы аумақтағы субъектілердің шаруашылық-экономикалық байланыстарын жою және оларды сыртқы нарықтарға қайта бағыттау туралы айтып отырмыз.

ОА елдерінің мол экономикалық және сауда әлеуеті бар, бірақ, елдердің жалпы тауар айналымындағы аймақішілік сауданың үлесі шамалы. Сонымен қатар, ұлттық экономикалардың өндіріс көлемі айтарлықтай ерекшеленеді. 2018 жылдан бастап, өңірішілік сауда 12%-ға өсті. Соңғы 5 жылда, Қазақстанның ОА елдерімен тауар айналымы 1,5 есеге артып, 4,6 млрд. доллар құрады. ЮНКТАД және ДБ деректері бойынша, бүгінде ОА-дағы өңірішілік тауар айналымы 6,5 млрд.долл., немесе бүкіл әлемдік сауданың 0,04% құрайды. Сарапшылардың бағалауы бойынша, ОА елдерінің өзара сауда үлесі елдердің жалпы тауар айналымының тек 9% ғана, бұл ОА елдері экономикаларының әлеуетіне және нарық сыйымдылығына (75 млн. адам) сәйкес келмейді. Бұдан басқа, Қазақстан Орталық Азия елдеріне экспорттық жеткізілімдерді 1 млрд. долл. дейін ұлғайта алады. ДБ бағалауы бойынша ОА-да көлік коммуникацияларын дамыту барлық елдердің ЖІӨ-нің 15% өсімін қамтамасыз етеді. ОА елдерінің ортақ мүдделерін негізге ала отырып, дамудың осы кезеңінде өзара сауданы жандандыруға және оның құрылымын жақсартуға, жеткізілетін тауарлар

номенклатурасын кеңейтуге баса назар аударған маңызды. Мұның бәрі ел экономикасында жүйелі өзгерістер жүргізуді талап етеді.

ОА елдері арасындағы өзара сауданың салыстырмалы түрдегі аз көлемі осы саладағы қолда бар әлеуетті толық пайдаланбауымен шартталған. ОА елдерінің экономикалық әлеуетін іске қосуға мыналар себепші болады:

- қатысушы елдер экономикасының нақты секторына арналған инфрақұрылым құру;
- ОА елдеріне арналған сауда жағдайларын жақсарту;
- елдердің көлік-коммуникациялық жүйесін құру;
- инвестициялық климатты жақсарту және басқалары.

Мұның бәрі ОА елдерінің ұлттық мүдделерін ескере отырып, экономиканың әлеуетін оңтайлы, өзара қолайлы пайдалану үшін маңызды. 1-кестеде орталықазиялық аймақ елдерінің жалпы әлеуметтік-экономикалық сипаттамасы келтірілген:

1-кесте. ОА елдерінің әлеуметтік-экономикалық сипаттамалары.

| Көрсеткіштер | Қазақстан | Қырғызстан | Тәжікстан | Түркменстан | Өзбекстан |
|--|-----------|------------|-----------|---------------|---------------|
| Елдің ауданы, мың. км ² | 2725 | 198,5 | 142,1 | 451,2 | 447,4 |
| Ауданы бойынша әлемде алатын орны | 9 | 86 | 93 | 53 | 56 |
| Халқы, млн. адам. 2020 ж. | 18,75 | 6,59 | 9,53 | 6,03 | 34,23 |
| Халқы бойынша әлемде алатын орны | 65 | 111 | 94 | 116 | 42 |
| ЖІӨ, млрд. \$, 2020 ж. | 169,835 | 7,736 | 8,194 | 45,231 (2019) | 57,107 |
| Жан басына шаққанда ЖІӨ (\$ PPP), 2019 ж. | 8680 | 1,160 | 1,060 | 7,220 (2019) | 1,670 |
| Сауда көлемі (2019-2020 жж.) | 13 % | 19% | 0,8% | | 13,1% |
| Жан басына шаққанда ЖҰТ, АҚШ долл. (2017 ж.) | 8710 | 1100 | 1100 | 6670 | 2220 |
| Күтілетін өмір сүру ұзақтығы (2021) | 73,18 | 71,6 | 71,097 | 68,191 (2019) | 71,725 (2019) |

Ескерту. Кесте мына дереккөздердің мағлұматтары бойынша құрастырылған: Межгосударственный статистический комитет СНГ [Электр. ресурс]. Қолжетімдік режимі: <http://www.cisstat.com> (жүзінген күні – 23.08.2018ж.); ВВП на душу населения по странам мира. [Электр. ресурс]. Қолжетімдік режимі: <http://gtmarket.ru/ratings/rating-countries-gni/rating-countries-gni-info> (жүзінген күні – 2018 ж. 20 тамызы) <https://data.worldbank.org>; <https://economy.kz/ru>; https://www.inform.kz/ru/na-3-9-vyros-ob-em-proizvodstva-v-obrabatuyuschey-promyshlennosti-rk-v-2020-godu_a3757979; <http://www.stat.kg/ru/opendata/category/361/>; <https://tj.sputniknews.ru/20210127/tovarooborot-Tajikistan-2020-1032705786.html>; <https://www.aa.com.tr/ru>

1-кестеде көрсетілгендей, аймақтың үлкен аумағы және жеткілікті халқы бар. Қазақстан аумағы бойынша 9-орында, Өзбекстан халық саны бойынша көш бастап келеді – 34,2 млн. адам (әлемде 42-ші орын), жыл

сайынғы өсімі шамамен 700 мың адам құрайды. Түркменстан, Өзбекстан және Қазақстан аумағында әлемдік дәлелденген газ қорының 4%-дан астамы бар, бұл шамамен 8 трлн.м³. Перспективада газ экспортының көлемі өсетін болады. ОА елдерінің 30 жыл ішіндегі ЖІӨ өсу қарқынын талдау оңды ұзақ мерзімді трендін көрсетіп отыр. ДБ бағалауы бойынша, таяу перспективада ОА-да экономикалық өсім орта есеппен 2,7%-ды құрайды.

2-кесте. Орталық Азия елдерінің ресурстық және экспорттық потенциалы

| Ел | Экспорттық тауарлар* | Елдің ресурстық потенциалы | Гидро-энергет. ресурстар, млрд. кВт.-сағ./жыл | Мұнай қорлары, млн. т | Газ қорлары, млрд. м3 |
|--------------|--|---|---|-----------------------|-----------------------|
| Қазақстан | Мұнай және мұнай өнімдері, газ, уран өнімдері, мыс, ферроқорытпалар, темір кендері, бидай, ұн, мырыш | Мұнай, табиғи газ, уран, кендер, сирек кездесетін элементтер, жанар және бейметалл пайдалы қазбалары | 40,2 | 4000 | 6800 |
| Қырғыз-стан | Бейорганикалық химиялық заттектер, тоқыма, өңделмеген мақта, мыс және оның сынықтары, жеміс, эл.энергиясы, үрмебұршақ | Алтын, сынап, сүрме, сирек кездесетін металдар, гидроэнергетикалық потенциал | 142,5 | 5 | 6 |
| Түркмен-стан | Табиғи газ, мұнайлы битум, жағармайлар, мақта иірімжібі, эл.энергиясы, күкірт қышқылы, бидай | Мұнай, табиғи газ, күкірт, қорғасын, бром, йод, гранит, гипс, отқа төзімді саз, кварцты құм, гравий, мирабилит | 2 | 300 | 23000 |
| Тәжікстан | Алюминий и алюмин. бұйымдар, шитті мақта, жаңғақтар, жүзім, кептірілген жемістер, көкөністер мен тамыр жемістер, минералды және металды кендер, тоқыма, киім | Уран, күміс, алтын, асыл тастар, көмір, полиметалды кендер, сүрме, тас тұзы, гранит, мәрмәр, гидроэнергетикалық ресурстар | 527 | 2 (53**) | - (3000**) |
| Өзбекстан | Мұнай, мұнай өнімдері, табиғи газ, мақта-талшық, химиялық өнім және пластмасса, қара және түсті металдар, алтын, уран, азық-түлік тауарлары | Алтын, мұнай, табиғи газ, уран, көмір, мыс, мақта, сирек кездесетін металдар | 15 | 250 | 5900 |
| Жиыны | | | 726,7 | 4557 | 37706 |

| Ел | Экспорттық тауарлар* | Елдің ресурстық потенциалы | Гидро-энергет. ресурстар, млрд. кВт-сағ./жыл | Мұнай қорлары, млн. т | Газ қорлары, млрд. м3 |
|---|----------------------|----------------------------|--|-----------------------|-----------------------|
| Әлемде алатын орны | | | 8 | 11 | 2 |
| *Соңғы жылдардағы тауар экспортының бірінші ондығы. | | | | | |
| **Геологиялық барлау компанияларының бастапқы бағалауы бойынша; Дадабаева З.А., Кузьмина Е.М. Процессы регионализации в Центральной Азии: проблемы и противоречия: Ғылыми баяндама. – М.: Институт экономики РАН, 2014. – 55 б. | | | | | |

Ескерту – кесте осы дереккөздер негізінде құрастырылған: <https://www.bagsurb.ru/about/journal/ozhurnale/Soliev.pdf> А. Солиев. Потенциал стран Центральной Азии в экономической интеграции ШИОС.

2-кестеде көрсетілгендей, ОА елдерінің ресурстық әлеуеті өте зор. Өзбекстан, Қазақстан, Түркменстан негізінен көмірсутектерді экспорттайды, Қырғыз Республикасы мен Тәжікстан орасан зор гидроэнергетикалық әлеуетке ие. Уран және газ ресурстары бойынша аймақ әлемдегі көшбасшы орынға ие.



1-сурет. Орталықазиялық аймақтың қауіпсіздігі мен даму стратегиясының құрамдастары

Ескерту: Авторлар әзірлеген

Алайда, тұрақтылыққа, қауіпсіздікке және аймақтың тұрақты дамуына қол жеткізудің негізгі тәуекелдерін атауға болады: әлемдік шикізат нарықтарындағы конъюнктураға тәуелді экономиканың ресурстық-шикізаттық моделі; шикізатты бастапқы өңдеу басымдығы бар экономиканың ұтымсыз құрылымы; көлеңкелі экономика мен жұмыссыздықтың жоғары деңгейі, әлеуметтік проблемалар және т.б. Осындай жағдайларда ОА елдері үшін әлеуметтік-экономикалық дамудың жаңа оңтайлы модельдеріне қол жеткізе отырып, ұлттық экономикалардың негізгі секторлары (өнеркәсіптік, қаржылық, табиғи-ресурстық, көліктік-логистикалық, инфрақұрылым және басқалары) бойынша бірыңғай даму стратегиясын әзірлеу өзекті болып табылады.

Орталық Азия аймағы елдерінің қауіпсіздігі мен дамуының жалпы стратегиясы негізгі үш құрамдас бөліктің (ойыншылардың) іске қосылуын шарттайды (1-сурет).

ОА аймағында тұрақтылық пен қауіпсіздікке қол жеткізу үшін қатысушы елдердің жүйелі диалогы мен әрекеттерінің үйлесімділігі қажет. Сонымен қатар, Қазақстан тұрғысынан [12, 13, 14] келесі міндеттер шешілуі мүмкін:

- ОА барлық мемлекеттері мен халықтарының мүдделері үшін көпқырлы, өзара тиімді ынтымақтастық пен өзара сенімді тереңдету;

- елдер арасындағы сауданың өсімі, оның құрылымының жақсаруы, тауарлар-өнімдер-қызметтер номенклатурасының кеңеюі. Қазақстан Орталық Азия елдеріне экспорттық жеткізілімдерді 1 млрд.долл. дейін арттыруы мүмкін, аймақтың басқа елдерінде де резервтер бар;

- ОА көлік дәліздеріне интеграцияланған және сыртқы нарықтарға (ЕАЭО, ТМД және басқа елдер) тауарлар мен өнімдерді жеткізуді үйлестіру үшін көтерме-тарату және агро-логистикалық орталықтарды қамтитын бірыңғай тауар өткізу желісі форматында инфрақұрылым құру, сондай-ақ, ішкі нарықтарды отандық ауыл шаруашылығы өнімдерімен қамтамасыз ету;

- аймақтық экономиканың стратегиялық маңызды салаларына, ең алдымен, гидроэнергетика, өнеркәсіп, тау-кен саласы, ауыл шаруашылығы, көлік және коммуникация салаларындағы «зәкірлік» инвестициялық жобаларға инвестициялар тарту;

- ОА-да көлік коммуникацияларын дамыту бойынша өзара тиімді ынтымақтастықты кеңейту. ДБ бағалауы бойынша, ОА-да көлік коммуникацияларын дамыту елдердің ЖІӨ-нің 15% өсімін және басқаларын қамтамасыз ете алады.

Қорытындылар:

Орталықазиялық аймақ елдер интеграциясына кедергі болатын факторларды жойып, оны қамтамасыздандыру үшін, төмендегілерді қамтитын мемлекетаралық саясатты іске асыру қажет [15]:

• қауіпсіздік және өзара тиімді ынтымақтастық пен интеграциялық процестер басымдықтарына ғылыми негіздеме жасау;

• smart-мамандандыруды құру (жаңғырту және жаңа инновациялық өсім нүктелерін дамыту);

• интеграцияланған инфрақұрылымдық, телекоммуникациялық, цифрлық және басқа жүйелер мен платформаларды есепке ала отырып, ұлттық экожүйелерді жаңғыртатын мемлекетаралық жобаларды әзірлеп, іске асыру механизмдері негізінде аймақты дамыту бағдарламаларына қосу;

• аймақ дамуының біртұтас инвестициялық, ғылыми-технологиялық, құрылымдық, инфрақұрылымдық саясатын іске асыру;

• перспективадағы аймақтың инновациялық дамуының ұлтаралық институттарын дамыту және т.б.

Осылайша, ОА-дағы аймақтық экожүйенің барлық салаларында кооперациялық және интеграциялық байланыстар мен үйлестіру институттарын дамыту – ОА өңірінің экономикалық кеңістігін орнықты, тұрақты және қауіпсіз дамытудың негізі болып табылады.

Соңында, өңір мемлекеттерінің стратегиялық даму бағдарламаларын іске асыру кезінде, Орталық Азия кеңістігі қауіпсіздігінің басымдықтарын қалыптастырудың жан-жақты ойластырылған, сарабал бағыты қазіргі кезеңдегі және перспективадағы геосаяси шиеленістер мен тұрлаусыздықтың факторлары мен салдарын бағалауды ескере отырып, қатысушы елдердің негізгі субъектілерінің ұлттық мүдделерінің ризаласуын негіздейді.

Зерттеулерді қаржыландыру көзі

Мақала «Шығыс елдеріндегі ынтымақтастықты дамыту және өңірлік қауіпсіздік жүйесін қалыптастыру контексіндегі Қазақстанның сыртқы саясаты» (OR11465457) атты мақсатты қаржыландыру бағдарламасы аясында дайындалған.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Laumulin M., Aubakir A. European union and Central Asia: new horizons for enhanced cooperation // Central Asia's AFFAIRS 1/2021. – 35-43 pp.; Лаумулин М.Т. Центральная Азия в эпоху трансформации. – Нур-Султан, 2020: КИСИ при Президенте РК, 2020. – 464 б.
2. Внешняя политика центральноазиатских стран и новые глобальные трансформации. Аналитическое исследование / Дуйсен Г.М., Айтжанова Д.А., Джалилов З.Г. – Алматы, 2020. – 92 б.
3. Центральная Азия 2027: меняющийся стратегический ландшафт. Вероятные сценарии на десять лет вперед / Т.Т. Шаймергенов, М.М. Абишева. – Астана: Библиотека Первого Президента РК – Елбасы, 2017. – 33-бет.

4. Е. Карин. Дилеммы безопасности Центральной Азии. Февраль 2017. – 34 б.
5. Д. Сатпаев. Центральная Азия: риски, вызовы и возможности // URL:https://forbes.kz/process/expertise/tsentralnaya_aziya_riski_vyzovyi_i_vozmojnosti/ 12 апреля 2019 (қаралған күні: 05.03.2022)
6. Страны Центральной Азии во время пандемии COVID-19 в 2020 году: взгляд из Казахстана // *Central Asia's Affairs* 2/2021. – 7-20 pp.
7. COVID-19 в странах Центральной Азии: последствия и ответные политические меры // URL: www.oecd.com от 4 июня 2020 года
8. Бисенбаев А. Национальные интересы и внешняя политика // Мысль, 2020. - № 2. – с. 6-12; Перспективы регионального экономического сотрудничества в Центральной Азии. «CAA Network». Ю. Юсупов // URL:<http://inozpress.kg/news/view/id/53300> 14.09.2018 (қаралған күні: 08.01.2022)
9. Контуры внешней политики Республики Казахстан и стран Центральной Азии: многовекторность и безопасность. Коллективная монография / Под ред. Дуйсена Г.М. - Алматы: Издательство «Дайк-Пресс», 2020. – 372 б.
10. Отчет о научно-исследовательской работе по теме: Многовекторность и безопасность внешней политики Республики Казахстан и стран Центральной Азии. № госрегистрации 0118РК01079. – Алматы, 2019. – 60 б.
11. Отчет о научно-исследовательской работе по теме: Многовекторность и безопасность внешней политики Республики Казахстан и стран Центральной Азии. № госрегистрации 0118РК01079. – Алматы, 2018. – 53 б.
12. Единство народа и системные реформы – прочная основа процветания страны. Послание Главы государства К. Токаева народу Казахстана // URL: <https://www.akorda.kz/ru/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-183048> (қаралған күні: 25.04.2022)
13. Притчин С. Центральная Азия и глобальный международный контекст. - М.: Валдай, 2017 // URL: <http://ru.valdaiclub.com>; Сопряжение ЕАЭС и ИПП: проблемы и перспективы. Аналитическая записка РСМД и Китайской академии общественных наук. – 2020. – №29. – 15 б.
14. Опубликован полный текст выступления Президента РК на Консультативной встрече глав государств ЦА // URL:https://www.inform.kz/ru/opublikovan-polnyy-tekst-vystupleniya-prezidenta-rk-na-konsul-tativnoy-vstreche-glav-gosudarstv-ca_a3820940 6 Августа 2021 (қаралған күні: 25.04.2022)
15. Экономический взгляд на сотрудничество Казахстана и стран Востока: анализ и перспективы (в порядке постановки и решения проблем) / под ред. Г.М. Дуйсена. – Алматы: Институт востоковедения им. Р.Б. Сулейменова, 2021. – 208 б.

REFERENCES:

1. Laumulin M., Aubakir A. European union and Central Asia: new horizons for enhanced cooperation // *Central Asia's AFFAIRS* 1/2021. – 35-43 pp.; Laumulin M.T. *Tsentral'naya Aziya v ehpokhu transformatsii*. – Nur-Sultan, 2020: KISI pri Prezidente RK, 2020. – 464 p.
2. *Vneshnyaya politika tsentral'noaziatskikh stran i novye global'nye transformatsii Analiticheskoe issledovanie*. [Foreign Policy of the Central Asian Countries and New Global Transformations. Analytical research] / Duisen G.M., Aitzhanova D.A., Dzhaliilov Z.G. – Almaty, 2020. – 92 p.
3. *Tsentral'naya Aziya 2027: menyayushchiysya strategicheskii landshaft. Veroyatnye stszenarii na desyat' let vpered* [Central Asia 2027: A Changing Strategic Landscape. Probable scenarios for ten years ahead] / T.T. Shaimergenov, M.M.

- Abisheva. – Astana: Biblioteka Pervogo Prezidenta RK – Elbasy, 2017. – P. 33.
4. Karin E. Dilemmy bezopasnosti Tsentral'noi Azii [Security Dilemmas in Central Asia]. February 2017. – 34 p.
5. Satpaev. Tsentral'naya Aziya: riski, vyzovy i vozmozhnosti [Central Asia: risks, challenges and opportunities] //URL:https://forbes.kz/process/expertise/tsentralnaya_aziya_riski_vyzovy_i_vozmozhnosti/ 12 aprelya 2019 D. (accessed: 5.03.2022)
6. Strany Tsentral'noi Azii vo vremya pandemii COVID-19 v 2020 godu: vzglyad iz Kazakhstana [Central Asian Countries during the COVID-19 Pandemic in 2020: a view from Kazakhstan] // Central Asia's AFFAIRS 2/2021. – 7-20 pp.
7. COVID-19 v stranakh Tsentral'noi Azii: posledstviya i otvetnye politicheskie mery [COVID-19 in Central Asia: Implications and Policy Responses] // URL: www.oecd.com/ot4/iyunya2020 goda (accessed: 5.02.2022)
8. Bisenbaev A. Natsional'nye interesy i vneshnyaya politika [National interests and foreign policy] // Mysl', 2020. - №2. – pp. 6-12; URL: <http://inozpress.kg/news/view/id/53300> Perspektivy regional'nogo ehkonomicheskogo sotrudnichestva v Tsentral'noi Azii. [Prospects for Regional Economic Cooperation in Central Asia] «CAA Network». YU. Yusupov. 14.09.2018 (accessed: 17.01.2022)
9. Kontury vneshnei politiki Respubliki Kazakhstan i stran Tsentral'noi Azii: mnogovektornost' i bezopasnost'. [Foreign Policy Outlines of the Republic of Kazakhstan and Central Asian countries: multi-vector and security]. Kollektivnaya monografiya / Pod red. Duisena G.M. - Almaty: Izdatel'stvo «Daik-PresS», 2020. – 372 p.
10. Otchet o nauchno-issledovatel'skoi rabote po teme: Mnogovektornost' i bezopasnost' vneshnei politiki Respubliki Kazakhstan i stran Tsentral'noi Azii. [Multi-vector and Security of the Foreign Policy of the Republic of Kazakhstan and Central Asian countries. Research report]. № gosregistratsii 0118RK01079. – Almaty, 2019. – 60 p.
11. Otchet o nauchno-issledovatel'skoi rabote po teme: Mnogovektornost' i bezopasnost' vneshnei politiki Respubliki Kazakhstan i stran Tsentral'noi Azii. [Multi-vector and Security of the Foreign Policy of the Republic of Kazakhstan and Central Asian countries. Research report]. № gosregistratsii 0118RK01079. – Almaty, 2018. – 53 p.
12. Edinstvo naroda i sistemnye reformy – prochnaya osnova protsvetaniya strany. Poslanie Glavy gosudarstva K. Tokaeva narodu Kazakhstana [Unity of the People and Systemic Reforms are a Solid Foundation for the Nation's Prosperity. State of the Nation Address by President of the Republic of Kazakhstan Kassym-Jomart Tokayev]. URL: <https://www.akorda.kz/ru/poslanie-glavy-gosudarstva-kassym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-183048> (accessed: 25.04.2022)
13. Pritchins S. Tsentral'naya Aziya i global'nyi mezhdunarodnyi kontekst. [Central Asia and the Global International Context].- M.: Valdai, 2017 / URL: <http://ru.valdaiclub.com>; Sopryazhenie EAEHS i IPP: obshchestvennykh nauk. Analiticheskaya zapiska RSMD i Kitaiskoi akademii obshchestvennykh nauk. [Coupling of the EAEU and the OBOR: Problems and Prospects. Policy Brief by RIAC and the Chinese Academy of Social Sciences]. – 2020. – №29. – 15 p.
14. Opublikovan polnyi tekst vystupleniya Prezidenta RK na Konsul'tativnoi vstreche glav gosudarstv TSA [Full text of the speech of the President of the Republic of Kazakhstan at the Consultative Meeting of the Heads of State of Central Asia]. URL: https://www.inform.kz/ru/opublikovan-polnyy-tekst-vystupleniya-prezidenta-rk-na-konsul-tativnoy-vstreche-glav-gosudarstv-ca_a3820940 6 Avgusta 2021 (accessed: 25.04.2022)
15. Ehkonomicheskii vzglyad na sotrudnichestvo Kazakhstana i stran Vostoka: analiz i perspektivy (v poryadke postanovki i resheniya problem) [Economic view on cooperation between Kazakhstan and the East countries: Analysis and Perspectives (in order of posing and solving problems)] / pod red. G.M. Duisena. – Almaty: Institut vostokovedeniya im. R.B. Suleimenova, 2021. – 208 p.

Бауыржан Серікбаев¹, Ерболат Сергазин²

¹Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті,
«Саясаттану» мамандығының 2-курс докторанты
(Нұр-Сұлтан, Қазақстан)
e-mail: sayasat.kz86@mail.ru

²Л.Н.Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті,
«Саясаттану» кафедрасының доценті, PhD
(Нұр-Сұлтан, Қазақстан)
e-mail: sergazin1958@mail.ru

**ҚАЗАҚСТАН МЕН АҚШ ПРАЙМЕРИЗІНДЕГІ ҰҚСАСТЫҚТАР
МЕН АЙЫРМАШЫЛЫҚТАР**

Аңдатпа. Бүгінгі таңда партияларға деген халықтың сенімін арттыру өзекті мәселе. Мұның бір жолы партияшілік іріктеу жолдарын жетілдіру. Бұл мақалада Қазақстан мен Америка Құрама Штаттарының праймериздері қарастырылып, ішкі партиялық сайлауды одан әрі дамыту, елімізде партияларды саяси институт ретінде қалыптастыру, олардың өзара бәсекелестігін арттыру бойынша зерттеу жүргізілген. Салыстырмалы әрі сандық зерттеу тәсілдері қолданылған.

Партияшілік бәсекелестіктің бір көрсеткіші праймериз. 2020 жылы «Аманат» партиясы елімізде праймериз өткізу туралы шешім қабылдады. Бұл процесс тек қана партия мүшелері ғана дауыс бере алатын аралас форматта өтті.

Мақалада алдағы уақытта елімізде партияларды саяси институт ретінде қалыптастыру үшін праймериздің ролі мен маңыздылығына, АҚШ-тың тарихи тәжірибесіне, тақырыптың бүгінгі зерттелу деңгейіне ғылыми тұрғыда сараптама жасалды.

Түйін сөздер: Қазақстан, АҚШ, праймериз, маслихат, партия, саясат, реформа.

Бауыржан Серікбаев, Ерболат Сергазин
СХОДСТВА И РАЗЛИЧИЯ В ПРАЙМЕРИЗЕ КАЗАХСТАНА И
США

Аннотация. На сегодняшний день повышение доверия населения к партиям является актуальным вопросом. Один из путей совершенствования внутрипартийного отбора. В данной статье рассмотрены праймериз Казахстана и Соединенных Штатов Америки, проведено исследование по дальнейшему развитию внутрипартийных выборов, формированию партий в стране как политического института, повышению их взаимной конкуренции. Применены сравнительные и количественные методы исследования.

Одним из показателей внутрипартийной конкуренции является праймериз. В 2020 году партия «Аманат» приняла решение о проведении праймериз в стране. Этот процесс проходил в смешанном формате, за который могли проголосовать только члены партии.

В статье проведен научный анализ роли и значимости праймериз для дальнейшего формирования партий в стране как политического института, исторического опыта США, современного уровня изученности темы.

Ключевые слова: *Казахстан, США, праймериз, маслихат, партия, политика, реформа.*

Bauyrzhan Serikbayev, Erbolat Sergazin

SIMILARITIES AND DIFFERENCES IN THE PRIMERS OF KAZAKHSTAN AND THE UNITED STATES

Abstract. Today, increasing public confidence in the parties is an urgent issue. One of the ways to do this is to improve intra-party selection. This article examines the primaries of Kazakhstan and the United States of America, conducted a study on the further development of internal party elections, the formation of parties as political institutions in the country, and increasing their competitiveness among themselves. Comparative and quantitative research methods were used.

One of the indicators of intra-party competition is primaries. In 2020, the «Amanat» party decided to hold primaries in our country. This process took place in a mixed format, where only party members could vote.

The article provides a scientific analysis of the role and importance of primaries for the further formation of parties as political institutions in the country, the historical experience of the United States, and the current level of study of the topic.

Key words: *Kazakhstan, USA, primaries, maslikhat, party, politics, reform.*

Кіріспе

2022 жылғы 16 наурыздағы Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың халыққа арнаған жолдауында саяси партияларға қатысты екі маңызды өзгерістер жасалды. Біріншісі – саяси партияларды тіркеу саны 20 мыңнан 5 мыңға төмендетілді. Екіншісі – Парламент Мәжілісі 70% пропорционалдық, 30% мажоритарлық жүйе бойынша сайланатын болды.

Мемлекет басшысы өз жолдауында «Партияларды тіркеу ресімі едәуір жеңілдейді. Тіркеу шегін 4 есеге – 20 мыңнан 5 мың адамға азайтқан жөн. Өңірлердегі өкілдер саны 600-ден 200 адамға төмендетіледі. Партия құру үшін азаматтардың бастамашыл тобының ең төменгі саны үштен бірге, яғни 1000-нан 700 адамға азаяды. Сондай-ақ, құрылтай съезін өткізуге және филиалдарды құруға берілетін уақыт көбейеді. Бұл мәселелерді либералдандыру еліміздегі саяси кеңістікті дамыту үдерісін едәуір жандандырады. Өз сайлаушыларының қордаланған проблемаларын сауатты жеткізіп, тиімді шешуге қабілетті жаңа партиялар пайда болады» деп еліміздегі реформалардың бағыт-бағдарын айқындап берді [1].

Мемлекет басшысы қолға алған бұл реформалар елімізді демократиялық дамуға бастайтын жол. Алдағы уақытта жаңа саяси партиялар құрылып, қазіргі бар партиялармен бәсекеге түсіп, саяси аренада бәсекелестіктің қызатыны анық.

Өркениетті елдерде партиялар арасындағы саяси бәсекені арттырудың бір жолы ретінде праймериз процесі танылады. Праймериз дегеніміз партияшілік іріктеу. Көп жағдайда праймериз президент сайлауымен байланыстырылады. Бірақ, Европа мен АҚШ-та президент, Парламент, тіпті губернатор сайлауы қарсаңында да партия электораты атынан эффективті жұмыс істей алатын кандидатты анықтау технологиясы, яғни праймериз кең қолданылады.

АҚШ-та праймериз ең алғаш 1842 жылы өтті. Праймеризді міндетті түрде өткізу қажет деп 1903 жылы заң жүзінде бекіткен алғашқы штат Висконсин болды. 1927 жылдан бастап АҚШ-тың барлық штатында праймериз заң жүзінде бекітілді. Праймериздің екі түрі бар. Ашық түрі – ел азаматтарының барлығы дауыс бере алады. Жабық түрі – тек қана партия мүшелері дауыс береді. Праймериздің ашық түрі кең таралған штаттар Вермонт, Висконсин, Миннесота, Солтүстік Дакота, Юта, Аляска және Гавай аралдары. Айова, Невада, Индиана сынды 11 штатта праймериздің орнына партия конференциялары (кокустар) өткізіледі. Өзге штаттарда негізінен жабық праймериз кең қолданылады.

2020 жылы «Amanat» партиясы елімізде праймериз өткізу туралы шешім қабылдады. Бұл саяси дода партияшілік праймериз ретінде өтіп,

тек қана партия мүшелері ғана дауыс бере алатын аралас форматта өтті. Праймериз арқылы еліміздегі мәслихаттар мен Парламент депутаттарының құрамы жаңарды. Мысалы, елімізде 216 әртүрлі деңгейдегі мәслихаттар жұмыс істейді. Ондағы жастардың үлесі 2020 жылы праймериз өткенге дейін 2% құраған. Ал, республика бойынша халықтың үлесінде жастар 25% құрайды. Праймериз арқылы партия жастарға 20%, әйел азаматтарға 30% квота бөлді. Бұл әртүрлі деңгейдегі 216 мәслихат депутаттары мен Мәжілісті жаңартуға септігін тигізді.

Зерттеу жұмысының әдіс-тәсілдері

Мақалада салыстырмалы және сандық зерттеу әдіс-тәсілдері мен праймериз қорытындысы бойынша «Amanat» партиясының статистикалық мәліметтері қолданылды.

Жеке зерттеу элементі ретінде праймериздің өтуімен, кандидаттардың үгіт-насихат жұмыстарының барысымен танысу, сайлауалды бағдарламаларды сараптау мен халық тарапынан көтерілген сұрақтарға талдау жүргізілді. Праймериз мұндай кең масштабта Қазақстанда бірінші рет өтіп отырғандықтан негізінен еліміздегі праймериздің қорытындысы-на, баспасөз беттерінде жарияланған эксперттердің талдауларына сараптама жасалды.

Тақырыптың зерттелу деңгейі

Америкалық зерттеуші Алан Уэйрдің пайымдауынша АҚШ-тың «Шығыс пен батыс штаттар арасында праймериз өткізуінде айтарлықтай айырмашылық бар. Мысалы, адам, қаржы ресурстары кез-келген сайлауда жетістікке жету үшін өте маңызды факторлар. Тікелей праймериз өткізу кезінде шығыс штаттарында, қазіргі партиялық элиталар осы ресурстардың көп бөлігіне бақылауды жалғастыра отырып кандидаттары жеңіске жетіп отыр» [2].

Сонымен қатар, У.Бенойт «Бастапқы шешім: президенттік праймериздегі пікір-сайысты функционалды талдау» атты еңбегінде 1948 жылдан бастап 2000 жылға дейінгі праймериз пікір-сайыстарына ғылыми сараптама жасаған [3]. АҚШ-та президент, Конгресс, губернатор сайлауы кезіндегі кандидаттар арасында өтетін пікір-сайыстар халық назарын аударған қызықты процестердің бірі. Осы пікір-сайыстардың барысында сайлаушылар әр кандидаттың бағдарламасы, ішкі және сыртқы саясаттағы бағыт-бағдары жайлы нақты сұрақтарына жауап алып, дауыс беретін тұлғаларын таңдауға тікелей әсер етеді.

Праймериз тақырыбында зерттеуші ғалымдар, саясаттанушылар Ресейде де көптеп кездеседі. Көрші Ресей мемлекетінде праймериз 2000 жылдардың басында басталды. Ресей ғалымы, заң ғылымының

докторы Н.Э. Шишкина праймериздің анықтамасын былай береді: «Праймериз» - бұл бастапқы немесе алдын-ала сайлау. Бірақ бұл Парламенттік, президенттік және тағы да басқа арнайы сайлау туралы емес, бұл жағдайда «сайлау» сөзі белгілі бір шешім сайлаушылардың дауыс беру арқылы жасырын ерік білдіруі негізінде қабылданатынын білдіреді. Негізінен, «праймериз» - бұл саяси партиялардың сайланбалы лауазымға кандидаттарды ұсыну кезеңі, кандидаттарды іріктеу процесіне қарапайым сайлаушылардың кеңінен тартылуымен сипатталады» [4]. Бүгінгі таңда Ресейде праймеризді кең көлемде өткізетін партиялардың қатарына «Единая Россия» партиясы жатады.

Ресейлік ғалым В.А. Бородин өз еңбегінде АҚШ праймеризінің ерекшелігін ашып көрсетеді: «Президенттік «праймериз» түрлерінің алуан түрлілігін келесі факторлармен түсіндіруге болады. Біріншіден, белгілі бір штатта қабылданған «праймериздің» түрі осы штаттың саяси дамуының ерекшеліктерін көрсетеді. Мысалы, Коннектикут штатында дәстүрлі түрде «демократиялық штат» деп саналатын жабық «праймериз» жүйесі дамыды. Демократиялық партияның тіркелген мүшелері, айталық 1960-1970 жылдары Республикалық партия мүшелерінен әлдеқайда көп болды, тиісінше демократиялық президенттік праймеризде республикашылардың праймеризіне қарағанда көбірек сайлаушылар қатысты. Республикашылар бастапқы сайлау арқылы осы штаттағы жақтастарының санын көбейте алмады, өйткені жабық праймериз жүйесі тәуелсіз сайлаушыларға сайлауға қатысуға мүмкіндік бермейді. Осылайша, «демократтар штатында» демократтарға пайдалы және республикашылардың сайлау базасының дамуына кедергі келтіретін бастапқы сайлау жүйесі қалыптасты» [5].

Европалық Джулия Сандри, Антонелла Саддоне мен Фульвио Вентурино сынды ғалымдар «Party Primaries in Comparative Perspective» атты еңбектерінде Европа елдеріндегі праймериздің өту барысын зерттеп, терең ғылыми-сараптамалық баға беріп өткен [6].

Негізгі бөлім

2020 жылы Қазақстанда өткен алғашқы кең көлемді праймериз барысында әр кандидат өзі түсетін ауыл, аудан, қала мен облыстағы өзекті мәселелерді көтерді. Республиканың әрбір өңірінде мәселелер әртүрлі екені анықталды. Праймеризге қатысқан кандидаттар қоғамнан көтерілуі тиіс 20 мыңға жуық сұрақтарды жинақтады. Өз бағдарламаларын жариялап, үгіт-насихат жұмыстарымен елдің алдына шығып саяси бәсекеге түсті. Өзара пікір-сайыстарға шығып, бәсекелестерімен саяси додада кім мықты екенін анықтады.

Қазақстанда праймеризге тіркелу 17-28 тамыз аралығында болды. Еліміз

бойынша 10 мыңнан астам азамат праймеризге қатысуға өз кандидатурасын ұсынды. Бүкіл республика региондарын қамтыған праймеризде кандидаттар арасында саяси дебат, өз бағдарламаларын таныстыру, идеялар бәсекесі сынды саяси тартыс технологиясының түрлері қолданылды. Жастар арасындағы саяси бәсеке жоғары деңгейде өтті.

1-кесте. Праймериз хронологиясы [7].

| Күні | Болған оқиға |
|----------------------|---|
| 2 маусым 2020 жыл | «Amanat» партиясының Төрағасы Нұрсұлтан Назарбаев 2020 жылғы 17 тамыз бен 3 қазан аралығында партияшілік іріктеу өткізу туралы қаулыға қол қойды |
| 5 маусым 2020 жыл | Праймериз өткізу ережесі жарияланды |
| 16 маусым 2020 жыл | Праймериз қатысушыларын онлайн оқыту басталды |
| 17 маусым 2020 жыл | Жақтастар лигасы құрылды |
| 27 шілде 2020 жыл | Саяси кеңес «Онлайн дауыс беру» ережесін бекітті |
| 17 тамыз 2020 жыл | Праймеризге қатысушыларды тіркеу басталды |
| 18 тамыз 2020 жыл | Байқаушыларға арналған нұсқаулық қабылданды |
| 20 тамыз 2020 жыл | Праймериз өткізу кезіндегі сақталуы тиіс арнайы санитарлық-эпидемиологиялық талаптар енгізілді |
| 29 тамыз 2020 жыл | 10 990 кандидат тіркелді. Олардың 37% астамы әйелдер, 29% жастар |
| 7 қыркүйек 2020 жыл | Үгіт-насихат басталды. Кандидаттар 1,4 миллион адамды қамти отырып, 60 мыңнан астам кездесу өткізді |
| 7 қыркүйек 2020 жыл | 216 сайлауалды бағдарламаның жобалары жарияланды. 20 мыңнан астам ұсыныс пен талап-тілектер жиналды |
| 10 қыркүйек 2020 жыл | «Jas Otan» ЖҚ-ның 216 өңірлік Жол картасының жобалары жарияланды |
| 11 қыркүйек 2020 жыл | Партияға жаңа мүшелерді қабылдау тоқтатылды |
| 1 қазан 2020 жыл | Онлайн дауыс беру басталды |
| 3 қазан 2020 жыл | Сайлау учаскелерінде дауыс беру басталды |
| 4 қазан 2020 жыл | Онлайн дауыс беру аяқталды |
| 4 қазан 2020 жыл | Партиялық бақылау комитеті дауыс беруде айла-шарғыға және бұрмалау фактілеріне жол бергені, пікірсайысқа қатысудан бас тартқаны және басқа да келеңсіз әрекеттері үшін бірнеше кандидатты праймеризден шеттетті |
| 5 қазан 2020 жыл | Дауыс беру қорытындысы бойынша қатысқандар саны 662 687 (84,2%) адамды құрады |
| 7 қазан 2020 жыл | primaries.kz сайтында кандидаттардың қорытынды рейтингі, сондай-ақ әйелдер мен жастар арасынан түскен кандидаттардың рейтингі жарияланды |
| 8 қазан 2020 жыл | Фиалиал басшылары праймериз қорытындысы бойынша кандидаттармен кездесулер өткізді. Алғы хаттар табысталды |

Қазақстандағы праймериздің өту кезеңін негізгі 4 кезеңге жатқызуға болады:

Бірінші кезең, 17-28 тамыз аралағындағы кандидаттарды тіркеу кезеңі.
Екінші кезең, 7-30 қыркүйек аралығындағы үгіт-насихат кезеңі. Оның ішінде 14-30 қыркүйек аралығында пікір-сайыстар өтті.

Үшінші кезең, «Amanat» партиясы праймеризіне қатысушыларға дауыс беру 1-3 қазан аралығында орын алды.

Төртінші кезең, «Amanat» партиясы жиынында сайлауға партия атынан түсетін кандидаттардың партиялық тізімін бекіту аралығы.

2-кесте. Праймериз хронологиясы [7].

| № | Аймақтар | Бюллетень және онлайн бойынша дауыс берген партия мүшелерінің саны | % |
|------------------|----------------------------|---|--------------|
| 1 | Нұр-Сұлтан | 26111 | 65,7% |
| 2 | Алматы | 43008 | 73,2% |
| 3 | Шымкент | 29414 | 83,6% |
| 4 | Ақмола облысы | 33896 | 91,4% |
| 5 | Ақтөбе облысы | 26836 | 86,9% |
| 6 | Алматы облысы | 77089 | 94,2% |
| 7 | Атырау облысы | 22549 | 94,4% |
| 8 | Шығыс Қазақстан облысы | 45221 | 88,7% |
| 9 | Жамбыл облысы | 47415 | 88,8% |
| 10 | Батыс Қазақстан облысы | 22903 | 85,0% |
| 11 | Қарағанды облысы | 58117 | 66,7% |
| 12 | Қостанай облысы | 38609 | 85,5% |
| 13 | Қызылорда облысы | 39394 | 90,1% |
| 14 | Маңғыстау облысы | 14203 | 77,9% |
| 15 | Павлодар облысы | 38960 | 82,8% |
| 16 | Солтүстік Қазақстан облысы | 25989 | 91,2% |
| 17 | Түркістан облысы | 72973 | 93,2% |
| Қорытынды | | 662 687 | 84,2% |

Қорытынды мәліметтерге сүйенсек барлығы 662 687 партия мүшелері дауыс беруге қатысқан. Бұл ақпараттық жүйеде тіркелген партия мүшелерінің 84,2%. Сайлаушылардың басым бөлігі 581 104 азамат онлайн дауыс берген. 81 583 азамат дәстүрлі дауыс беруді таңдап сайлау учаскелеріне келген.

Праймериз қорытындысына сәйкес елдегі мәслихаттардағы «Amanat» партиясы депутаттарының құрамы 65% жаңарған. Осы арқылы партия жастар мен жаңа тұлғалардың жергілікті өкілдік органға келуіне жол ашып, еліміз бойынша 1 миллион 400 мың адамды қамтыған кешенді іс-шаралар іске асқан. Қатысушылар арасында пікірсайыстардың өтуі халықтың саяси мәдениетінің артуына ықпал етті деуге негіз бар.

3-кесте. Праймериздің негізгі қорытындылары [8].

| № п/п | Көрсеткіштер атауы | Үлесі % |
|-------|-------------------------------------|----------------|
| | Жалпы депутаттық орын саны | 3350 |
| 1. | Қатысушылар саны | 10 990 |
| 2. | Өзін-өзі ұсынушылар | 7143 |
| | Жынысына қарай: | Үлесі % |
| 3. | Әйел азаматтар | 36% |
| | Жасына қарай | |
| 4. | 35 жасқа дейін | 29% |
| | Сапалық құрамы | Үлесі % |
| 5. | Білім және ғылым саласының өкілдері | 31% |
| 6. | Шағын және орта бизнес | 14% |
| 7. | Мәдениет және спорт | 7,8% |
| 8. | Өнеркәсіп саласы | 4,6% |
| 9. | Қызмет көрсету саласы | 7,1% |
| 10. | Ауыл шаруашылығы | 6,2% |

Кестеден көріп отырғанымыздай кандидаттар құрамында мәдениет, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, қызмет көрсету, білім және ғылым саласы сынды түрлі бағыттарды қамтыған ел азаматтары кандидат ретінде тіркелді.

Қатысушылар қатарында 35 жасқа дейінгі жастардың үлесі 29% құрады. Әйел азаматтардың үлесі 36%. Жастардың белсенділігі, жергілікті жердегі мәселелерді шешуге деген талпынысы байқалды. Бұл процесі тәуелсіздік жылдарында жаңа буын өсіп-жетілгендігінің, қоғамдық саяси мәдениеттің өскендігінің көрсеткіші деп бағалауға болады.

4-кесте. Праймериз кезінде атқарылған іс-шаралар [8].

| Атқарылған іс-шаралар нәтижесі | |
|--|--------------|
| Республика бойынша өткен пікірсайыстар саны | 1 980 |
| Үгіт-насихат кезеңінде өткен іс-шара мен жарияланымдар саны | 123 656 |
| Әлеуметтік желілердегі жарияланымдар саны | 60 846 (49%) |
| Республикалық және өңірлік БАҚ-та жарық көрген материалдар саны | 4 113 |
| Халық арасында өткен үгіт-насихат пен кездесулер барысында талқыланған сайлауалды бағдарламалар саны | 216 |

Пікірсайыста көтерілген мәселелердің ішінде ауыларалық жолдардың сапасы, мектеп, мәдениет үйін күрделі жөндеуден өткізу, жұмыссыздықтың алдын алу шараларын қабылдау сынды тақырыптар көтеріліп, әр кандидат

мәселені шешудің өзіндік бағыттарын ұсынды. Тындаушылар тарапынан сұрақтар қойылып, кандидаттар өз бағдарламасына сай жауаптарын берді.

Халықты алаңдататын мәселелердің қатарында негізгі сұрақтар әлеуметтік салаға қатысты екенін атап өткен жөн. Оның ішінде жалақының аздығы, баспана мәселесі, көпбалалы аналар мен тұрмысы төмен отбасылардың жағдайы елді толғандырған мәселелердің қатарында.

Қазақстан мен АҚШ праймеризінің айырмашылығы

Ең біріншіден, АҚШ-та праймериз өткізу тарихи дәстүр ретінде қалыптасып, ұзақ уақыттық тәжірибеден келіп шықса, Қазақстанда кең көлемде алғашқы праймериз 2020 жылы іске асты.

Екінші айырмашылық, АҚШ-та праймериз өткізуге деген қажеттілік 1920 жылдары арта түсті. Оның басты себебі партия атынан жоғары лауазымға баратын кандидаттарды бекіту басқарушы элита тарапынан іске асатын. Бұл партия мүшелерінің қарсылығын тудырып, азаматтардың саяси элитаның әділетті жолмен билікке келуіне деген сұранысын арттырды.

Қазақстан жағдайында праймериз өткізуге деген қажеттілікті «Аманат» партиясы өзі ұсынып, белсенділерді жаңа саяси технологияда бақ сынауға шақырды. Оның басты себептері қатарына төмендегі факторлар жатады:

1. Саяси партияның қоғам алдындағы легитимділігін арттыру.
2. «Аманат» партиясы атынан түсетін кандидаттарды таңдау.
3. Сайлау компаниясын бәсекелі әрі жаңа форматта өткізу.
4. Партия атынан түсетін кандидаттардың сапалық құрамын көтеру, жаңа жақтастар табу.

Үшінші ерекшелік, АҚШ-та праймериз биліктің барлық тармақтарын сайлау кезінде өтсе, Қазақстанда бұл әзірге Парламент сайлауы науқанында ғана қолданылды. Президент сайлауында кандидаттар партия съезінде ұсынылады. Мысалы 2019 жылғы президент сайлауында әр партия өз кандидаттарын партия съезінде халыққа жариялады.

Төртінші ерекшелік, АҚШ-та ашық және жабық праймериз штатқа байланысты қатар өтеді. Қазақстанда аралас форматтағы праймериз өтті. Ол бойынша кез-келген азамат партияға мүше болу арқылы өз кандидатурасын ұсына алады әрі дауыс беру мүмкіндігіне ие.

Бесіншіден, АҚШ-та праймериз партия тарапынан емес, штаттар тарапынан ұйымдастырылады. Әр штат праймеризді өткізу ережелерін өздері бекітеді. Қазақстанда праймериз партия тарапынан ұйымдастырылып, ережелері де партия тарапынан жазылды.

Алтыншыдан, АҚШ-та праймериз жеңімпаздары автоматты түрде партия атынан кандидат атанса, Қазақстанда соңғы шешім партия жиынында қабылданды.

Жетінші айырмашылық Қазақстанда сайлаушылар өздеріне ұнаған бірнеше кандидаттарға дауыс бере алды.

Ұсыныстар мен қорытынды бөлім

Қазақстан Республикасының президенті Қасым-Жомарт Тоқаев бүгінгі таңда елімізде демократиялық реоформаларды кеңінен іске асыруда. Бұл партия саласына да қатысты. Мемлекет басшысы алдағы уақытта партия төрағалығынан кететінін және облыс, аудан әкімдері мен олардың орынбасарлары партия филиалдарының төрағасы болмайтынын білдірді. 2022 жылғы 16 наурыздағы Қазақстан халқына арнаған өз жолдауында президент «Барлық өкілеттікті бір қолға шоғырландырған орталықтағы жағдай аймақтарда да қайталанатынын көріп отырмыз. Сол себепті әкімдер мен олардың орынбасарларына партия филиалдарында да лауазым иеленуге заң жүзінде тыйым салу керек. Мұндай шешімдер көпжүзді партиялық жүйе қалыптастыруға мүмкіндік береді» деп атап өтті [1].

Бұл процестер мен өзгерістер Жаңа Қазақстанда партиялар арасындағы бәсекелестікті арттырып, барлығына тең мүмкіндіктер береді. Қазіргі бар бес саяси партияға қосымша жаңа партиялардың құрылып, электораттың даусы мен сенімін алу үшін жаңа шарттарда өзара бәсекеге түсетінін болжауға болады. Осы саяси процестер барысында партиялар праймериз сынды партияішілік іріктеудің әлемдік тәжірибесін де кеңінен қолданады деп сенеміз.

2020 жылы өткен праймеризде электронды дауыс беру барысында техникалық қиындықтар болды. Азаматтардың дауыс беруі барысында бағдарламаның жұмыс істеуінде ақаулар кездесті. Алдағы өтуі мүмкін праймериздерде осы олқылықтың орнын толтырып, өткен тәжірибе негізінде қорытынды шығарылады деп сенеміз.

АҚШ-та праймеризде дауыс берудің ашық форматы жақсы жолға қойылған. Қазақстан саяси партияларына да праймериздің ашық форматын өткізуіне толық мүмкіндік бар деп есептеуге болады. 2020 жылы өткен праймериз халықтың мұндай қызықты саяси технологияларға дайын екенін көрсетеді.

Жаңа Қазақстанда партиялардың мемлекеттік мүдде мен қоғамның күн тәртібіндегі сұраныстарын жоғары қойып, елдікті сақтап, мемлекет дамуының тарихи сабақтастығын қалыптастыра отырып, Қазақстанның заманауи әрі эволюциялық дамуын одан әрмен жалғастыруы, саяси институт ретінде қалыптасып, халықтың мүддесінен шыға білуі өзекті.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы // URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyн-kazakstan-halkyna-zholdauy-1622340> (қаралған күні: 20.03.2022)
2. Alan Ware. The American direct primary. Party Institutionalization and Transformation in the North – Cambridge: Cambridge University Press, 2002 – 270 p.
3. William L. Benoit. The Primary Decision: A Functional Analysis of Debates in Presidential Primaries. – Westport: Praeger Publishers, 2002 – 152 p.
4. Шишкина Н.Э. «Праимериз» как предстидия избирательного процесса // Сибирский юридический вестник. – 2008. - №1. - 30-34 сс. (қаралған күні: 20.12.2021)
5. Бородин В.А. Первичные выборы в политической системе США: автореферат канд. полит. наук: 23.00.02. - Институт Соединенных Штатов Америки и Канады Российской академии наук. Москва, 2005г. – 28с.
6. Giulia Sandri, Antonella Seddone, Fulvio Venturino. Party Primaries in Comparative Perspective – Burlington: Ashgate Publishing Company, 2015 – 223 p.
7. «Аманат» партиясының ресми телеграм каналынан алынды. URL: <https://t.me/AMANATPartiyasy> (қаралған күні: 20.12.2021)
8. PRIMERIES-2020 қорытындысы: қандай заң бұзушылықтар болды URL:<https://strategy2050.kz/news/primeries-2020-orytyndysy-anday-za-b-zushyly-tar-boldy/> (қаралған күні: 25.12.2021)

REFERENCES:

1. «Zhana Qazaqstan: zhanaru men zhangyru zholy» Memleket basshysy Qasym-Zhomart Toqaevtyн Qazaqstan halkyna Zholdauy [Address of the President of Kazakhstan Kassym-Zhomart Tokayev to the People of Kazakhstan «New Kazakhstan: the Path of Renewal and Modernisation»
2. Alan Ware. The American direct primary. Party Institutionalization and Transformation in the North – Cambridge: Cambridge University Press, 2002 – 270 p.
3. William L. Benoit. The Primary Decision: A Functional Analysis of Debates in Presidential Primaries. – Westport: Praeger Publishers, 2002 – 152 p.
4. Shishkina N.E. «Praimeriz» kak predstadia izbiratel'nogo prosesa // Sibirski iuridicheski vestnik. – 2008. - №1. - 30-34 сс. (qaralghan kuni: 20.12.2021)
5. Borodin V.A. Pervichnye vybory v politicheskoi sisteme SSHA: avtofererat kand. polit. nauk: 23.00.02. - Institut Soedinennyh Ştatov Ameriki i Kanady Rosiskoi akademii nauk. Moskva, 2005g – 28s.
6. Giulia Sandri, Antonella Seddone, Fulvio Venturino. Party Primaries in Comparative Perspective – Burlington: Ashgate Publishing Company, 2015 – 223 p.
7. «Amanat» partiasynyn resmi telegram kanalynan alyndy [Taken from the official telegram channel of the «Amanat» party]. URL:<https://t.me/AMANATPartiyasy> (accessed: 20.12.2022)
8. PRIMERIES-2020 qorytyndysy: qandai zan buzushylyqtar boldy [Results of PRIMERIES-2020: what were the violations] // URL:<https://strategy2050.kz/news/primeries-2020-orytyndysy-anday-za-b-zushyly-tar-boldy/> (accessed: 25.12.2021)

Айгүл Амиржанова

*¹Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университетінің
«Саясаттану» мамандығының докторанты,
(Нұр-Сұлтан, Қазақстан)
e-mail: aigul_2010nur@mail.ru*

САЯСИ САЙЛАУ ПРОЦЕСІНДЕГІ ЖАҢА ДАУЫС БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТТАРЫ МЕН ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Аңдатпа. Қазақстан Республикасының әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіруіне ұмтылысы, 2010 жылы Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына (ЕҚЫҰ) төрағалық етуі, еліміздің дамуында қоғамды демократияландырудың жаңа үдерістері мен мемлекеттік басқарудың ашық механизмдерін іске қосуды қажет етіп отыр. Осының барлығы сайлау үдерістерінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың терең зерттелуін, сайлау іс-шараларын өткізуде жаңа технологияларды қолданудың халықаралық тәжірибесін анықтап, салыстыруды және Қазақстандағы цифрлық технологиялардың үздік элементтерін қолданудың қажеттілігі мен мүмкіндіктерінің жүзеге асуындағы ерекшеліктерді саралауды қажет етеді.

Мақалада цифрлық технологияларды пайдаланудың әлемдік тәжірибесіне ауқымды статистикалық және талдамалық зерттеулер жүргізілді. Атап айтқанда, цифрлық технологияларды пайдаланатын елдердің тізбесін айқындау, мемлекеттердің халық тығыздығы, білім деңгейі, аумақтық, табиғи климаттық, инфрақұрылымдық және т.б сияқты ерекшеліктерін ескере отырып, жаңа технологияларды пайдалану ерекшеліктеріне сүйене отыра елдердің топтары бойынша салыстырмалы талдау (ЭЫДҰ, Шығыс Еуропа және ТМД) жасалды.

Зерттеудің мақсаты сайлау процестерінде цифрлық технологияларды қолданудың халықаралық тәжірибесін талдаумен қатар елімізде цифрландырудың әлемдік үздік элементтерін қолданудың қажеттілігіне және мүмкіндіктеріне баға беру мен зерттеу жүргізу. Әлемде сайлау процесінде цифрландыру технологияларын қолдану бағыттарына сипаттама, электронды дауыс беру жүйесін қолданатын елдерге талдау жасау.

Зерттеудің міндеттері сайлау процестерінде цифрландырудың артықшылықтары мен кемшіліктерін, негізгі бағыттарын анықтау.

Түйін сөздер: *сайлау жүйесі, сайлау процесі, цифрландыру, электрондық демократия, электрондық үкімет*

Айгуль Амиржанова

МЕЖДУНАРОДНЫЕ СТАНДАРТЫ И ПРАВОВАЯ БАЗА НОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ ГОЛОСОВАНИЯ В ПОЛИТИЧЕСКОМ ИЗБИРАТЕЛЬНОМ ПРОЦЕССЕ

Аннотация. Стремление Республики Казахстан войти в число 50-ти конкурентоспособных стран мира, председательство в Организации по безопасности и сотрудничеству в Европе (ОБСЕ) в 2010 году, обусловили необходимость запуска в развитии страны новых процессов демократизации общества и прозрачных механизмов государственного управления. Все это требует глубокого изучения информационно-коммуникационных технологий в избирательном процессе, выявления и сопоставления международного опыта применения новых технологий в проведении избирательных мероприятий и дифференциации особенностей реализации необходимости и возможностей применения лучших элементов цифровых технологий в Казахстане.

В статье проведены масштабные статистические и аналитические исследования мирового опыта использования цифровых технологий. В частности, проведен сравнительный анализ по группам стран (ОЭСР, Восточная Европа и СНГ), исходя из особенностей использования новых технологий с учетом таких особенностей государств, как определение перечня стран, использующих цифровые технологии, плотность населения, уровень образования, территориальный, природно-климатический, инфраструктурный и др.

Цель исследования наряду с анализом международного опыта применения цифровых технологий в избирательных процессах провести исследование и оценку необходимости и возможностей применения лучших мировых элементов цифровизации в стране. Характеристика направлений применения технологий цифровизации в избирательном процессе в мире, анализ стран, использующих систему электронного голосования.

Задачей исследования является выявление преимуществ и недостатков, основных направлений цифровизации в избирательных процессах.

Ключевые слова: *избирательная система, избирательный процесс, цифровизация, электронная демократия, электронное правительство.*

Aigul Amirzhanova

INTERNATIONAL STANDARDS AND LEGAL FRAMEWORK FOR NEW VOTING TECHNOLOGIES IN THE ELECTORAL PROCESS

Abstract. The aspiration of the Republic of Kazakhstan to become one of the 50 most competitive countries in the world, the chairmanship in the Organization for Security and Cooperation in Europe (OSCE) in 2010 caused the need to launch new processes of democratization of society and transparent mechanisms of governance in the development of the country. All the mentioned factors requires a deep study of information and communication technologies in the electoral process, identifying and comparing international experience of applying new technologies in electoral events and differentiating the features of implementation of the need and opportunities for the best elements of digital technologies in Kazakhstan.

The article conducted extensive statistical and analytical studies of global experience in the use of digital technology. In particular, a comparative analysis by groups of countries (OECD, Eastern Europe and CIS), based on the peculiarities of the use of new technologies, taking into account such features of states as the definition of the list of countries using digital technology, population density, educational level, territorial, climatic, infrastructure peculiarities etc.

The purpose of the paper, along with an analysis of international experience in the application of digital technologies in electoral processes to study and evaluate the need and opportunities for the application of the world's best elements of digitalization in the country. Characteristics of the directions of application of digitalization technologies in the electoral process in the world, analysis of countries that use electronic voting system.

The objective of the study is to identify the advantages and disadvantages, the main directions of digitalization in electoral processes.

Keywords: *electoral system, electoral process, digitalization, e-democracy, e-government*

Кіріспе

Сайлау саласындағы технологияларды жетілдіру - мұқият талқылау мен жоспарлауды талап ететін күрделі жоба болып табылады. Электронды дауыс беруді енгізу жаңғыртудың күрделі түрлерінің бірі болып табылады, себебі аталған технология сайлау процесінің негізгі элементі – дауыс беру және дауыстарды санауды қамтиды. Электрондық дауыс беру тікелей бақылау мен сайлау процесіне адамның әсер етуін айтарлықтай азайтады. Сәйкесінше, электрондық дауыс беру бүгінде бірқатар сыни пікірлер мен

қарсы көзқарастар тудырып отыр және сайлау процесінде кез келген басқа ақпараттық технологияларды қолдануға қарағанда даулы мәселеге айналды. Кез келген дауыс беру жүйесі, атап айтсақ, дәстүрлі дауыс беру немесе электрондық дауыс беру талап етілетін қауіпсіздікті қанағаттандыруы тиіс. Қатысу құқығы, әділдік, құпиялылық, тексеру процедураларының дұрыс жүргізілуі және мәжбүрлеуге қарсы тұрудың тұрақтылығы маңызды сипаттамалар болып табылады.

Ғылыми зерттеудің әдістемесі

Талдау барысында қауіп-қатерлер мен шабуылдардың сипаты, әсер ету принциптері, қолданылатын қазіргі заманғы модельдер, цифрлық техниканы қорғау және сайлау процесінің технологиялары мен құралдары зерттелді. Анықталған қауіп-қатерлер мен шабуыл түрлерінің тізбесіне сәйкес сайлау жүйесінде технологияны пайдалану кезінде ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің әлемдік тәжірибесіне талдамалық шолу жүргізіле отырып салыстырмалы талдау жасалды.

Негізгі бөлім

Қазіргі әлемдік сайлау кампанияларында цифрлық технологияларды қолданудың салыстырмалы талдауында «Digital» еңбегінің авторы Николас Негропonte, «Блокчейнді қолдайтын бағдарламалар: блокчейн жүйесін түсіну және оның қызметі» атты В.Диллон, Д.Меткалф, М.Купер авторларының еңбектері іргелі негіз болды. Отандық сайлау процестерін зерделеуге Э.Б.Мухамеджанов, Т.К.Биятова, Қ.Д.Жанпейісова мен В.А.Жексембекова және т.б. авторлардың ғылыми ізденістері қолданылды.

Сонымен қатар, А.Чеботарев, Т.Ю.Котлярова, А.О.Несмашный сияқты авторлардың еңбектеріндегі жаңа қолданбалы мүмкіндіктерді ашатын сайлау науқанының құралы цифрлық технологиялар туралы зерттеулер ерекше қызығушылық тудырады. Зерттеу жұмысында цифрлық сайлау технологияларын түсінудің үш тәсілі ұсынылады: интернеттік, технократтық, синтездік - бүгінгі таңда сайлау процесінде электоралды фандрайзинг, YouTube-позициялау технологиялары, волонтерлерді рекрутингтеу механизмдері, интеллектуалды талдау құралдары, электоралды динамиканы бақылау және жобалау сияқты технологиялардың маңызды екені атап өтілді.

Сайлау процесінің халықаралық стандарттары

Электрондық сайлау жүйесінің қысқаша анықтамасы - ақпараттық технологиялар мен желілерді және олардың бағдарламалық-аппараттық құралдарын үйлестіру, сайлауды дайындау мен өткізуде ақпараттық үдерістерді автоматтандыру. Заңнама электрондық сайлау жүйесінде

қолданылатын бағдарламалық және техникалық құралдарды міндетті сертификаттау талаптарын белгілейді.

Дауыс беру кезінде цифрландыруды енгізу мақсаты қауіпсіздікке, құпиялыққа немесе заң, құқықтық талаптарға нұқсан келтірмей дәстүрлі қағаз бюллетеньдерінің тиімділігін арттыру болып табылады. Мұндай құралдарды әзірлеу мен енгізу техникалық деңгейді арттыру ғана емес, сонымен қатар тиісті заңнамалық актілермен бекіту арқылы қолдануды талап етеді.

Қазіргі заманғы халықаралық сайлау стандарттары адам мен азаматтың сайлау құқығын ізгілендіру, сайлау процесін азаматтық қоғам мен оның институттарының әлеуметтік-мәдени ерекшеліктеріне барынша жақындату бағытында дамуда.

Сайлауда электрондық сайлау жүйесін пайдалану кезінде жол берілмейтін міндетті нұсқаулар [1]:

- Орталық сайлау комиссиясы белгілеген жүйелерді қоспағанда, басқа электрондық жүйелерді пайдалану;

- қоғамдық телекоммуникация желілеріне және электрондық сайлау жүйесінде пайдаланылмайтын басқа ақпараттық жүйелерге және байланыс желілеріне қосылу;

- электрондық дауыс беру, дауыстарды санау, сайлау қорытындылары туралы ақпаратты тарату кезінде рұқсатсыз араласу және бақылау.

Әлемдік және өңірлік стандарттар. Сайлау стандарттарының жалпы әлемдік және аймақтық деп аталатын екі түрі бар. Бірінші топ стандарттары көптеген елдерде қолданылса, екінші топтың стандарттары тек белгілі бір өңірлерде ғана қабылданып, қолданылады.

Әлемдік стандарттар негізінен БҰҰ аясында қабылданған құқықтық құралдар (шарттар мен декларациялар) болып табылады [2].

Аймақтық стандарттар - Африка Одағы, Америка мемлекеттерінің ұйымы, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы, Еуропа Кеңесі, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы (ЕҚЫҰ) сияқты өңірлік ұйымдар қабылдаған құқықтық құжаттар. Бұл стандарттар аталған ұйымдарға мүше елдеріне ғана қатысты. Өңірлік келісімдер негізінде адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау туралы конвенцияны басшылыққа алатын өңірлік ұйымдар (мысалы, Еуропа Кеңесі, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйым және т.б.) құрылды. Оның барлық ережелері Еуропа Кеңесіне мүше елдердің азаматтары үшін Конвенцияның №1 хаттамасының 3-бабына сәйкес сайлау құқығын жүзеге асыруда мүше елдердің заң шығарушы билік органдарын таңдау кезінде халықтың еркін ерік білдіруін қамтамасыз ететін жасырын дауыс беру жолымен ақылға қонымды кезең

аралығында еркін сайлау өткізуге міндеттейтін сайлау құқықтарын іске асыру маңызды болып табылады.


Яғни Еуропа Кеңесіне мүше мемлекеттерге Министрлер комитетінің электрондық дауыс берудің құқықтық, ұйымдастырушылық және техникалық стандарттары туралы ұсынымдар ғана емес, сонымен қатар дауыс берудің жаңа технологияларын (ЕҚЫҰ ДИАҚБ, Варшава, 2013 жылғы 1 қазан) пайдалануды қадағалау жөніндегі нұсқауды әзірлеу туралы болып отыр [3].

Сайлаушылардың бірыңғай электронды тізімі түрлі ақауларға төзімді әрі мәліметтер қоймасы бар, сайлаушыларды тіркеуді есепке алу жиынтығы негіз бола алатын мәліметтер жиынтығы болуы шарт. Әр сайлаушының оның туған күні және аты-жөні көрсетілген күрделі ЖСН кілті болуы керек [4]. Сонымен қатар, жүйеде қайталанатын жазбаларды анықтау үшін сайлаушыларды кездейсоқ жеке деңгейлерден іздей алу мүмкіндігі болуы керек. Мұндай тексеруді жүйелі түрде немесе тізімге өзгерістер енгізілген кезде автоматтандырылған бағдарламалық құрылғы коды арқылы жүргізіп отыру керек, осылайша әрбір азаматтың сайлаушылар тізіміндегі жазбасы бір рет тексеріліп отырады. Әр сайлаушының жазбасында оның сайлау учаскесінің нөмірі көрсетіледі.

Мемлекеттік орган электрондық порталында, сайлау немесе е-үкіметтің порталын ұйымдастыру кезінде сайлаушылардың тізімдеріне өзі туралы ақпаратты тексеруге және қажет болса шағымдануға, тізімге қосуға немесе тізімнен алып тастау құқығы бар электрондық сайлаушылар тізіміне қол жеткізуді қамтамасыз етуі керек.

Сайлаушылар өміріндегі өзгерістер (азаматтығының өзгеруі) сайлаушылардың бірыңғай тізімінде көрсетілуге тиіс. Мысалы, егер адам тұрғылықты жерін ауыстырса, ол басқа сайлау учаскесінде дауыс беруі мүмкін. Бұл оның мәліметтерінің бір бөлігін және/немесе мекенжайы бар жазбаны өзгерту қажеттілігін білдіреді. Сайлаушылар туралы мәліметтер мен жазбалардағы тиісті тізімдер жаңартылып отыруы керек. Осыған байланысты тізімге енгізілген өзгертулердің функционалдығы мен регламентін енгізу қажет. Заңнамада сайлаушылардың бірыңғай электрондық тізіміне тіркеу мәліметтерін жаңарту туралы өтінішімен электрондық өтінішті қалай беру керектігі, өтініштерді беру тәртібі қандай және олар қандай мерзімде берілуі мүмкін екендігі нақты анықталуы керек. Сайлау процесіне қатысушылардың мүмкіндіктері 1-суретте көрсетілген.


ТАЖ



1-сурет. Сайлау процесіне қатысушылардың мүмкіндіктері

Электрондық дауыс беру технологиялары негізінде дауыс беруді және дауыстарды санаудың мүмкін әдістерінің келесі түрі **оптикалық сканерленген қағаз бюллетеньдер мен электронды жәшіктер** [5]. Бұл схеманың қолданылуы 1.2 - суретте көрсетілген. Қағаз бюллетеньдері тікелей сайлау учаскелерінде оптикалық сканерлеу арқылы тексеріліп, саналады. Дауыс беру аяқталғаннан кейін аспаптар бюллетеньдерді анықтайды және есептейді, дауыстарды санау нәтижелерін басып шығарады және жібереді. Мәліметтер электрондық түрде САЖ серверлеріне жіберіледі, ал қағаз бюллетендер сайттар жабылғаннан кейін орталықтандырылған электрондық есептеу машиналарында қайта тексеріліп, қайта есептеледі.

Биометриялық сәйкестендіруден өту үшін сайлаушы сайлау учаскесіне келіп, тексеру жүргізілген мекеме яғни тексеру терезесіне келіп, Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігін ұсынуы керек. Айта кететін жәйт, 2018 жылғы 12 желтоқсаннан бастап Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларының халыққа қызмет көрсету орталықтарында саусақ іздерін қолдана отырып биометриялық сәйкестендіру жобасы басталды [11]. Сипатталған жобада жеке куәлік немесе биометриялық мәліметтер арқылы тек бір факторлы тексеру қолданылады. Бірақ сайлау кезінде жеке куәліктерді де, биометриялық мәліметтерді де қолдана отырып екі факторлы сәйкестендіруді қолдану ұсынылады.



2-сурет. Сәйлаушыны биометриялық сәйкестендіру схемасы

Қолданушының түпнұсқалығын растау ҚР ҰТО атынан сенім білдірілген үшінші тарап арқылы жүзеге асырылады. Электрондық үкімет порталы қызметтері арқылы сәйлаушылар тізімдерін құру және тіркеуге қажетті мәліметтерді алу туралы мәселені қарау кезінде кейбір сәйлаушылардың мәліметтері уақыт өте келе өзгеруі мүмкін екенін ескеру қажет.

Сәйлаушы тексеру процесінен өткеннен кейін, дауыс беру технологиясының екеуінің бірін немесе комбинациясын – тікелей жазылған машиналарды және белгілер/символдарды оптикалық тану машиналарын қолдануына болады.

Сәйлау процесінің құқықтық негіздері

Сәйлау барысында 1948 жылғы Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясында және 1966 жылғы Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіде бекітілген құқықтар жүзеге асырылады. Аталған құжаттар Халықаралық құқық нормалары иерархиясында үстемдікті иеленуге мүмкіндік берген демократиялық және еркін сәйлауды ұйымдастыру мен өткізудің әмбебап халықаралық-құқықтық қағидаттары мен нормаларын белгілеп, жалпыға бірдей мойындалып танылған.

Бұл құжаттарда әр азаматтың «жалпыға бірдей және тең сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы өткізілетін және сайлаушылардың ерік-жігерін еркін білдіруін қамтамасыз ететін әділ әрі мерзімді сайлауда дауыс беру және сайлану» құқығы жарияланады. Мемлекеттік билік тең сайлау құқығы мен жасырын дауыс беру принциптеріне сәйкес өткізілетін, әділ мерзімді сайлауларда көрініс тапқан халықтың ерік-жігерінің көрінісі [6].

Сайлау туралы заңнаманың ұлттық модельдері мен халықаралық сайлау стандарттары, заң үстемдігімен бекітілген демократиялық және еркін сайлау өткізу тәжірибесінің жиынтығы әлемдік демократиялық және құқықтық құндылықтардың бірі болып табылады.

Сайлауды халықаралық бақылаудың негізгі міндеті сайлау барысында дауыс берудің жаңа технологияларын пайдалануды қалай реттейтінін түсіну болып табылады. Бұл үшін сайлауды реттейтін Конституцияның, заңдардың және нормативтік құқықтық актілердің ережелерін мұқият талдау қажет. Сондай-ақ, жаңа технологияларды пайдаланумен тікелей байланысы бар бұрынғы сот істері мен сот тәжірибелеріне, мәліметтерді қорғау сияқты басқа заңдарға шолу қажет болуы мүмкін.

төртінші топ – әлеуметтік-психологиялық конфликтогенді факторлар. М. Дюверже «Саясатқа кіріспе» (1964) атты еңбегінде саяси конфликттің әр түрлі формаларын зерттей келе, биологиялық, психологиялық, демографиялық, географиялық, әлеуметтік-экономикалық және мәдени факторларды қарастырады. [4] Конфликттің алғышарты ретінде келесідей факторларды ұсынады [5]:

- ұйымдастырушылық сипаттағы факторлар: басқарушы және қызметкер арасындағы мәселелер;

- конфликттің құндылықтар факторы: түрлі топтардың сенімдері мен жүріс-тұрыс нормаларының бұзылуы.

Сонымен қатар, ұйымдастырушылық конфликтогенді факторлар мемлекет пен азаматтық қоғам институттары арасындағы қатынастың амбиваленттілігі мен олардың қызметтерінің әртүрлілігімен сипатталады. [6]. Мемлекеттің иерархиялық, орталықтанған басқару құрылымына қарағанда, азаматтық қоғамға екіжақты коммуникация тән. Мемлекет пен азаматтық қоғам институттарының қатынасының сапасы, түрі және бағыты ассиметриялық сипатқа ие, екеуінің арасындағы конфликт функционалды және дисфункционалды бағытта болуы мүмкін. Азаматтық қоғам демократиялық елдің дамуының бір көрсеткіші ретінде, мемлекеттік деңгейдегі сұрақтарға азаматтық қоғам өкілдерінің белсенді қатысуы оның дамуының бір көрсеткіштерінің бірі болып табылады.

Конфликт пен оған әсер етуші факторларды ғалымдар ғана емес, халықаралық ұйымдар да қатар зерттеп, белгілі бір мәселені шешуде өз әдістемелерін дамытты. Мысалы, Дүниежүзілік Банктің конфликтті жағдайдағы және пост-конфликттік кезеңдегі елдерге арналған Conflict Analysis Framework (№1 кесте) тұжырымдамасы аса маңызға ие, себебі осы зерттеуге сәйкес конфликт талдауын конфликтіге әсер ететін 6 фактор бойынша жүргізуге мүмкіндік береді [7].

1-кесте. Дүниежүзілік Банктің Conflict Analysis Framework бойынша конфликт талдауын жүргізетін факторлар мен айнымалылар [7].

| № | Факторлар | Айнымалылар категориялары |
|---|---------------------------------------|---|
| 1 | Әлеуметтік және этникалық қатынастар | 1.Әлеуметтік және экономикалық айырмашылықтар; 2.Этникалық бөлінушілік; 3.Аймақтық айырмашылықтар; 4. Әр түрлі әлеуметтік мүмкіндіктер; 5.Әлеуметтік капиталдан асу; 6.Топтық бірегейлікті қалыптастыру; 7.Сенімсіз ақпарат тарату 8. Зорлық-зомбылық мәдениеті немесе дәстүрі |
| 2 | Билік және саяси институттар | 1.Басқару және саяси институттар; 2.Саяси институттардың тұрақтылығы; 3.Заң теңдігі, үстемдігі; 4.Мемлекет пен азаматтар арасындағы байланыс. |
| 3 | Адам құқы және қауіпсіздік | 1.БАҚ-тың рөлі және сөз еркіндігі; 2.Адам құқық жағдайы, статусы; 3.Қоғамның милитаризациялануы; 4.Азаматтардың қауіпсіздігі. |
| 4 | Экономикалық құрылым мен жүзеге асыру | 1.Экономикалық өсім; 2.Табыс айырмашылықтары; 3.Жан басына шаққандағы табыстың өзгерісі; 4.Инфляция трендтері; 5. Сыртқы қарыз мэнеджменті; 6.Негізгі тұтынушылық тауарларға тәуелділік; 7.Жұмыспен қамту және өндірістік ресурстарға қол жетімділік; 8.Конфликтті себепті кедейлік. |
| 5 | Қоршаған орта және табиғи ресурстар | 1.Табиғи ресурстарға қолжетімділігі; 2.Табиғи ресурстарға (оның ішінде, жерге) қол жетімділік; 3.Табиғи ресурстарға қатысты мемлекет ішілік және шекаралық бәсекелестік. |
| 6 | Сыртқы факторлар | 1.Аймақтық конфликтілер; 2.Ұқсас топтардың мемлекет сыртындағы рөлі; 3.Диаспоралардың рөлі. |

Ескерте: автормен құрастырған

Кенес Одағы сияқты алып, көпұлтты империяның құлауы сөзсіз саяси тұрақсыздық пен конфликт әлеуетінің жоғырылауына алып келді. Осыдан 30 жыл бұрын Орта Азияның бес мемлекеті тәуелсіздік алып, халықаралық қатынастардың жаңа акторларына айналды. Орта Азия елдерінің географиялық орналасуы, шығысында Қытай, солтүстігінде Ресей, оңтүстігінде Ауғанстан тарапынан қауіптер әлеуетінің жоғары болуы, сонымен қатар демократиялық бағыт алған елдер ретіндегі ерекшелігі бұл аймаққа деген зерттеушілердің ғылыми қызығушылықтарын туғызады. Егер марксизм бағытының өкілдері революцияны қоғамның табиғи даму үрдісі әрі маңызды кезеңі ретінде қарастырса, басқа ғалымдар мұндай өзгерістердің қоғамға керісінше зиян екендігін алға тартады.

Отандық ғалымдар қатарынан, академик Л.А. Байделдинов әр жылдары шығарған «Дағдарыстық және конфликтілік жағдайлар» (1993) [8] және «Дағдарыстық және конфликтілік саяси жағдайлар және оларды алдын-алу жолдары» (1994) [8, 29] еңбектерін, сонымен қатар алғашқы конфликт зерттеу мәселесімен айналысқан, белгілі журналист-ғалымдардың бірі Л.С. Ахметованың «Журналист және конфликтология негіздері» (1999) [9], «Конфликтология және конфликт: ұғымдарға анықтама» (2003) [10] және сол жылы жарық көрген «Конфликтология» оқу құралы отандық конфликтологияның маңызды еңбектеріне жатады. Конфликтті жан-жақты зерттеуде келесі отандық ғалымдардың диссертациялық жұмыстарын атасақ болады: Исмуханова Г. Г. [11], Акимбеков С. М. [12], Насимова Г. О. [13], Сенгирбай М. Ж. [14], Шакиров С. Е. [15].

Р. Дарендорф, қоғамның конфликтілі моделінің авторы, қоғам дамуы революциялық емес, эволюциялық жолмен жүргенін жақтайды әрі әлеуметтік конфликттерді реттеу басым барлық конфликт түрлерінің зорлық-зомбылық деңгейін азайтудың бірден-бір жолы [16]. Конфликттер оларды реттегеннен ғайып болмайды, олар бірден қарқындылығын азайтпайды, алайда реттеу арқылы басқара алу мүмкіндігіне ие болып, әлеуметтік құрылымдардың дамуына ықпалын тигізеді [16, 145].

Бұрынғы одақ елдерінде орын алған Шығыс Еуропадағы бархыт революциялары, раушан революциясы Грузияда, қызғылт-сары революциясы Украинада және қызғалдақ ревоюциясы Қырғызстанда орын алды. Революция, бұл конфликтінің эскалациясы және ең шекті формасы болып есептеледі. Бұл конфликттер бір мезетте немесе себеп-салдарсыз пайда болмады, ол ұзақ уақыт бойы басылу мен бақылаудың нәтижесінде өмір сүрді. Алайда, Кеңес Одағының ыдырауы конфликт әлеуетінің өсуіне алып келгені анық. Автор өз жұмысында конфликттің пайда болуына немесе оның алдын-алуына әсер еткен факторларды Қазақстанның мысалында зерттейді. Жалпы факторлардың өзін ішкі факторлар және сыртқы факторлар деп бөлуге болады. Бұл жұмыста ішкі факторлар қарастырылады. Конфликтінің пайда болуы мен оны реттеу жолдарының тұжырымдық шеңберін айқындау үшін теориялық жағын әдебиеттерді шолу арқылы жүзеге асырылды.

Революция теорияларын зерттеуші ғалымдар, Theorizing Revolutions [17] атты кітабында, көпжақты себеп-салдарлық тәсілді ұстанады. Осы тұста біздің зерттеудің ғылыми сұрағына сәйкес келеді: әр белгілі бір оқиғаны түсіну үшін қандай себеп немесе себептер жиынтығы әсер етті? Жоғарыда атап өткендей, конфликтті зерттеуде сыртқы және ішкі факторлар қарастырылады, алайда бұл факторлардың арақатынасы қандай және қандай деңгейде деген сұрақ туындайды. Д. Форан неге

кейбір революциялар сәтті, ал кейбір сәтсіз аяқталады деген сұраққа бес факторлардың арақытынасы әсер ететіндігін алға тартады. Соның ішінде, 1) тәуелді даму; (2) репрессиялық, эксклюзивті, жеке басқа, тұлғаға табынатын билік; (3) «тиімді және күшті оппозиция саяси мәдениетін әзірлеу»; (4) экономикалық құлдырау мен (5) дүниежүзілік жүйенің ашылуы (сыртқы бақылауды тоқтату) [17, 222]. Тәуелді даму жағдайында мемлекетте даму мен теріс салдарлары инфляция, қарыз бен теңсіздіктің өсуі қатар жүруі мүмкін. Бұл үрдіс, өз кезегінде халықтың әртүрлі секторындағы әлеуметтік және экономикалық наразылықтарға алып келуі мүмкін. Келесі фактор, репрессиялық, эксклюзивті, жеке басқа, тұлғаға табынатын билік тұсында төменгі және орта топтың күшін басу, сонымен қатар экономикалық элитаның саяси қатысуын шектеумен сипатталады және мемлекет мен азаматтық қоғам арасында конфликтілік жағдайдың ушығуы да орын алуы мүмкін. Мұндай билік көп жағдай да тәуелді даму жолына түсіп, төменнен басталған әлеуметтік қозғалыстарға жол ашуы ықтимал. Д. Форан өз зерттеулерінде «тиімді және күшті оппозиция саяси мәдениетін әзірлеу» атты ұғымды енгізеді. Бұл факторға сәйкес, алдыңғы екі фактордан туындаған наразылықтарын білдіру үшін, топтар мен таптар өз күштері мен коалиция құра алатындай деңгейге жетуі керек. Бұл мәдениеттің қаншалықты деңгейде әртүрлі қоғам сегменттерін біріктіре алатынына байланысты, конфликттің шекті формасы революцияның сәтті не сәтсіз болуы туралы айтуға болады. Келесі төртінші және бесінші факторлар өзара байланысты, себебі экономикалық құлдырауы көптеген «сәтті жағдайлардың» негізгі себебі болып табылады. Егер, экономикалық құлдырау жүйенің ашылуымен, яғни сыртқы күштердің басымдыққа ие болуымен де байланысты болуы мүмкін. Осы аталған бес факторлардың өзара байланысы, мысалға Мексика, Куба, Никарагуа және Иранда өткен революцияның пайда болуы ықтималдығын жоғарылатады [17, 224].

Ғалымдар бұрынғы КСРО елдерінде конфликттердің туындауы мен жүруіне факторлардың кең шеңбері әсер етеді деп есептейді. Дж. Хьюз және Г. Сасс бұрынғы кеңес елдеріндегі конфликттер туралы зерттеулерінде, жалпы саны 14 факторларды жіктейді. Бұл факторлардың қатарына - этникалық конфликттерден қалған тарихи мұралары мен естеліктері, халықаралық жағдайлар, демографиялық және қоныстану ерекшеліктері, әлеуметтік біртектілік (homogeneity) және бөлінушіліктің дәрежесі, география, өтпелі кезеңнің саяси экономикасы, институттық инженерия, әскери/қауіпсіздік күштерінің рөлі, элита мен кең таралған түсініктер және олардың қолданылуы, мәдени жақындық немесе айырмашылық сынды факторлар жатады [18]. Бұрынғы Одақ елдерінде өткен наразылықтар мен «түсті» революциялар Орта Азия елдерінде демократиялық революциялар

орын алу ықтималдығы туралы зерттеулерді алға қою назарға алына бастады. М. Кац Орта Азияда революцияның қандай түрі орын алуы мүмкін деген сұрақты зерттей келе, экс-коммунистік авторитарлық билік, демократиялық революция және ислам революциясы аймақта орын алуы мүмкін деген қорытындыға келеді [19].

Профессор Г. Хэйл «25 Years After the USSR: What's Gone Wrong?» атты мақаласында Еуразиядағы мемлекеттердің демократиялық дамуындағы басты мәселелерді зерттеп, оның негізгі себебі ретінде тарихи мұра болып қалған патронализм және президенттік билікті (патрональды президенттік) атайды [20]. Алайда, Г. Хэйл Еуразиядағы авторитаризмді Қытай мен Сауд Арабиясымен салыстыру керек еместігін, оның соншалықты қатыгез еместігін мойындайды. Посткеңестік аумақтағы демократизация тенденциясына келер болсақ, Freedom House мәліметі бойынша, консолидацияланған авторитарлық режим ретінде 100 балдық көрсеткіш ішінде: Түркменстан – 0, Әзербайжан – 1, Тәжікстан – 2, Өзбекстан – 4, Қазақстан – 5 және Қырғызстан – 14 орынды алып отыр [21]. Мұндай төмен көрсеткіштер, демократизация тенденцияларының әлсіз немесе төмен жүріп жатқандығының айқын көрінісі. Осы тұста, Г. Хэйл әлемнің басқа бөліктерінде жиі кездесетін патронаттық демократияның мүмкіндігін және экономикалық даму сәйкесінше демократияның дамуына алып келетін болжамды алға тартады. Экономикалық өркендеу әр уақытта мемлекет дамуының негізгі көрсеткіші болып қала береді, алайда экономикалық әл-ауқаттың жоғары деңгейін қамтамасыз етіп отыру барлық елдердің күн тәртібіндегі мәселе болып табылады. Аймақ елдері туындаған мәселелерді шешуде екіжақты мүддені таппағандықтан, сыртқы акторлармен ынтымақтасуға бет бұрып, Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы секілді ұйымдарға мүше болып отыр. Аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету барлық елдердің негізгі мақсаты болғанда ғана, бұл мәселелер шешімін таба алады. Оңтайлы келісімге келу қаншалықты дұрыс шешім болса, соның бағытында ашық саясат жүргізу де соншалықты маңызды болып келеді.

И.Хмелько және У.Перегида Украинадағы жаппай шерулерді, Еуромайданды зерттей отыра, ішкі саяси факторлар конфликтінің туындауына ғана емес, сонымен қатар эскалациясына алып келген деген қорытындыға келеді [22]. Елдегі қандай да бір конфликтті зерттегенде халықаралық (сыртқы) факторларды ескеру қажет, алайда ішкі факторларды зерттеу де аса маңызға ие. Аталған зерттеу жұмысында авторлар конфликттің туындауына не түрткі болды деген сұраққа, институционалдық факторлар, мемлекеттік саясат, үкіметтің құрылымы,

оппозиция, азаматтық қоғам топтары, жемқорлық, даулы мәселелердегі заң шығару қызметінің мерзімі ең шешуші факторлар болды.

Конфликтке себеп болатын факторлар әр елде әр түрлі болуы мүмкін. Алайда, жиі кездесетін себеп ретінде жұмыссыздықтың жоғары көрсеткіштері, соның ішінде жастар арасындағы жұмыссыздық, тең емес мүмкіндіктер мен шикізатқа негізделген өндіріс болуы мүмкін. Осы тұста қоғамның конфликттік моделі теориясының негізін салушы ғалымдар Р. Дарендорф [23], Л.Козер [24] өз еңбектерінде конфликтінің позитивті тұстары бар, әрі ол қоғамның дамуына ықпал етеді деп тұжырымдайды. Қоғамдағы пікірлер мен мүдделердің алуан түрлі болуы табиғи әрі заңды құбылыс, алайда осы айырмашылықтар қалай реттеледі және білдіріледі. М. Кац Одақ елдерінде үш түрлі сценарий орын алуы мүмкін деген болжам жасайды: авторитарлық биліктің жалғасуы, демократиялық революция және ислам революциясы. Қырғызстанды мысалға алсақ, «революция» бір емес, бірнеше рет орын алып, мемлекеттің дамуына орасан теріс ықпал тигізді. Егер конфликт бейбіт түрде шеру, наразылық ретінде өтсе оны саяси конфликт деп анықтаймыз, ал егер зорлық-зомбылық қатар жүрсе, мұндай конфликт деструктивті бағытқа ығысады. Мемлекеттегі әлеуметтік-экономикалық ахуал, жұмыссыздықтың жоғары көрсеткіші, ауыл мен қала деңгейінің алшақтығы, қымбатшылық конфликттің драйверлеріне айналады.

2-кесте. Жұмыспен қамтылған және жұмыссыз халық (Ұлттық статистикасы бюросының 2021 жылғы деректері бойынша құрастырылды) [25].

| | 2021 жылғы IV тоқсан ¹ | | |
|---------------------------------------|-----------------------------------|---------------------------------|----------------------------------|
| | мың адам | 2020 жылғы IV тоқсанға пайызбен | 2021 жылғы III тоқсанға пайызбен |
| Жұмыс күші | 9 262,3 | 100,7 | 100,0 |
| Жұмыспен қамтылған халық | 8 811,9 | 100,8 | 100,0 |
| Жұмыссыз халық | 450,4 | 99,4 | 99,9 |
| Жұмыс күші құрамына кірмейтін адамдар | 4 058,5 | 100,3 | 99,9 |

Конфликттердің барлығын алдын-алу мүмкін емес, бірақ оған себеп болған факторларға конструктивті жауап беру, зерттеу және басқару мүмкін. Осы тұрғыда, зорлық-зомбылықсыз конфликттерді алдын-алу шаралары, ең алдымен, конфликт деңгейі мен динамикасын анықтаудан және осы сипаттарына қарап іс-шаралар жиынтығын қолдану болып табылады. Неғұрлым мемлекеттік институттар ашық, уақытылы және икемді қызмет етсе, ал азаматтық қоғам институттары тәуелсіз, ашық

ұсыныстары мен пікірлерін білдіре алса конфликттер мен конфликт жағдайларды минимизациялау мүмкін.

И.Хмелько және У.Перегуданың Украинадағы жаппай шерулерге себеп болған институционалдық факторлардың конфликтогендік әлеуеті Қазақстанға да тән. Институционалдық факторлар қатарына: мемлекеттік саясат, үкіметтің құрылымы, оппозиция, азаматтық қоғам топтары, жемқорлық, заң шығарушы органдарының қызметінің деңгейі конфликтті жағдайлардың туындауына алып келеді. Институционалдық немесе ішкі саяси факторларды түсіну және зерттеу конфликтті басқаруға және эскалациясына жол бермеуге мүмкіндік береді. Орта Азия елдері, соның ішінде Қазақстан да мемлекеттілік ретінде қалыптасу (state formation) және ұлттық құрылыс (nation-building) үрдістерінен өтіп жатыр. Бұл үрдіс өз кезегінде, дамушы елдердегі билік транзиті, ұлттық бағдарламалар мен жобаларды жүзеге асыруда қоғамда белгілі дәрежеде әлеуметтік наразылық, шиеленіс тудыруы мүмкін. Саяси жүйенің, экономикалық және әлеуметтік институттардың өзгеруі де қоғамдағы әлеуметтік конфликттердің әлеуетін күшейтеді. Орта Азия елдеріндегі мемлекеттіліктің қалыптасуы және ұлттық құрылысы 1990 жылдардың аяғынан бастау алады. Р. Менон және Х. Спруттың ойынша, бұл үрдістердің кеш қалыптасуы Орта Азия қоғамдарының ішкі тұрақтылығына, олардың тұрғындарының экономикалық әл-ауқатына да және мемлекетаралық конфликттердің туындауына да әбден алып келуі мүмкін [26]. Сонымен қатар, географиялық орналасуы да конфликт әлеуетінің жоғарылығына әсер етеді. Орта Азиядағы Болжау 2021 [27] атты Ф.Эберт фонды, Бішкектегі ЕҚЫҰ Академиясы жүргізген соңғы зерттеу жұмысында 5 мемлекеттің алдыңғы 3 жылдағы саяси басымдықтарын зерттей келе келесідей қорытындыға келеді: Қырғызстан, Тәжікстан мен Түркіменстан бірінші кезекте режимнің тұрақтылығын, дәстүрлі құндылықтарды және үшінші кезекте ұлттық бірегейлікті қойса, ал Қазақстан мен Өзбекстан бұл тізімде ерекшеленіп, экономикалық реформаларды басымдыққа алып отыр. Жоғарыда атап өткендей, Орта Азия елдері, соның ішінде Қазақстан да мемлекеттіліктің қалыптасу үрдісінен өтіп жатыр, алайда халықты негізгі қызметтермен тиімді қамтамасыз етпеу, сыбайлас жемқорлық, басқаруда кеткен қателіктер қосылып келгенде наразылықтар мен конфликттердің әлеуетіне әсер етеді.

ҚР Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты қазақстандықтардың мемлекеттік органдардың қандай болғанын қалайтыны туралы әлеуметтік сауалнама нәтижелеріне сәйкес [28] респонденттердің 57,5% ең алдымен мемлекеттік орган жемқорлыққа ұшырамауы тиіс, сонымен қатар 42,2% шешімдер қабылдау кезінде

азаматтардың мұқтаждықтары мен қажеттіліктерін ескеруі тиіс, 41,3% респонденттер азаматтардың сауалдарына, шағымдары мен ұсыныстарына жедел көңіл аударғанын қалайды және 39,7%-ы халықтың ойынша ашық мемлекеттік орган нақты қолжетімді мемлекеттік орган болуы тиіс деп жауап берді. Мемлекеттілік пен ұлттық бірегейлікті қамтамасыз ету үшін Президент Қ.К. Тоқаев халыққа 2021 жылдың 1 қыркүйегіндегі жолдауында саяси жаңғырудың мақсаты ол – мемлекеттің тиімділігін, саяси үдерістің ашықтығы мен бәсекелестігін арттыру деп атап көрсетті [29]. Сонымен қатар, мемлекеттілікті нығайту еліміздің өзіне тән ерекшеліктеріне сай орындалуы қажет екенін нақты көрсетті. Президент ұсынған «тыңдайтын мемлекет» тұжырымдамасы, жергілікті басқарушы органдардан бастап, жоғарғы басқарушы органдарға дейін халықтың хал-жағдайы, ұсынысы пен пікірлері ашық, кедергісіз жете алуы керек.

Қорытынды

Конфликтті зерттеу қоғам мен тұтас мемлекеттің дамуы үшін қаншалықты маңызды болса, оны тиімді басқару жолдарын дамыту соншалықты маңызды болып табылады. Конфликтогендік әлеуетті минимизациялау тұрғысында «тиімді басқару» (good governance) халық пен азаматтық қоғам өкілдерімен ашық диалог құра алу мақсатын көздеуі қажет, себебі ұсыныстар мен пікірлер төменнен жоғары бағытта әрі қоғамдық талқылаудан өтсе конфликтілі жағдайларды басқаруға мүмкіндік туатын еді. Алайда, егер мемлекеттік институттар жоғарыдан төмен немесе вертикаль бағытында ғана жұмыс істесе, көпшіліктің ой-пікірі мен ұсыныстарына назар аудармаса, жауап бермесе, конфликттердің туындауының негізгі себебі болуы мүмкін. Конфликттердің барлығын алдын-алу мүмкін емес, бірақ оған себеп болған факторларға конструктивті жауап беру, зерттеу және басқару мүмкін. Конфликтті басқару тек мемлекет тарапынан ғана емес, азаматтық қоғам институттары тарапынан да белсенді азаматтық ұстанымын білдірсе, конфликттің конструктивті бағытта қоғамның дамуына ықпалын тигізеді.

Қоғамдағы наразылық көңіл-күй, шерулердің ұйымдастырылуының конфликттік әлеуеті басым, сондықтан мемлекет пен азаматтар арасында конфликттілік жағдайды алдын-алатын және оңтайлы реттейтін механизмдердің тиімді қызмет атқаруына аса назар аудару қажет. Жаһандық пандемия салдары, әрі қоғамның әлеуметтік-экономикалық жағдайының төмендеуі конфликт әлеуетінің өсуіне алып келді. Қалыптасқан жағдай мемлекет, үкіметтік емес ұйымдар, қоғамдық бірлестіктердің назарын қоғамдағы конфликті жағдайларды алдын-алу іс-шаралын белсенді жүргізуін талап етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Deutch M. The resolution of conflict: constructive and destructive processes. New Haven, 1973.-p.420.
2. Ланцов С. Политическая конфликтология. Питер, 2018.- с. 319с.
3. Насимова, Г.О. Политическая конфликтология : учеб. пособие для вузов / Г. О. Насимова ; КазНУ им. аль-Фараби. - Алматы : Ценные бумаги, 2008. – 246.
4. Duverger M. Introducción a la política. Paris: Gallimard, 1997. - p. 287.
5. Шакиров С.Е. Природа проявления конфликтогенности в жизни казахстанского общества // Аль-Фараби 1 (69) 2020. сс. 108-117.
6. Лаврикова А.А. Конфликтогенный потенциал политического участия: факторы развития // URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/konfliktogennyy-potentsial-politicheskogo-uchastiya-factory-razvitiya> (дата обращения 21.02.2022)
7. The Conflict Analysis Framework (CAF) Identifying Conflict-related Obstacles to Development. October 2002 Number 5. // URL: <https://openknowledge.worldbank.org/handle/10986/11335> (дата обращения 21.02.2022)
8. Байдельдинов Л.А.: биобиблиографический указатель / сост.: Л.М.Иватова, З.С.Гаипов, А.Б.Коразова; отв.ред. Есим Гарифолла. - Алматы: Қазақ университеті, 2005. -38 с.
9. Ахметова Л. С. Учебная программа курса «Журналист и основы конфликтологии»: для студентов ун-тов по спец. 0210- Журналистика / Л. С. Ахметова. - Алматы : Қазақ ун-ті, 1999. - 10 с.
10. Конфликтология и конфликт: определение понятий / Ахметова Л.С. - Текст : непосредственный // Актуальные проблемы политического развития казахстанского общества в условиях глобализации: Материалы респ.научно-теоретической конф., посвященной 75-летию со дня рождения проф. Т.Т.Мустафина. - 2003. - Т.1. - б. 104-112.
11. Исмуханова Г. Г. Современные промышленные конфликты и их отражение в теории Р.Дарендорфа (на материалах Республики Казахстан) : автореф. дис. на соиск. учен. степ. канд. социол. наук: 22.00.03 / Г. Г. Исмуханова, науч.рук. Н. А. Аитов. - Алматы, 1996. - 21 с. - Текст : непосредственный.
12. Акимбеков С. М. Афганский конфликт и проблемы безопасности Центральной Азии: дис. ... канд. ист. наук / Акимбеков С.М. – Алматы, 1999. – 160 с. – Текст: непосредственный.
13. Насимова Г. О. Технологии предотвращения и урегулирования политических конфликтов (на примере Республики Казахстан)/ Насимова Г.О.: дис. ... д. полит. наук: 30.06.07. – Алматы, 2007. – 260 с.
14. Сенгирбай М. Ж. Технологии предотвращения и урегулирования межэтнических конфликтов (опыт постсоветских государств)./ Сенгирбай М.Ж.: дис. ... к.полит.н.: 24.12.2012. – Алматы, 2012. – 154 с.
15. Шакиров С. Е. Социальный конфликт и социальная медиация: культурологический анализ: дис. ... д-ра философии (PhD): 6D020400 – Культурология: [защищена 15.01.2021] / С. Е. Шакиров; науч. конс. Г. Есим; зарубеж. науч. конс. Т. А. Дронзина; ЕНУ им. Л. Н. Гумилева. – Электрон. текстовые дан. 24,0 Мб. – Нур-Султан, 2020. – 159 с. – Текст: непосредственный.
16. Дарендорф Р. Элементы теории социального конфликта (Dahrendorf R. Elementes Theorie des sozialen Konflikts // Dahrendorf R. Gesellschaft und Freiheit München, 1965) // Пер. с нем. В. М. Степаненковой // URL: http://ecsocman.hse.ru/data/968/645/1216/019_darendorf.pdf (дата обращения 21.02.2022)
17. Theorizing Revolutions. Edited by J.Foran. Taylor & Francis, 2005.- p.308.
18. Hughes J., Sasse G. Conflict and Accommodation in the Former Soviet

- Union: The Role of Institutions and Regimes // Журнал «Regional & Federal Studies». 11:3 2001.- p. 220-240.
19. Katz M. Will there be revolution in Central Asia? // Communist and Post-Communist Studies 40 (2007).-p.129-141.
20. Hale H.E. 25 Years After the USSR: What's Gone Wrong? // Journal of Democracy. July 2016, Volume 27, Number 3. –p.24-35.
21. Freedom House official website // URL: <https://freedomhouse.org/countries/freedom-net/scores> (дата обращения 21.02.2022)
22. Khmelko I., Pereguda Y. An Anatomy of Mass Protests: The Orange Revolution and Euromaidan Compared // Журнал «Communist and Post-Communist Studies» № 47 2014. – сс. 227-236.
23. Дарендорф Р. Современный социальный конфликт. Очерк политики свободы / Ральф Дарендорф; Пер. с нем. Л.Ю. Панфиной. - М.: РОССПЭН, 2002 (ГУП ИПК Ульян. Дом печати). - 284, [2] с.; 20 см. - (Университетская библиотека. Политология); ISBN 5-8243-0370-3 (в пер.)
24. Козер Л. Функции социального конфликта. М. «Идея-Пресс». 2000.
25. Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан // URL: https://stat.gov.kz/for_users/dynamic (дата обращения 21.02.2022).
26. Rubin B.R., Snyder J. Post-soviet political order. Conflict and state building. London. 2005.- p.210.
27. Прогнозирование в Центральной Азии 2021: результаты экспертного опроса. Фонд имени Фридриха Эберта (FES), Академия ОБСЕ в Бишкеке, SPCE Hub, 2021 // URL: <https://centralasia-forecasting.net/2021.-c.35> (дата обращения 21.02.2022)
28. Социологический опрос, какими хотят видеть казахстанцы государственные органы // URL: http://www.kisi.kz/images/KazISS_Malimet_rus/22-06-2021.pdf (дата обращения 21.02.2022).
29. Послание Главы государства Касым-Жомарта Токаева народу Казахстана. «Единство народа и системные реформы – прочная основа процветания страны» 01.09.2021. Официальный сайт Президента Республики Казахстан // URL: <https://www.akorda.kz/ru/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-183048> (дата обращения 21.02.2022).

REFERENCES:

1. Deutch M. The resolution of conflict: constructive and destructive processes. New Haven, 1973.-p.420.
2. Lantsov S. Politicheskaya konfliktologiya [Political conflictology], Piter, 2018.- s. 319s.
3. Nasimova, G.O. Politicheskaya konfliktologiya [Political conflictology]: ucheb. posobie dlya vuzov / G. O. Nasimova ; KaZNU im. al'-Farabi. - Almaty : Tsennye bumagi, 2008. – 246.
4. Duverger M. Introducción a la política. Paris: Gallimard, 1997. - p. 287.
5. Shakirov S.E. Priroda proyavleniya konfliktogennosti v zhizni kazakhstanskogo obshchestva [The nature of the manifestation of conflict in the life of Kazakhstani society] // Al'-Farabi 1 (69) 2020. ss. 108-117.
6. Lavrikova A.A. Konfliktogennyi potentsial politicheskogo uchastiya: faktory razvitiya. [Conflict potential of political engagement: factors of development] // URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/konfliktogennyi-potentsial-politicheskogo-uchastiya-factory-razvitiya> (data obrashcheniya 21.02.2022)
7. The Conflict Analysis Framework (CAF) Identifying Conflict-related Obstacles to Development. October 2002 Number 5. // URL: <https://openknowledge.worldbank.org/handle/10986/11335> (data obrashcheniya 21.02.2022)
8. Baidel'dinov L.A.: biobibliograficheskii ukazatel' [Bibliographic index] / sost.: L.M.Ivatova, Z.S.Gaipov, A.B.Korazova; otv.red. Esim Garifolla. - Almaty: Qazaq

universiteti, 2005. -38 s.

9. Akhmetova L. S. Uchebnaya programma kursa «Zhurnalyst i osnovy konfliktologii»: dlya studentov un-tov po spets. [Journalist and basics of conflictology] 0210 - Zhurnalistika / L. S. Akhmetova. - Almaty : Қазақ un-ti, 1999. - 10 s.

10. Konfliktologiya i konflikt: opredelenie ponyatii / Akhmetova L.S. – [Conflictology and conflict: main concepts] Tekst: neposredstvennyi // Aktual'nye problemy politicheskogo razvitiya kazakhstanskogo obshchestva v usloviyakh globalizatsii: Materialy resp. nauchno-teoreticheskoi konf., posvyashchennoi 75-letiyu so dnya rozhdeniya prof. T.T. Mustafina. - 2003. - T.1. - b. 104-112.

11. Ismukhanova G. G. Sovremennye promyshlennye konflikty i ikh otrazhenie v teorii R. Darendorfa (na materialakh Respubliki Kazakhstan) [Modern industrial conflicts and their reflection in the theory of R. Dahrendorf (based on the materials of the Republic of Kazakhstan)]: avtoref. dis. na soisk. uchen. step. kand. sotsiol. nauk: 22.00.03 / G. G. Ismukhanova, nauch.ruk. N. A. Aitov. - Almaty, 1996. - 21 c. - Tekst: neposredstvennyi.

12. Akimbekov S. M. Afganskii konflikt i problemy bezopasnosti Tsentral'noi Azii: [Afghan conflict and problems of security in Central Asia] dis. ... kand. ist. nauk / Akimbekov S.M. – Almaty, 1999. – 160 s. – Tekst: neposredstvennyi.

13. Nasimova G. O. Tekhnologii predotvrashcheniya i uregulirovaniya politicheskikh konfliktov (na primere Respubliki Kazakhstan) [Technologies for preventing and resolving political conflicts (on the example of the Republic of Kazakhstan)] / Nasimova G.O.: dis. ... d. polit. nauk: 30.06.07. – Almaty, 2007. – 260 s.

14. Sengirbai M. ZH. Tekhnologii predotvrashcheniya i uregulirovaniya mezhehtnicheskikh konfliktov (opyt postsovetskikh gosudarstv) [Technologies for the prevention and settlement of interethnic conflicts (the experience of post-Soviet states)] / Sengirbai M.ZH.: dis. ... k.polit.n.: 24.12.2012. – Almaty, 2012. – 154 s.

15. Shakirov S. E. Sotsial'nyi konflikt i sotsial'naya mediatsiya: kul'turo-filosofskii analiz [Social conflict and social mediation: cultural and philosophical analysis]: dis. ... D-ra filosofii (PhD): 6D020400 – Kul'turologiya: [zashchishchena 15.01.2021] / S. E. Shakirov; nauch. kons. G. Esim; zarubezh. nauch. kons. T. A. Dronzina; ENU im. L. N. Gumileva. – Ehlektron. tekstovye dan. 24,0 Mb. – NuR-Sultan, 2020. – 159 s. – Tekst: neposredstvennyi.

16. Darendorf R. Ehlementy teorii sotsial'nogo konflikta [Elements of theory of social conflict] (Dahrendorf R. Elemente eines Theorie des sozialen Konflikts // Dahrendorf R. Gesellschaft und Freiheit München, 1965) // Per. s nem. V. M. Stepanenkovi // URL: http://ecsocman.hse.ru/data/968/645/1216/019_darendorf.pdf (data obrashcheniya 21.02.2022)

17. Theorizing Revolutions. Edited by J. Foran. Taylor & Francis, 2005. - p.308.

18. Hughes J., Sasse G. Conflict and Accommodation in the Former Soviet Union: The Role of Institutions and Regimes // Zhurnal «Regional & Federal Studies». 11:3 2001.- p. 220-240.

19. Katz M. Will there be revolution in Central Asia? // Communist and Post-Communist Studies 40 (2007).-p.129-141.

20. Hale H.E. 25 Years After the USSR: What's Gone Wrong? // Journal of Democracy. July 2016, Volume 27, Number 3. –p.24-35.

21. Freedom House official website // URL: <https://freedomhouse.org/countries/freedom-net/scores> (data obrashcheniya 21.02.2022)

22. Khmelko I., Pereguda Y. An Anatomy of Mass Protests: The Orange Revolution and Euromaydan Compared // Zhurnal «Communist and Post-Communist Studies» № 47 2014. – ss. 227-236.

23. Darendorf R. Sovremennyi sotsial'nyi konflikt. Ocherk politiki svobody [The Modern Social Conflict: An Essay on the Politics of Liberty] / Ral'f Darendorf ; Per. s nem. L.YU. Pantinoy. - M. : ROSSPEHN, 2002 (GUP IPK Ul'yan. Dom pechati). - 284, [2] s.; 20 sm. - (Universitetskaya biblioteka. Politologiya); ISBN 5-8243-0370-3 (v per.)

-
24. Kozer L. Funktsii sotsial'nogo konflikta [Functions of Social Conflicts]. M. «Ideya-Press». 2000.
25. Byuro natsional'noi statistiki Agentstva po strategicheskomu planirovaniyu i reformam Respubliki Kazakhstan [Agency for Strategic planning and reforms of the Republic of Kazakhstan Bureau of National statistics] // URL: https://stat.gov.kz/for_users/dynamic (data obrashcheniya 21.02.2022).
26. Rubin B.R., Snyder J. Post-soviet political order. Conflict and state building. London. 2005.- p.210.
27. Prognozirovaniye v Tsentral'noi Azii 2021: rezul'taty ehkspertnogo oprosa . [Central Asia Forecasting 2021: results of expert survey]. Fond imeni Fridrikha Ehberta (FES), Akademiya OBSE v Bishkeke, SPCE Hub, 2021 // URL: <https://centralasia-forecasting.net/2021.-s.35> (data obrashcheniya 21.02.2022)
28. Sotsiologicheskii opros, kakimi khotyat videt' kazakhstantsy gosudarstvennyye organy [Sociological survey on how the people of Kazakhstan want to see the state bodies] // URL: http://www.kisi.kz/images/KazISS_Malimet_rus/22-06-2021.pdf (data obrashcheniya 21.02.2022).
29. Poslanie Glavy gosudarstva Kasym-Zhomarta Tokaeva narodu Kazakhstana. «Edinstvo naroda i sistemnye reformy – prochnaya osnova protsvetaniya stranY» 01.09.2021. Ofitsial'nyi sait Prezidenta Respubliki Kazakhstan [State of the Nation Address by President of the Republic of Kazakhstan Kassym-Jomart Tokayev. «Unity of the people and systemic reforms are a solid foundation for the nation's prosperity» Official website of the President of the Republic of Kazakhstan] // URL: <https://www.akorda.kz/ru/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-183048> (data obrashcheniya 21.02.2022).

Майя Урузгалиева¹, Рафик Усманов²

*¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
«Саясаттану» мамандығының 1-курс докторанты
(Нұр-Сұлтан қ. Қазақстан)
e-mail: maikun_93@mail.com*

*²Астрахан мемлекеттік университетінің Саясаттану
және халықаралық қатынастар кафедрасының меңгерушісі,
саяси ғылымдарының докторы, профессор
(Астрахан, Ресей)
e-mail: usmanr@mail.ru*

КАСПИЙ ӨҢІРІНІҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІ МӘСЕЛЕЛЕРІН ШЕШУДІҢ САЯСИ ТЕТІКТЕРІ: ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕН РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫ МЫСАЛЫНДА

Андатпа. Бұл еңбекте Каспий өңірінде қалыптасқан экологиялық жағдайдың ерекшеліктері, онымен қоса Каспий жағалауы мемлекеттерінің, нақтырақ алғанда Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы өзара қарым-қатынастардың өзгешеліктері қарастырылған. Қазіргі таңда қоршаған ортаға тигізетін кері әсерлер күннен-күнге артып келеді. Осыған сәйкес экологиялық мәселелерді шешудің ғылыми негізделген жолдарын әзірлеу қажеттілігі туындады. Сонымен қатар, экологиялық проблемаларды шешу тетіктерін сәтті жүзеге асыру Каспий маңы елдерінің бірлескен іс-әрекетіне тікелей байланысты. Осыған байланысты, жағалаудағы мемлекеттердің ынтымақтастығы аясында Каспий теңізінің экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ықпал ететін бірлескен мемлекеттік құқықтық тетіктерді әзірлеп, дамыту қажет. Өңіраралық ынтымақтастық форумы қарастырылып отырған аймақтың экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелерін шешудің саяси тетігі ретінде әрекет ете алады деген идея негізделеді.

Түйін сөздер: *Каспий өңірі, экологиялық жағдай, саяси тетіктер, экологиялық қауіпсіздік, өңіраралық ынтымақтастық.*

Майя Урузгалиева, Рафик Усманов
ПОЛИТИЧЕСКИЕ МЕХАНИЗМЫ РЕШЕНИЯ ВОПРОСОВ

ЭКОЛОГИЧЕСКОЙ БЕЗОПАСНОСТИ КАСПИЙСКОГО РЕГИОНА: НА ПРИМЕРЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН И РОССИЙСКОЙ ФЕДЕРАЦИИ

Аннотация. В данной работе рассмотрены особенности сложившейся экологической ситуации в Каспийском регионе, а также характер взаимоотношений прибрежных государств между собой, в частности, между Республикой Казахстан и Российской Федерацией. В настоящее время с каждым днём возрастают негативные воздействия на окружающую среду. Соответственно, возникает необходимость разработки научно обоснованных путей решения экологических проблем. При этом, успешная реализация механизмов разрешения экологических проблем на Каспии напрямую зависит от совместного подхода всех прибрежных государств. В связи с этим, в рамках сотрудничества прибрежных государств необходимы дальнейшие актуальные разработки совместных государственных правовых механизмов, которые бы способствовали обеспечению экологической безопасности Каспия. Обосновывается идея о том, что форум межрегионального сотрудничества может выступить политическим механизмом решения вопросов экологической безопасности рассматриваемого региона.

Ключевые слова: *Каспийский регион, экологическая ситуация, политические механизмы, экологическая безопасность, межрегиональное сотрудничество.*

Maiya Uruzgaliyeva, Rafik Usmanov

POLITICAL MECHANISMS FOR ADDRESSING ENVIRONMENTAL SECURITY ISSUES OF THE CASPIAN REGION: THE CASE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN AND THE RUSSIAN FEDERATION

Abstract. This paper considers the features of the current environmental situation in the Caspian region, as well as the nature of the relationship of coastal states among themselves, in particular, between the Republic of Kazakhstan and the Russian Federation. Currently, the negative impacts on the environment are increasing day by day. Accordingly, there is a need to develop scientifically sound ways to solve environmental problems. At the same time, the successful implementation of mechanisms for resolving environmental problems in the Caspian directly depends on the joint approach of all coastal states. In this regard, within the framework of cooperation between the coastal states, further relevant developments of joint state legal mechanisms are needed that would contribute to ensuring the environmental safety of the Caspian Sea. The idea is

substantiated that the forum of interregional cooperation can act as a political mechanism for resolving issues of environmental security of the region under consideration.

Key words: *Caspian region, environmental situation, political mechanisms, environmental security, interregional cooperation.*

Кіріспе

Соңғы жылдары адам қызметінің қалдықтарымен аймақтың қоршаған ортасының ластануының артуына экологтар ерекше көңіл аударуда. Біріккен Ұлттар Ұйымының Қоршаған орта жөніндегі бағдарламасы (ЮНЕП) сарапшыларының бағалауы бойынша теңіз мұнайды өндіру және тазарту өнімдерінен, атом электр станцияларының радиоактивті қалдықтары салдарынан және Каспийге таза судың жалпы ағынының 80%-ын беретін Еділ өзені әкелетін тазартылмаған тұрмыстық және өнеркәсіптік қалдықтардың үлкен көлемінен зардап шегуде.

Теңіздің экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету – мемлекетаралық деңгейдегі міндет болып табылады. Тихомиров редакциялаған Заң энциклопедиялық сөздігіне сүйене отырып, қауіпсіздік ұғымы жеке адамның, қоғамның және мемлекеттің өмірлік маңызды мүдделерін экономикалық, саяси, әскери, әлеуметтік, экологиялық, техногендік, ақпараттық және басқа сипаттағы ішкі және сыртқы қауіптерден қорғаудың жағдайы ретінде қарастырылған, ол мемлекетте экономикалық, саяси және әлеуметтік тұрақтылықты орнатуды, сөзсіз заңдарды орындау және құқықтық тәртіпті сақтау, серіктестік негізінде халықаралық ынтымақтастықты дамыту деп анықталады.

Қауіпсіздік жеке адамға, қоғамға және мемлекетке қажет, себебі олар қауіптер мен қайшылықтарды жеңуге байланысты үнемі қозғалыста, өзгерісте және дамуда. Қазіргі әлемде экологиялық қауіпсіздік өте маңызды. Табиғи ресурстарды шамадан тыс тұтыну апатқа әкелуі мүмкін. Әр мемлекет климаттың жаһандық өзгеруіне қарсы тұруға, судың, ауаның және топырақтың тазалығын сақтауға, биоалуантүрлілік пен ормандарды сақтауға арналған экологиялық қатынастарды реттеуге өз тәсілдерін жасайды [2].

Климаттың өзгеруі, тіршілік ету ортасының жоғалуы және бөлінуі, балық ресурстарын асыра аулау, судың және жағалаудың ластануы, биоәртүрлілікке қауіп және т.б. теңдесі жоқ Каспий теңізінің аймағына орасан зиянын келтіреді. Оның экожүйесінің ерекшеліктері, бірегейлігі Каспий маңы мемлекеттері экономикасының міндеттері мен жұмыс істеу стратегиясына қойылатын қатаң талаптарды айқындайды.

Каспий өңірін зерттеудің өзектілігі оның шекаралық жағдайымен және саяси-стратегиялық маңызы бар табиғи және энергетикалық ресурстармен, осы процестерге оң әсер ету жолдарын іздеумен және тиісінше мынадай негізгі экологиялық проблемалардың болуымен айқындалады:

- кәсіпшілік балықтар қорының азаюы;
- биоалуантүрліліктің тозуы;
- тұрғын үйлер мен өндірістік инфрақұрылымдардың су басуы;
- ауыз судың қабаттарына тұзды судың түсуі;
- адам денсаулығына қауіп.

Сонымен, Каспий теңізі Еуропа мен Азияның түйіскен жерінде орналасқан, оның суы бес мемлекеттің: Ресей, Қазақстан, Иран, Түркіменстан және Әзірбайжанның жағалауын шаяды. Осы мемлекеттердің көмірсутек байлықтарын игеру процесі жыл сайын үлкен қарқын алып келеді, тиісінше Каспий өңіріндегі экологиялық проблемалардың ықтималдығы да өсіп келеді.

Каспий теңізі мен оның жағалауларының экологиялық мәселелері осы өңір мемлекеттерінің экстенсивті экономикалық дамуының бүкіл тарихының салдары болып табылады. Бұл ұзақ мерзімді табиғи өзгерістерге де, қазіргі кездің өткір әлеуметтік-экономикалық проблемалары да осыған байланысты.

Қоғам үшін экологиялық проблемалардың салдарын шартты түрде екі санатқа бөлуге болады - тікелей және жанама. Тікелей зардаптар, мысалы, биологиялық ресурстардың жоғалуынан (коммерциялық түрлер мен олардың жемшөп нысандары) көрінеді және ақшалай түрде көрсетілуі мүмкін. Мысалы, Каспий маңы елдерінің бекіре тұқымдас балықтар қорының азаюынан болған шығындарды жатқызуға болады. Бұған келтірілген зиянды өтеу шығындарын да қосу керек (мысалы, балық өсіру зауыттарының құрылысы). Жанама салдарлар экожүйелердің өзін-өзі тазарту қабілетін, олардың тепе-теңдігін жоғалтуымен және біртіндеп жаңа күйге ауысуымен сипатталады. Қоғам үшін бұл ландшафттардың эстетикалық құндылығының жоғалуынан, халықтың өмір сүруіне жеткіліксіз қолайлы жағдай жасаудан және т.б. көрінеді, шығындардың келесі тізбегі тікелей экономикалық шығындарға (туристік сектор және т.б.) әкелетінін атап өткен жөн.

Алайда, қазіргі уақытта Каспий өңіріндегі жағдай және жағалаудағы өзара бес мемлекеттердің, әлемдік державалар мен басқа елдермен қарым-қатынасының сипаты белсенді трансформация кезеңін бастан кешуде.

Зерттеу жұмысының әдіс-тәсілдері

Мақалада жария ақпарат көздері; өңірлік және халықаралық

статистикалық деректерден мәліметтер; ресми дереккөздерде, баяндамаларда, мемлекеттік бағдарламаларда, интернет ресурстарда және т.б. көрсетілген экологиялық қауіпсіздікке қатысты көрсеткіштер мен индикаторлар пайдаланылды. Сонымен қатар, автор зерттеудің заманауи формасы индуктивті зерттеу әдісіне жүгінді. Бұл әдіс жеке белгілерді зерттеу негізінде құбылыс туралы тұжырымдарды қалыптастыруды білдіреді (*әртүрлі кәсіпорындардағы жеке экологиялық апаттар мен авариялардың нәтижесінде бүкіл аймақтағы экологиялық проблемалардың жиынтығы*).

Тақырыптың зерттелу деңгейі

Бүгінгі таңда Каспий өңіріне қатысты ғылыми жарияланымдарда оның даму бағытына, ықтимал сценарийлерге, Каспий маңы мемлекеттері арасындағы қатынастардың сипатын айқындайтын факторларға қатысты көптеген жаңа зерттеулер пайда болды. Экологиялық проблема туындаған сәттен бастап осы мәселе бірқатар зерттеушілердің, ғалымдар мен саясаттанушылардың зерттеу еңбектерінің нысанына айналды. Атап айтқанда, К.И. Асаева, М.В. Войнова [3], Э.Т. Мехдиев, Сон Мин Ги [4], А.Б. Долгушин, А.А. Цуканов, А.А. Степанова [5], А.П. Романова, Д.А. Черничкин [6], Д.Э. Столовый [7], А. Сабыров [8], С.П. Петров [9] және т.б.

Негізгі бөлім

Каспий бағыты Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының сыртқы және ішкі саясаты үшін әрдайым маңызды. Дәл осы жерде геосаяси заңдылықтардың тарихи матрицасы ерекше көрінеді, өйткені Каспий аймағының геосаяси жағдайы аймақтың тұрақты және қауіпсіз дамуын қамтамасыз ететін сыртқы саяси факторлардың сипатын анықтайды.

Каспий теңізі бүгінде халықаралық саясаттың тоғысқан жері болып табылады, онда аймақтық және аймақтық емес әртүрлі мүдделі елдер геосаяси күштері біріктіріледі. Каспийдің халықаралық танымалдылығының өсуінің маңызды себептері - су айдынының мұнай қорлары, қолайлы географиялық орналасуы, елеулі биологиялық ресурстар, энергия тасымалдаушылар мен көлік жүктерін тасымалдау мен экспорттауға қажеттіліктің өсуі. Осыған байланысты Каспий өңірі елдерінің экологиялық қауіпсіздік саласындағы ортақ ұстанымдары мен іс-қимылы проблемасы ерекше өткір болып отыр.

2018 жылы 12 тамызда Ақтау қаласында өткен Бесінші Каспий саммиті шеңберінде Әзірбайжан, Иран, Қазақстан, Ресей және Түрікменстан президенттері Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы Конвенцияға

қол қойды. Аталған құжатты қабылдау Каспий өңірінің дамуына айқындық әкелді, олардың өзара іс-қимылы үшін, бірінші кезекте, экономикалық салада қосымша мүмкіндіктер ашты. Су түбіндегі шаруашылық қызметке қатысты «Каспий теңізінің су түбі және жер қойнауы ресурстарын секторларға бөлу шектес және қарсы жатқан мемлекеттердің уағдаластықтары бойынша олардың жер қойнауын пайдалануға және су түбі мен жер қойнауы ресурстарын игеруге байланысты басқа да заңды шаруашылық-экономикалық қызметке егемендік құқықтарын іске асыру мақсатында халықаралық құқықтың жалпыға танылған қағидаттары мен нормаларын ескере отырып жүзеге асырылады» деп шешілді [10, 568].

Каспий өңірінің экономикасы мен саясатына әртүрлі мемлекеттердің тартылу дәрежесін бірнеше «белдеулер» бойынша ажыратуға болады. Біріншісі – жағалаудағы бес мемлекет: Ресей, Әзірбайжан, Иран, Қазақстан, Түркіменстан. Екінші «белдеуге» мұнай және газ құбырлары және басқа да коммуникациялар өтетін немесе өтуі мүмкін мемлекеттер жатады. Мұндай мемлекеттерге Грузия, Түркия және Болгария кіреді. Олардың ықпалы энергия ресурстарының транзитіне қатысты жүргізіліп жатқан саясаттан тұрады. Үшінші «белдеу» аймаққа қандай да бір жолмен тартылатын, оның ресурстарын пайдаланатын немесе басқа түрдегі мүдделері бар мемлекеттерді қамтиды. Оларға: Украина, Тәжікстан, Сауд Арабиясы, Греция, Армения, Өзбекстан және т.б.

Сондай-ақ, ықпалы жаһандық деңгейге жететін мемлекеттердің төртінші «белдеуі» бар. Оларға аймақтағы экономикалық, саяси және стратегиялық мүдделері бар АҚШ, Еуропалық Одақ және Қытай кіреді, олардың мүдделері бұрын тек экономикалық компонентпен шектелген, бірақ қазіргі уақытта олардың мүдделері ауқымы әлемнің стратегиялық маңызды аймақтарында өз ұстанымдарын нығайту қажеттілігіне байланысты кеңейе түсті. Соңғы уақытта Үндістан мен Пәкістан энергия тасымалдарын өз бағытына қайта бағыттауға және оларды әртараптандыруға мүдделі болғандықтан белсенді бола бастады [11].

Қазақстан Республикасының халықаралық стандарттарды іске асыруға қатысуы табиғатты пайдалану және қоршаған ортаны қорғау саласындағы халықаралық шарттарды, келісімдер мен конвенцияларды ратификациялаудан көрінеді. Осылайша, мемлекет биосфераның негізгі компоненттерін – суды, ауаны, озон қабатын, биоәртүрлілікті қорғау саласындағы көптеген конвенцияларды ратификациялады, сонымен бірге ұлттық заңнаманы халықаралық заңнамамен үйлестіру бойынша жұмыс жүргізілуде. Қазақстанның халықаралық экологиялық конвенциялар мен келісімдерге қосылуы жөніндегі жұмысы 1993 жылы Дүниежүзілік метеорологиялық ұйымның Конвенциясы құрамына кіруден басталды, ал

бүгінде республика 30-дан астам халықаралық конвенциялар мен олардың хаттамаларының қатысушысы болып табылады.

Халықаралық шарттардың мақсаты жұртшылықтың қоршаған ортаны қорғау саласында шешімдер қабылдауға қатысуын қамтамасыз ету және экологиялық ақпараттың қолжетімділігін кеңейту болып табылады. Бүгінгі таңда Каспий теңізінің қоршаған ортасын қорғау, оның биологиялық ресурстарын қорғау, сақтау, қалпына келтіру, тұрақты және ұтымды пайдалану маңызды мәселелердің бірі болып табылады [12].

Айта кету керек, 2016 жылдың қарашасында Ресей Федерациясының сыртқы саясат тұжырымдамасы қабылданды, ол елдің сыртқы саяси бағытының басымдықтарын жаңа жолмен анықтады. Құжатта өңірлік құрамдас бөлікке, оның ішінде Каспий өңіріне қатысты мәселеге көп көңіл бөлінген. Тұжырымдамада «Ресейдің Қара теңіз және Каспий аймақтарындағы серіктестермен өзара іс-қимыл тәсілдері Қара теңіз экономикалық ынтымақтастығы Ұйымы Жарғысының мақсаттары мен қағидаттарын сақтауды ескере отырып, сондай-ақ олар ұжымдық қабылдайтын шешімдер негізінде бес Каспий маңы мемлекеттерінің ынтымақтастық тетігін нығайту қажеттілігін ескере отырып құрылатын болады» деп атап өтілді [13].

2018 жылы Қазақстан Республикасы мемлекетаралық деңгейде Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі негіздемелік конвенцияға қоршаған ортаға трансшекаралық тұрғыдан жасалатын әсерді бағалау жөніндегі хаттамаға қол қойды. 2018 жылы Нұр-Сұлтанда Қазақстанның экологиялық қызметі нәтижелілігінің үшінші шолуын (ЭҚНШ) дайындау бойынша БҰҰ ЕЭК сарапшыларының миссиясы өтті.

Каспий өңірінде жағалау мемлекеттері қызметінің арқасында қолайлы саяси-дипломатиялық кеңістік құрылды. Әр мемлекеттің мүдделері мен қажеттіліктерін ескеретін нақты жобаларға ерекше қажеттілік пайда болды. Осыған байланысты, бұл тақырып өте өзекті, ол бар және мүмкін мәселелерді талқылауды, оларды шешу жолдарын іздеуді талап етеді.

Қазақстандық саясаттанушы Эдуард Полетаев өз сөздерінің бірінде Каспий маңы конституциясына қол қоюдың арқасында қазір теңіз айналасында неғұрлым нақты геосаяси жағдай қалыптасқанын айтты. Ол «Каспий – бұл достық теңізі» деген белгілі ұранмен «нақты каспиоцентризм» қалыптасып келе жатқанын атап өтті. Каспий өңірі белгілі бір геосаяси кеңістік мәртебесіне ие болып отыр. Әрине, маркер ретінде, мысалы, Закавказье немесе Орталық Азия аймағы сияқты күшейтілмеді. Алайда факт факт болып қала береді. Бірнеше жылдан бері Каспий маңы мемлекеттерінің интеграциялық бастамаларының алғышарттары бар. Каспий форумдарының өткізілуі осыған дәлел». [14].

for the Allied Powers Instruction Notice (SCAPIN) жазбаларында Уллындо, Токто және Чжечжудо Жапония аумағынан шығарылды делінген. Жанама түрде, Токтоның егемендігі 1946 жылғы 29 қаңтардан бастап 1948 жылғы 15 тамызда Оңтүстік Корея құрылғанға дейін Кореядағы АҚШ әскери Үкіметіне берілді. Ең бастысы, американдық Токтоның тәуелсіздігі туралы мәлімдеме SCAPIN № 677 бесінші бөліміне енгізілді. Осы тұрғыдан алғанда, Токтоның егемендігі Оңтүстік Кореядағы АҚШ әскери үкіметі тарапына қол жетімсіз қалды деп қорытынды жасауға болады. Такэсиманың егемендігін дәлелдеу үшін Жапонияның талаптары Токио ішкі және халықаралық державалардан қолдау алу үшін күш-жігерін күшейтті. Мысалы, Жапония 2008 жылы «Такэсиманың 10 шығарылымы» атты кітапша шығарды. Жапонияның айтуынша, Такэсимаға иелік етуді құжаттайтын ең алғашқы жапондық жазбалар 17 ғасырдан басталады [3]. Ол кезде Уллындо Эдо кезеңінде (1603-1867) Уцуре немесе Такэсима ретінде танымал болған. Осы уақыт ішінде Йонагодан шыққан екі жапон отбасы, Охья және Муракава атты Хоки провинциясы, Токугава шогунатына 1618 жылы такэсиматқа балық аулауға және шогунға алым ретінде ұсынылатын теңіз көзін жинауға рұқсат алғаны туралы мәлімет бар.

Сонымен қатар, жапондық балықшылар Мацусима немесе қазіргі Такэсиманы навигациялық порт және теңіз арыстандарын аулау орны ретінде пайдаланды. Жоғарыда айтылғандай, 1962 жылы Такэсимде балық аулау құқығына байланысты корей мен жапон балықшылары арасында дау туындады. Сайып келгенде, бұл корейлік балықшы Ан Ен Боктың ұсталуына әкелді. Анды Джозеон Үкіметіне бере отырып, жапондар корей балықшыларының Такэсима аумағына басып кіруіне жазбаша наразылық білдірді. Алайда Джозеон Үкіметі Уллындо Джозеонға тиесілі екенін және ол өзінің лауазымды тұлғаларын Уллындоны патрульдеу үшін үнемі жіберіп отыратынын айтты. Тоттори префектурасын тергеу және түсіндіру нәтижесінде жапондар Такэсиманы жапон аумақтарының бөлігі емес деп жариялады. Алайда Жапония Такэсиманың егемендігі Ан Ен Бок оқиғасы кезінде ешқашан талқыланбаған деп мәлімдейді [13]. Ал жоғарыда айтылып кеткен Ан Ен Боктың қызметі туралы Оңтүстік Кореяның мәлімдемесіне Жапония Үкіметі күмән келтірді. Онда оның сапары Токугава шогунаты аралға кіруге тыйым салғаннан кейін ғана болған деп мәлімдеді. Сол сияқты, Охья отбасы да, Мураками отбасы да аралға барған жоқ. Осылайша, Жапон үкіметінің көзқарасы бойынша, Ан Ен Боктың айғақтарын негізінен өз елінде ұлттық тыйым салу саясатын бұзғаны үшін кінәлі адам жасаған.

1693 жылы Тоттори домені Жапонияның Уллындого бақылау жасамағанын растаса да, Жапония Мацусима жапон балықшылары үшін аялдама болды деген пікір білдірді. Кейіннен жапондар егер Токугава

Мацусиманы шетелдік аумақ деп таныса, бұл 1653 жылы шетелдіктердің Жапонияға кіруіне тыйым салған Сакоку саясатына сәйкес тыйым салынуы керек деп мәлімдеді. Сонымен қатар, Секисуи Нагакубоның 1779 жылы жарық көрген «Кайсей Ниппон Йохи Ротей Зендзу» кітабына сәйкес (жапон жерлері мен жолдарының қайта қаралған толық картасы), бұл Такэсиманың Симан префектурасының бөлігі болғандығын дәлелдейді. Такэсима мен Мацусиманың орналасқан жері Корея түбегі мен Оки аралы арасында дәл жазылған. Сонымен қатар, Иншуда Sitho Gosi (Оки провинциясындағы бақылау жазбалары) жергілікті шенеунік Изумо Тойонобу Сайто 1667 жылы Иншудың (Окиносима аралы) Солтүстік теңізде орналасқанын толық түсіндірді: «...сіз солтүстік-батысқа екі күн және бір түн аралдан саяхаттаған кезде Мацусима бар. Тағы бір күн саяхаттаған кезде Такэсима бар...бұл екі арал тұрғын емес. Гориоға сол жерден қарау Окиносима аралына Изумомен қарау сияқты. Демек, бұл арал Жапонияның солтүстік-батыс шекарасы». Сонымен қатар, 1681 жылы Оя Шогунату Токугава отбасының үшінші ұрпағы жіберген жазбаша сұрауда келесі сипаттама берілген: «Уцуре аралына барар жолда шамамен 20 чо (ежелгі жапондық ұзындық бірлігі, шамамен 109,1 метр) болатын шағын арал бар. Шөптер мен ағаштар жоқ. Арал жартастардан тұрады. Жиырма бес жыл бұрын, Шогунның рұқсатымен Абенің Широгоро арқылы мен аралға қайықпен жүздім. Бұл кішкентай аралда мен бірнеше теңіз ішімен аң аулап, балық майын жинадым. Окиносима аралындағы Дуго Фукуурадан осы кішкентай аралға дейінгі қашықтық шамамен 60 мильді құрайды» [9].

Жапония сонымен бірге 20-шы ғасырдың аяғында теңіз арыстандарын аулау үшін Оки аралының тұрғындарының бірі Йоуро Накайаның сол жерде жұмыс істеуге заңды құқығын 1904 жылы үкіметтен рұқсат сұраған деген ақпарат бар [4]. Мақсат - теңіз арыстандарын аулау бизнесін монополиялау. Накайға 1905-1908 жылдардан бастап үш жылдық жалдау берілді. Осы өтініш бойынша Такэсима мемлекеттік жер тізілімінде тиісті түрде тіркелген және 1905 жылы Симан префектурасына енгізілгенін көруге болады. Негізінен, мына дерек арал Жапониянікі дегеннен гөрі, оның азаматтары Мацусимада экономикалық қызметті белсенді жүргізді дегенге дәлел ретінде қолданылған. Сонымен қатар, Мацусиманың экономикалық ресурстарына лицензия беру және пайдалану арқылы Жапония осы аймаққа егемендік берді деп сенді.

1951 жылғы Сан-Францискодағы бейбітшілік келісімін жасау барысында Оңтүстік Корея Такэсиманы Жапония бас тартуы керек аймақтардың қатарына қосуды сұрады. Алайда, бұл өтінішті Америка Құрама Штаттары қабылдамай, Такэсима ешқашан корей территориясының бөлігі болған емес деп мәлімдеді. 1986 жылы жарияланған АҚШ елшісі Ван Флиттің бір баяндамасында бұл

айтылған...Америка Құрама Штаттары (Такэсима) жапон егемендігінің астында қалады деген қорытындыға келді және Арал бейбітшілік келісіміне сәйкес Жапония өз меншігінен босатқан аралдардың қатарына қосылмады. 1946 жылы Докдо аралдарын Жапония әкімшілігінен шығару туралы Одақтас державалардың бас қолбасшысының меморандумына қол қойса да, (SCAPIN № 677 (29 қаңтар) және № 1033 (22 маусым) [2], 1947 жылы АҚШ Қарулы Күштері Supreme Commander for the Allied Powers Instruction Notice (SCAPIN) заңды жазбаларын шығарып, Такэсиманы әскери полигон ретінде пайдалануға шешім қабылдады [5]. Жапон үкіметін қорғау үшін АҚШ-тың жапондармен осы мәселе бойынша рұқсат беру және қарым-қатынас жасау туралы хабарламаларын беру Такэсиманың Жапония аумағының бір бөлігі екенін мойындау ретінде қабылданды.

Қорытындылар

Токто/Такэсима мәселесі Оңтүстік Корея мен Жапония арасында жоғары деңгейде ынтымақтастық орнатуға кедергі болды. Бұл көзқарастардағы айырмашылықтарға байланысты; Оңтүстік Корея бұрынғы отар ретіндегі өкінішін ұмытар емес. Екінші жағынан, Жапония Оңтүстік Кореяның сезімталдығын түсіне алмады және сол үшін кешірім сұраса да, отаршылдық кезеңнің қатыгездігін расымен де мойындаудан бастартады. Келіспеушіліктер Токто/Такэсимаға тиесілі дауда көрінді. Сонымен қатар, 1951 жылғы Сан-Францискодағы бейбітшілік шарты және 1965 жылғы негізгі қатынастар туралы келісім қақтығысты шеше алмады. Сан-Францискодағы Бейбітшілік келісімінің күн тәртібі АҚШ-тың Шығыс Азиядағы мүдделерін қамтамасыз ету болған кезде, 1965 жылғы Негізгі келісім негізінен экономикалық ынтымақтастық пен Оңтүстік Кореяға өтемақы төлеуге бағытталған болатын [16]. Екі елдің әр түрлі уақыттағы мінез-құлқы шиеленістің өршуіне әкелді. Президенттің сапарлары, пошта маркаларын шығару, сондай-ақ сауалнамалар Жапония мен Оңтүстік Корея қатысқан актілердің бірнешеуі ғана. Бұл, әрине, қарым-қатынасқа деген сенімсіздікті арттырды.

Кез келген халықаралық қақтығыс сияқты ҚР мен Жапония арасындағы аумақтық дау екі негізгі әдіспен шешілуі мүмкін: дипломатиялық немесе күштік. Оқиғаларды дамытудың күштік нұсқасы Жапонияның ҚР бақылауындағы Лианкур (Такэсима/Токто) аралдарын әскери күшті қолдана отырып басып алуға әрекет жасаған жағдайда ғана мүмкін болады. Бұл сценарий бірқатар себептер бойынша орындалмайды.

Біріншіден, екі мемлекет те қомақты әскери күшке ие – «Global Figurerower» талдау порталының нұсқасы бойынша Жапония мен ҚР Қарулы Күштері тиісінше рейтингтің 5 және 6 орынды алып, әлемнің ең мықты 10 әскерінің қатарына кіреді [7].

Екіншіден, АҚШ-тың Солтүстік-Шығыс Азиядағы екі негізгі одақтасы арасындағы соғыстың басталуына жол бермейтін аймақтағы болу факторын ескеру қажет. Бұл жағдайда Вашингтон қақтығысушы тараптардың басшылығының назарын жалпы халықаралық проблемаларды шешуге, негізінен аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге (мысалы, КХДР зымыран-ядролық бағдарламасының проблемасы) бағыттауға тырысады. Сонымен бірге, АҚШ басқа тараппен қарым-қатынастың нашарлауынан қорқып, жанжалдың кез-келген тарапының позициясын алудан бас тартады.

Үшіншіден, Жапонияның сыртқы саясатының негізгі принциптерінің бірі барлық халықаралық қақтығыстарды күш қолданбай шешу принципі екенін ұмытпаған жөн [10].

Осы дау екі мемлекет компромисске келу жолдарын іздеуді бастауынан өзінің аяғын көреді. Қазіргі жағдайда Жапония БҰҰ міндетті түрде өзін қолдайтынына сенімді. Алайда аралдар Корея жеріне жақынырақ, сондай-ақ, 1950 жж. бастап юрисдикциясына да бағынатын ескерген жөн.

Жалпы, ешқандай төтенше келіссөздер жүргізбегендіктен қазіргі жағдай Жапония мен Кореяны қанағаттандырады деп айтуға болады. Алайда, халықтың арасында наразылық өрістеп жатқаннан кейін, екі тарап осы мәселеге қайта оралатыны анық. Сонымен қатар, ҚР мен Жапония арасында бықсып тұрған аумақтық даудың болуы Ресейдің немесе Солтүстік-Шығыс Азия өңіріндегі басқа елдердің кеме қатынасы қауіпсіздігіне және экономикалық қызметіне қауіп төндірмейді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Akimoto D. Takeshima or Dokdo? Toward Conflict Transformation of the Japan-Korea Territorial Dispute/ D.Akimoto // Asian-Pacific Law & Policy Journal Vol. 22:1, 2020. – 39 p.
2. Allen H.W. SCAPIN № 677 [Электронды ресурc] // Colonel, AGD. -Central Liaison Office, Tokyo, 1946. -2 p. URL: https://www.mofa.go.jp/mofaj/area/takeshima/pdfs/g_taisengo01.pdf (қаралған күні: 11.05.2022).
3. Bae C.S. Territorial issue in the context of colonial history and international politics: the Dokdo issue between Korea and Japan/ C.S.Bae//The Journal of East Asian Affairs Vol. 26, No. 1, 2012, 19-51 p.
4. Бауыржанқызы А. Жапондық басқару жүйесінің дәстүрлі – мәдени аспектілері // Ғылым және білім -2011: ҚР тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған жас ғалымдардың VII халықаралық ғылыми конференциясының материалдар жинағы, 25-26 сәуір 2011 жыл. - Астана : Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы, 2011. - Б. 188-192
5. Chang A. The issue of comfort women and liancourt rocks dispute: unresolved issues for advancing u.s.-south korea-japan trilateral relationship/A. Chang// Johns Hopkins University. - Baltimore, Maryland, 2020. -83 p.
6. FY2016 Cabinet Secretariat Commissioned Research Project: Takeshima-related Documents//Commissioned Research Report. -2017. -16 p.
7. Global Firepower 2022. <https://www.globalfirepower.com/countries-listing.php>

8. Ha M. History Backs Korea's Dokdo Sovereignty [Jelektrondy resurs]. // The Korea Times, South Korea, 05.08.2008. URL: http://www.koreatimes.co.kr/www/news/nation/2008/08/251_28582.html (juginu merzimi: 11.05.2022).
9. Ismail A. The Dokdo / Takeshima dispute: responses and approaches/ A.Ismail// International Journal of East Asian Studies Vol.6, No.1, 2017, -82-99 p.
10. Кистанов В.О. Отношения между Японией и Южной Кореей: проблемы, тенденции и перспективы. Японские исследования. 2019. №3. С. 33-48.
11. Mayali L. Yoo J. Resolution of Territorial Disputes in East Asia: The Case of Dokdo/ L.Mayali, J.Yoo// Berkeley Journal Of International Law vol. 36:3, 2018. - 504 – 550p.
12. Медеубаева Ж.М. Международные отношения на исходе декады XXI в. // Казахстан-Спектр: научный журнал. – Алматы, 2009. - №2(48). - С.8-19.
13. Min J.C. Analysis of the Territorial Issue regarding the Liancourt Rocks between Korea and Japan/ J.C. Min// Korean Journal of International and Comparative Law 7, 2019. – 1-66 p.
14. Нурбаев Ж.Е. Вопросы «мест памяти» во взаимоотношениях Японии и Южной Кореи на современном этапе // Төрөкүлов окулары (III) - 2018: халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинағы. - Астана, 2018. - С. 184-189.
15. Pedrozo R. International Law and Japan's Territorial Disputes/ R.Pedrozo// The Stockton Center for the Study of International Law. -Newport, USA, 2016. - 35 p.
16. Pollmann E.M. The Politicization of the Liancourt Rocks Dispute and its Effect on the Japan-South Korea Relationship/ E.M.Pollman// Issues & Insights Vol. 15-No. 10. - Honolulu, Hawaii, 2015. – 27 p.
17. Севостьянов С.В. Кравчук А.А. Территориальный спор между Японией и Республикой Корея: аргументы сторон и перспективы разрешения. Известия восточного института 2017/4 (36), 25-34 стр.
18. The Eulsa Treaty [Jelektrondy resurs]. – South Korea, National Institute of Korean History, 1905. // URL: http://contents.history.go.kr/front/hm/view.do?reid=010701&tabId=03&levelId=hm_121_0030 (қаралған күні: 07.05.2022).
19. Тулеубаева С. Дух Японии в ЕНУ// Евразия Университеті. –Астана, 2015. –июнь (№12 (193)). –С.11.
20. Утеулиева Г.К. Политика национальной безопасности Японии в условиях современных вызовов // Төрөкүлов окулары (III) - 2018: халықаралық-тәжірибелік конференция материалдарының жинағы. - Астана, 2018. - 180-183 стр.

REFERENCES:

1. Akimoto D. Takeshima or Dokdo? Toward Conflict Transformation of the Japan-Korea Territorial Dispute/ D.Akimoto// Asian-Pacific Law & Policy Journal Vol. 22:1, 2020. – 39 p.
2. Allen H.W. SCAPIN № 677 [Jelektrondy resurs] // Colonol, AGD. -Central liaison Office, Tokyo, 1946. -2 p. URL: https://www.mofa.go.jp/mofaj/area/takeshima/pdfs/g_taisengo01.pdf (Accessed: 11.05.2022).
3. Bae C.S. Territorial issue in the context of colonial history and international politics: the Dokdo issue between Korea and Japan/ C.S.Bae//The Journal of East Asian Affairs Vol. 26, No. 1, 2012, 19-51 p.
4. Bauyrzhanқызы А. Zhapondyq basqaru zhujesinin dasturli – madeni aspektileri [Traditional and cultural aspects of the Japanese system of government] // Science and Education -2011: Proceedings of the VII International Scientific Conference of Young Scientists, dedicated to the 20th anniversary of Independence of the Republic of Kazakhstan, April 25-26, 2011. - Astana: L.N. LN Gumilyov ENU Publishing House, 2011. - B. 188-192
5. Chang A. The issue of comfort women and Liancourt rocks dispute: unresolved issues for advancing U.S.-South Korea-Japan trilateral

- relationship/A.Chang// Johns Hopkins University. - Baltimore, Maryland, 2020. -83 p.
6. FY2016 Cabinet Secretariat Commissioned Research Project: Takeshima-related Documents//Commissioned Research Report. -2017. -16 p.
7. Global Firepower 2022. URL: <https://www.globalfirepower.com/countries-listing.php>
8. Ha M. History Backs Korea's Dokdo Sovereignty [Jelektronny resurs]. // The Korea Times, South Korea, 05.08.2008. URL: http://www.koreatimes.co.kr/www/news/nation/2008/08/251_28582.html (Accessed: 11.05.2022).
9. Ismail A. The Dokdo/Takeshima Dispute: Responses And Approaches/ A.Ismail// International Journal of East Asian Studies Vol.6, No.1, 2017, -82-99 p.
10. Kistanov V.O. Otnosheniya mezhdu YAponiej i YUzhnoj Koreej: problemy, tendencii, perspektivy. YAponskie issledovaniya [Relations between Japan and South Korea: problems, trends and prospects. Japanese research]. 2019.№3. S. 33-48.
11. Mayali L. Yoo J. Resolution of Territorial Disputes in East Asia: The Case of Dokdo/ L.Mayali, J.Yoo// Berkeley Journal Of International Law Vol. 36:3, 2018. - 504 – 550p.
12. Medeubaeva ZH.M. Mezhdunarodnye otnosheniya na iskhode dekady XXI v [International relations at the beginning of the XXI century] // Kazakhstan-Spectrum: scientific journal. - Almaty, 2009.-№2(48).-S.8-19.
13. Min J.C. Analysis of the Territorial Issue regarding the Liancourt Rocks between Korea and Japan/ J.C. Min//Korean Journal of International and Comparative Law 7, 2019. – 1-66 p.
14. Nurbaev ZH.E. Voprosy «mest pamyati» vo vzaimootnosheniyah YAponii i YUzhnoj Korei na sovremennom etape [Questions "places of memory" in the relations between Japan and South Korea at the present stage] // Torekulov readings (III) - 2018: Proceedings of the international scientific-practical conference. - Astana, 2018. - P. 184-189.
15. Pedrozo R. International Law and Japan's Territorial Disputes/ R.Pedrozo// The Stockton Center for the Study of International Law. -Newport, USA,2016. - 35 p.
16. Pollmann E.M. The Politicization of the Liancourt Rocks Dispute and its Effect on the Japan-South Korea Relationship/ E.M.Pollman// Issues & Insights Vol. 15-No. 10. - Honolulu, Hawaii, 2015. – 27 p.
17. Sevast'yanov S.V. Kravchuk A.A. Territorial'nyj spor mezhdu YAponiej i Respublikoj Koreya: argumenty storon i perspektivy razresheniya. [Territorial dispute between Japan and the Republic of Korea: arguments of the parties and prospects for a resolution. Izvestia of the Oriental Institute] 2017/4 (36), 25-34 str.
18. The Eulsa Treaty [Jelektronny resurs]. – South Korea, National Institute of Korean History, 1905. - URL: http://contents.history.go.kr/front/hm/view.do?treeld=010701&tabId=03&levelId=hm_121_0030 (Accessed:07.05.2022).
19. Tuleubaeva S. Duh YAponii v ENU [The spirit of Japan in ENU] // Eurasia University. –Astana, 2015. – June (№12 (193)). – P.11.
20. Uteulieva G.K. Politika nacional'noj bezopasnosti YAponii v usloviyah sovremennyh vyzovov [Japan's national security policy in terms of modern challenges] // Torekulov readings (III) - 2018: Proceedings of the international scientific-practical conference. - Astana, 2018. - 180-183 pp.

Гүлхан Нұрадин¹, Гулнур Исабекова², Назым Дүйсенова³

¹*М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің доцент, ф.ғ.к.,
e-mail: gnuradin@mail.ru*

²*М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің оқытушысы, PhD,
e-mail: gulnur_taraz@mail.ru*

³*М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің аға оқытушысы
(Тараз қ., Қазақстан)
e-mail: nasym67@mail.ru*

КӨПМӘДЕНИЕТТІ БІЛІМ БЕРУ ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ ТӘСІЛ РЕТІНДЕ: САЯСИ-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ТАЛДАУ

Аңдатпа. Мақалада Канададағы «Канадалық мәдени мозаика» және Қазақстандағы «Қазақстан халқының бірлігі» атауына ие мемлекеттік саясаттың көпмәдениетті білім беру бағытындағы бүгінгі күнгі нәтижелеріне салыстырмалы талдау жасалды. Канада - солтүстік Америкадағы жер көлемі бойынша әлемде екінші орынды иеленетін, ағылшын және француз тілдері қатар жүретін, технологиялық және индустриялық дамыған, көпмәдениетті соған сәйкес көпұлтты парламенттік жүйесі бар конституциялық монархия. Қазақстан – Еуразия орталығындағы жер көлемі бойынша әлемде тоғызыншы орынды иеленетін қазақ және орыс тілдері қатар жүретін, технологиялық және индустриялық бағытта дамушы, көпмәдениетті сәйкесінше көпұлтты демократиялық, зайырлы, унитарлық, конституциялық республика. Канада мен Қазақстанның әлем сахнасындағы бүгінгі күнгі полиэтникалық келбеті ұқсас, алайда олардың саяси-философиялық құрылымы екі бөлек. Екі мемлекет те тарихи тағдырға көндіккен этникалық топтардың еш кедергісіз бақытты өмір сүруі және өз ұлтының ерекшеліктерін сақтап қалуы мен жетілдіруі үшін қолайлы жағдай жасауда. Олардың бұл әрекеттері идеологиялық тәсіл ретінде жұмыс істеп өзге мемлекеттерге үлгі болуда. Ұлттар ассимиляциясы табиғи тұрғыда орын алмаған жағдайда азшылықты құрайтын этникалық топтар мәдениетінің жоғалуы, расизмнің өршуі, сәйкесінше ұлттық бірегейлікті жоғалту процесі орын алатыны анық.

Түйін сөздер: *Қазақстан және Канада, «Канадалық мәдени мозаика», көпмәдениетті білім беру, идеологиялық тәсіл, саяси-философиялық талдау.*

Гулхан Нурадин, Гулнур Исабекова, Назым Дуйсенова
ПОЛИКУЛЬТУРНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ КАК ИДЕОЛОГИЧЕСКИЙ
ПОДХОД: ПОЛИТИКО-ФИЛОСОФСКИЙ АНАЛИЗ

Аннотация. В статье проведен сравнительный анализ результатов государственной политики в области поликультурного образования в Канаде и Казахстане в современных условиях. Канада – конституционная монархия, занимающая второе место в мире по площади земли в Северной Америке, с параллельным английским и французским языками, технологически и промышленно развитым, поликультурным и соответствующим многонациональным парламентским строем. Казахстан – поликультурная многонациональная демократическая, светская, унитарная, конституционная республика, развивающаяся технологически и индустриально, с параллельным казахским и русским языками, занимающая девятое место в мире по площади земли в центре Евразии. Канада и Казахстан на мировой сцене сегодня имеют схожий полиэтнический облик, однако их политико-философская структура разделена на две части. Оба государства создают благоприятные условия для беспрепятственного счастливого существования этнических групп, преданных исторической судьбе, сохранения и совершенствования особенностей своей нации. Такая политика служит идеологическим подходом и служит примером для других государств. Очевидно, что в случае, когда ассимиляция наций не происходит естественным образом, происходит утрата культуры этнических групп, составляющих меньшинство, обострение расизма и, соответственно, процесс утраты национальной идентичности.

Ключевые слова: *Казахстан и Канада, «Канадская культурная мозаика», поликультурное образование, идеологический подход, политико-философский анализ.*

Gulkhan Nuradin, Gulnur Bolatbekovna, Nazim Duisenova
MULTICULTURAL EDUCATION AS AN IDEOLOGICAL
APPROACH: POLITICAL AND PHILOSOPHICAL ANALYSIS

Annotation. The article presents a comparative analysis of the results of the state policy in the field of multicultural education in Canada under the title «Canadian Cultural Mosaic» and «unity of the people of Kazakhstan» in Kazakhstan today. Canada is a constitutional monarchy that occupies the second largest land area in the world in North America, with parallel English and French languages, technologically and industrially developed, multicultural

and corresponding multinational parliamentary system. Kazakhstan is a multicultural multinational democratic, secular, unitary, constitutional republic, developing technologically and industrially, with parallel Kazakh and Russian languages, occupying the ninth place in the world by land area in the center of Eurasia. Canada and Kazakhstan on the world stage today have a similar multi-ethnic appearance, but their political and philosophical structure is divided into two parts. Both States create favorable conditions for the unhindered happy existence of ethnic groups devoted to their historical destiny, the preservation and improvement of the characteristics of their nation. These actions of theirs serve as an ideological approach and serve as an example for other States. It is obvious that in the case when the assimilation of nations does not occur naturally, there is a loss of the culture of ethnic groups that make up the minority, an aggravation of racism and, accordingly, the process of loss of national identity.

Keywords: *Kazakhstan and Canada, «Canadian Cultural mosaic», multicultural education, ideological approach, political and philosophical analysis.*

Кіріспе

Қазіргі уақытта «ұлт» ұғымы ғылымдан гөрі саяси сипатқа ие. «Ұлт» әлемдік саяси лексикада «мемлекет ұлттар» мағынасында пайдаланылады (БҰҰ – Біріккен Ұлттар ұйымы атауы осыдан шыққан). Көп жағдайда ұлттың қалыптасуы негізгі жасаушы факторы жоғары патриоттық сезімі болуы тиіс бір елдің аумағында өмір сүру біріктіруші параметр болып табылатын жаңа қауымның қалыптасуын қарастырады. Бірақ шындық басқа: әр адам өзін этнос-ұлт болып табылатын белгілі бір қауыммен сәйкестендіруге ұмтылады. Ұлт – мәңгі ескілік емес, белгілі бір әлеуметтік құрылым, «қоғамдық қатынастар жиынтығы». Осылайша «ұлт» ұғымы «этнос» ұғымына теңестірілмей, «тайпа», «этнос», «ұлт» ұғымдары иерархиясында жоғары деңгейде тұруы тиіс [1, 17-18]. Ғалым П.А. Сорокиннің бұл тұжырымы этникалық саясаттың қасаң қағидасына айналған жоқ, кереғар пікірлерде жеткілікті. Алайда бұл тұжырым көптеген этникалық қақтығыстар мен соның салдарынан орын алатын қоғамдық даму тежегіштеріне тосқауыл бола алады.

Әлемдегі 190-нан астам мемлекеттерде 250-ден астам ұлттар тіршілік етеді, оның 90-нан астамы Канадада тұрса, 130-дан астамы Қазақстанда. Канада Қазақстанға қарағанда технологиялық және индустриялық дамыған ел болғандықтан ондағы 90-нан астам ұлттар мен ұлыстардың бірігіп бейбітшілікте күн кешуі дүниежүзін өзіне қаратып, әлем халықтары алдында беделін еселеп отыр. Ел арасындағы «Канадалық мәдени мозаика»

деген атау оған дәлел бола алады. Қазақстандағы көпмәдениеттілік ахуалы 1995 жылы 1 наурызда құрылған «Қазақстан халқы ассамблеясымен» реттеледі. Әйтсе де Қазақстан мен Канаданың этникалық топтардың басын құрап оны мемлекеттің проблемасы емес, керісінше жетістігі ретінде паш етуі үңіле карауға тұрарлық. Барлық проблеманың шешімі не болмаса оның шиеленіс көзі сол проблеманы туғызып, не болмаса шиеленістіруге ықпал етіп отырған органың біліміне тікелей байланысты. Сол себепті алдымызда Қазақстан мен Канаданың көпмәдениетті білім беру процесіне және оның нәтижелеріне салыстырмалы талдау жасаудың теориялық міндеті тұр.

Зерттеу әдістері: Қазақстан мен Канададағы этникалық топтардың құрылымын саяси-философиялық құбылыс ретінде талдаудың негізгі статистикалық схемасы жасалды және әртүрлі әдіснамалық тәсілдер арақатынасы идеологиялық тәсіл ретінде нақтыланды. Салыстырмалы әдіс арқылы Қазақстан мен Канаданың көпмәдениеттілік ахуалын қалыптастырған тарихи дәлелдердің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау мүмкіндігі туды. Екі елдің көпмәдениетті білім беру процесі мен оның нәтижелері қалыптасқан мәдени-саяси жағдайдан оқшауланып зерттеуді талап еткендіктен әлеуметтік абстрактілі көзқарастарды екшелеуге мәдени-тарихи тәсіл қолданылды.

Негізгі бөлім

Канаданың Қазақстан, Қырғыз Республикасы және Тәжікстандағы Елшілігінің ресми мәліметі бойынша Қазақстан мен Канаданың дипломатиялық қатынастары 1992 жылдан бастап орныққан. Екі ел екіжақты қарым-қатынастардың 30 жылдығын 2022 жылғы 10 сәуірде атап өтеді. Қазақстан Канадада Қазақстанның Оттавадағы Елшілігімен ұсынылған. Канада Қазақстанда Нұр-Сұлтандағы Канаданың Қазақстандағы, Қырғыз Республикасындағы және Тәжікстандағы Елшілігімен ұсынылған [2]. Қазақстандықтар мен канадалықтардың ұқсастығы олардың полиэтникалық сипаты, яғни көптеген этникалық топтармен араласып өмір сүруі және оны кемшілік емес, керісінше жетістік ретінде әлемге паш етуі. Статистикаға сүйенсек 2021 жылдың 11 шілдесіндегі жағдай бойынша Қазақстанның халық саны 19 009 600 бірлікті құрайды [3], ал ағымдағы жылдың 24 тамызындағы жағдай бойынша Канаданың халық санының есептік көрсеткіші 38 141 666 бірлікті құрайды [4]. Көрсетілген көрсеткіштердің ішінде алуан түрлі этникалық топтар бар. Оның бірқатары басым этникалық топқа жатса, бірқатары азшылықты құрайды. Қазақстанда 2009 жылғы санақ бойынша жекелеген этностардың өзгерісі санақаралық кезең ішінде келесі деректермен

сипатталады. Қазақтар саны өткен санақпен салыстырғанда 26,0%-ға өсті және 10096,8 мың адамды құрады. Өзбектер саны 23,3%-ға өсіп, 457,0 мың адамды, ұйғырлар – 6,8%-ға өсіп, 224,7 мың адамды құрады. Орыстар саны 15,3%-ға азайып, 3793,8 мың адамды құрады, немістер – 49,5%-ға азайып, 178,4 мың адамды, украиндар – 39,1%-ға азайып, 333,0 мың адамды, татарлар – 18,0%-ға азайып, 204,2 мың адамды, басқа этностар – 4,8%-ға азайып, 721,7 мың адамды құрады. Ел халқының жалпы санындағы қазақтардың үлесі 63,1%-ды, орыстар – 23,7%-ды, өзбектер – 2,9%-ды, украиндар – 2,1%-ды, ұйғырлар – 1,4%-ды, татарлар – 1,3%-ды, немістер – 1,1%-ды және басқа этностар – 4,5%-ды құрады [5]. Үстіміздегі 2021 жылдың 1-қыркүйегінен 25-қазан аралығында халық санағы өтті, оның ресми нәтижелері әлі жарияланған жоқ. Біресми ақпаратқа сүйенсек, Қазақстан халқы 19,1 млн. астам, оның ішіндегі қазақтардың үлесі – 70,18 пайыз [6]. Санақ қорытындысы бойынша негізгі ұлт, яғни қазақ ұлтының пайыздық көрсеткішінің көтерілуі мемлекеттік этникалық саясаттың ұлттық сипатынан хабар береді.

Канадалықтардың 32,3%-ы өздерінің этникалық шығу тегін канадалықтар деп санайды. Басқа тіркелген негізгі топтар ағылшын (18,3%), шотланд (13,9%), француз (13,6%), ирланд (13,4%), неміс (9,6%) және қытай (5,1%) болды [4]. Екі елдегі басымдылыққа ие және азшылық этникалық топты құрайтындардың бірігу, қалыптасу процестері тікелей тарихи оқиғалармен байланысты [4]. Канаданың мемлекеттік саясаты Қазақстандық мемлекеттік саясатқа ұқсамайды. Қазақстан негізгі ұлт көрсеткіші есебінен демографиялық тұрғыдан жоғырылауды көздесе, Канада көпұлттылық есебінен демографиялық жоғары көрсеткішті көздейді. Екі тараптың да басты бағыты халық көптігі арқылы мемлекет қуаттылығын арттыру. Қазақстан мемлекеттік этникалық саясатының мұндай қадамы тарихи астарлармен тікелей байланысты. Этникалық саясат құбылыстары әртекті болғанымен қазақстандықтар мен канадалықтар өз елінің ең маңызды бөлігі ретінде көпмәдениеттілік аспектіні атайды. Халықтың құрылымын қарастыру көптеген этникалық және мәдени дәстүрлерді көрсетеді. Қазақстан мен Канададағы әртүрліліктің көпмәдениетті білім беруге ықпалы маңыздылардың маңыздысы. Төмендегі салыстыру бағаны (1-кесте) Қазақстан мен Канаданың көпмәдениетті білім беру қырларын идеологиялық тәсіл ретінде қарастырады. Себебі екі мемлекеттің де қуаттылығы мен қауіпсіздігі этникалық саясаттың көпмәдениетті білім беру саласымен тікелей байланысты, ал көпмәдениетті білім беруді идеологиялық құрал ретінде қолдану тәсілі ұтымды нәтиже берері анық.

1-кесте. Қазақстан мен Канаданың көпмәдениетті білім беру саласы бойынша факторлық саластырмалы бағаны

| Факторлар | Қазақстан | Канада |
|---------------------------------------|--|--|
| Этникалық ерекшелік | 130-дан астам ұлт | 90-нан астам ұлт |
| Нәсілдік ерекшелік | Ішінара | Бар |
| Тілдік плюрализм | Үш тілді | Екі тілді |
| Этникалық саясат | Өзге елдердегі қандастар миграция есебінен негізгі ұлт санын көбейту | Иммигранттардың есебінен халық санын көбейту |
| Шоғырлану | 130-дан астам ұлт | Халықтың басым көпшілігі, яғни шамамен 80 % қалалық жерлерде тұрады. |
| Саяси мәдениет | Халықтың жартысына жуығы, яғни 43-45 % ауылдық жерлерде тұрады. | 1988 жылы мультикультурализм туралы Заң (Canadian Multiculturalis Act) бекітілді. |
| Орта білім беру объектісі | 1995 жылдың 1-ші наурызында Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылды. Ол Қазақстандағы барлық этностардың мүдделерін топтастырып, азаматтарды ұлтына бөлмей, құқықтары мен бостандықтарының мінсіз сақталуын қамтамасыз етеді | Халық саны 38 млн. асады. Барлық оқушы саны - 4,98 млн. |
| Орта білім беру мекемелерінің типтері | Халық саны 20 млн. жуық. Барлығы 7 471 мектеп бар. Барлық оқушы саны - 3,4 млн. Онда 367,7 мың педагог жұмыс істейді. | Мектептің 37-40 % мемлекет тарапынан қаржыланбайтын жеке мектептер. Жеке мектептердің жартысы діни мектептер. |
| Көпмәдениетті білім беру мақсаты | Мектептердің 1-2 % жеке меншік мектептер. Орта білім беретін мектептердің ешбірі діни бағытта емес. | Әр түрлі нәсілдік, этникалық және әлеуметтік-таптық топтардағы оқушылардың білім беру саласында тең мүмкіндіктерге ие болуы үшін мектеп пен өзге де білім беру мекемелерін қайта құрылымдау. |
| Этникалық ерекшелік | Көпмәдениетті тәрбие мен оқу мақсаттары көп сатылы, алайда көпмәдениетті тәрбие бөлігі басымдылық танытады. Көпмәдениетті білім беру үштілді білім берумен шендесе байланысқан. | 90-нан астам ұлт |

1-ші кестеде көрініп тұрғандай этникалық саясат және көпмәдениетті білім беру саласы бойынша Канаданың тәжірибесі озық. Себебі Канадалық көпмәдениеттілік елдегі этникалық әртүрлілікті заңдастырды. Кейбір этномәдени және конфессиялық білім беру жария репрезентацияға және өзінің ерекше өмір салтын сақтауға құқық алды. Басқаша айтқанда, өзінің мәдени және әр түрлі популяциясын тиімді реттеу мүмкіндігін табуға тырысып, канадалық мемлекет біртіндеп өзін нақты сараланған мәдениеттерді біріктіретін саяси құрылым ретінде қарастыра бастады, бірақ мозаиканы құрайтын элементтер сияқты өзінің ерекше тұтастығы

мен шекараларын сақтайтын адамдардың әртүрлі қауымдастықтары болды [7, 156-157].

Аралас этникалық және мәдени халқы бар көптеген елдерде көпмәдениетті білім берудің бір немесе бірнеше түрлері қатар жүзеге асырылады. Бұл елдердегі көпмәдениетті білім берудің әртүрлі тәсілдерін салыстыру концептуалды нақтылықтың жоқтығымен және әлеуметтік контекстегі мәдени әртүрлілікке деген көзқарастардағы айырмашылықтармен қиындай түседі. Әлемде мультикультурализм тұжырымдамалары өте көп, олар әсіресе Солтүстік Америка, Еуропа және Австралияда ерекшеленеді. Көпмәдениетті білім берудің тұжырымдамалық плюреализмі алуан түрлі тәсілдері әр қырынан қарастырады. Бұл турасында зерттеулер мен зерттеушілер тым көп. Мысалыға: Explore JSTOR, яғни JSTOR Ithaka [8] коммерциялық емес ұйымының бөлігі болып табылатын академиялық қоғамдастықтағы ғылыми деректерді сақтау және зерттеулер мен оқытудың тұрақты дамуы үшін сандық технологияларды қолдануға көмектесетін платформада «көпмәдениетті білім беру» бағыты бойынша 46 030 ғылыми деректемелер тіркелген, ал «Scopus» [9] библиографиялық және реферативтік дерекқор және ғылыми басылымдарда жарияланған мақалалардың дәйексөз келтірілуін қадағалауға арналған құралда 8351 материал тіркелген. Ресейлік «Elibrary.ru» [10] ғылыми электронды кітапханасында 13 317 ғылыми тіркелімдер бар. Осы бағыттағы қазақ тіліндегі, жалпы қазақстандық басылымдар қатары аз. Қазақстандық басылымдар кестеде көрсетілгендей көбіне көпмәдениетті тәрбие және көптілділік немесе үштілді меңгеру мәселелеріне басымдылық берген. Барлық типтегі орта білім беру салаларында көпмәдениетті білім беру міндеттелмеген, сәйкесінше мардымды нәтижелер жоқ.

Мультикультурализм – бұл керемет, нағыз бітімгершілік, достық пен татулықтың кепілі, бірақ оны дұрыс қолдану керек, әйтпесе күнделікті өмірде кездесетін әртүрлілік бізге қарсы жұмыс істей алады. Дұрыс пайдаланған кезде мультикультурализм білім беруді барлығына бай тәжірибеге айналдыруы мүмкін, бірақ дұрыс пайдаланбаған жағдайда, ол өсу үшін оған сенетін оқушыларды итермелеу қаупін тудырады. Сондықтанда көпмәдениетті білім берудің бұлжымас заңдылығы немесе классикалық үлгісі болмауы мүмкін. Ол саяси-мәдени ситуацияларға байланысты үнемі қайта қарауды, жаңартуды қажет етіп отырады. «Көпмәдениетті» деген терминнің ғылыми айналымға еніп, оның қызмет етуіне елеулі үлес қосқан американдық мультимәдени білім, 1970-1980 жылдары қолданылған, плюрализмнің риторикалық тұжырымына қарамастан, идеологиялық және символдық

тұрғыдан мәдениетаралық білімге ұқсас, 1940 жылдары плюрализм танымал мақұлдауды қолданбаған кезде қолданылған. Егер плюрализм қарапайым әртүрліліктен өзгеше болуы керек болса, онда ол топтардың жеке басын және талаптарын топ ретінде мойындауы керек. Оның орнына, көпмәдениетті білім көбінесе «жекелеген айырмашылықтар» тұжырымдамасына негізделеді, мәдениеттің политикалық емес және фрагменттелген моделін алға тартады және этникалық қақтығыстарды көзқарас тұрғысынан түсіндіруді ұсынады. Плюрализмнің жаңа модельдерінің теоретиктерін қамтитын наразылық пен қақтығысқа негізделген қозғалыс мүлдем басқа шығу тегі мен контекстінің бұрынғы қозғалысына әділ түрде сәйкес келуі мүмкін, бұл оқу және педагогикалық форманы анықтайтын шектеулер мен делдалдық тетіктердің күшін білдіреді, сонымен қатар американдық Мемлекеттік білім берудегі плюрализмнің рұқсат етілген және қол жетімді шектері тар болып қалады [11, 151].

Қазіргі таңда этникалық азшылық проблемаларын көптеген мемлекеттер «көпмәдениетті мемлекеттік саясат» ретінде қабылдауға мәжбүр. Себебі 1965 жылы 21 желтоқсанда Нью-Йоркте Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясы «Нәсілдік кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы» халықаралық конвенция қабылдады. Қазақстан Республикасының Президенті 1998 жылы 28 маусымда «Қазақстан Республикасының Нәсілдік кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы халықаралық конвенцияға қосылу туралы» № 245 Заңға [12] қол қойды. Мұндай мәжбүрлік мемлекеттерді, сәйкесінше адамдар арасындағы жаңа саяси-мәдени көзқарастарға алып келді. Оның нәтижесі әсіресе өнер мен саясат саласында анық байқалуда. Көпмәдениеттілік тұжырымдамасы демократиялық басқару дағдарысының шешімін ұсынуы мүмкін деп болжанады, өйткені қоғамдар бүгінде бірнеше мәдени топтардан тұрады, онда кейбір мәдени топтардың үстемдігі басқалармен дауласады. Бұл либертарлық-коммунитарлық пікірталастардың заңдылығына күмән келтіреді, өйткені «Мен» және «Мен» арасында басымдық беру мүмкін емес. Саяси теориядағы кез-келген жаттығудың негізгі мақсаты - ұжымдағы жеке тұлғаның мүдделерін қорғау, мүмкіндігінше алға жылжыту. Қазіргі уақытта азшылықтардың құқықтары мен жеке басын тану азшылықтардың да, басым мәдени топтардың да мүдделеріне сәйкес келеді деген консенсус бар. Осылайша, көпмәдениеттілік тұжырымдамасы бізге саяси тәртіптің тұрақтылығын және азаматтар арасындағы қарым-қатынасты жақсы сезінуге мүмкіндік береді, бұл демократиялық институттардың жақсы жұмыс істеуіне әкеледі.

Қорытынды

1945 жылдан бастап әлемді қайта құру демографиялық жағдайдың өсуіне әкелді. Көптеген елдерде әртүрлілік пайда болып, нәтижесінде әртүрлі құндылықтар іске қосылды. Осы тұста көпмәдениеттілік жаңа әлеуметтік әртүрлілікке философиялық пікірталастар мен стратегиялар арқылы саяси әрі заңды жауап ретінде пайда болды. Соған сәйкес иммиграция, ұлттық азшылықтар, байырғы немесе негізгі халықтар, бірегейлік саясаты, ұлттық мемлекет, құрылыс, либералды-демократиялық азаматтық, конституционализм, ұлтшылдық, жаһандану, деколонизация, мемлекеттің рөлі, толеранттылық шектері және әлеуметтік теория мен тәжірибе сынды бірқатар проблемалар қатар бас көтерді.

Жер планетасы – адамзаттың ортақ үйі, тіршілік мекені. Адамзат жер бетінде пайда болып, саналы әрекет еткелі бері өзін-өзі ұлт, ұлыс, нәсіл, мемлекет ретінде сақтауға тырысып келеді. Алайда адамзат үшін бұл оңай жол болмады, көптеген қателіктер орын алды. Қателіктер жауыздықпен, қантөгістермен, түрлі тектегі жазалармен көрініс тауып отырды. Адамзаттың ой-өрісінің жетілуіне қарай қателіктер мойындалып, олардың орнын толықтыру мен алдағы уақытта оған жол бермеу мәселесі үнемі өзекті болды. Осы себепті жер бетіндегі барлық адамдарды ұлты мен ұлысына, тілі мен нәсіліне қарамастан олардың ортақ мәселелерін оңтайлы шешу мақсатында дүниежүзілік ұйымдар құрылды. Солардың бірі ретінде Біріккен Ұлттар Ұйымын атауға болады. Аталмыш ұйым қабылдаған «Нәсілдік кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы» халықаралық конвенция көпмәдениетті білім беру мәселесінің өткірленіп, даму жолына қойылуына тікелей ықпал етті.

Ұлтаралық татулық пен достық – қазақстандық саяси мәдениеттің басты белгілерінің бірі болса, *көпмәдениеттілік* - канадалық саяси мәдениеттің басты белгілерінің бірі. Аталмыш екі саяси мәдениеттің өсу және даму көрсеткіштері жоғарылап келеді. Сценарийлік өсу болжамдарын екі елдің көпмәдениетті білім беру саласының дамуын болжау үшін оған ықпал ететін факторлар мен үрдістерді шартты түрде үшке бөліп қарастыруға болады: *белсенді, негізгі және енжар* даму сценарийлері.

Даму сценарийлерін қалыптастыру үшін негізгі факторлар ретінде дүниежүзіндегі саяси-әлеуметтік ахуалға назар аударылып, әлемдік деңгейдегі көпмәдениетті білім берудің этикалық сипаты мен даму үрдістері қабылданады, этникалық топтардың эмиграциясы мен иммиграциясы сараланады.

Белсенді сценарий ретінде әлем халықтарының толеранттық үдемелі дамуын ұсынуға болады. Себебі көпмәдениетті білім беру және оның

қоғамдық санада тұрақтану процесі толеранттық көзқарастардың қалыпты қалыптасыуынан белгі береді.

Негізгі сценарий бойынша әлем халықтары адамзаттық ассимиляцияны мойындай отырып, әр ұлттың бірегейлігін сақтау түсінігін біртіндеп арттыруды көздейді.

Енжар сценарий мемлекетішілік немесе әлемдік деңгейдегі ірілі-ұсақты ұлтаралық конфликттердің болуымен және осыған орай, ел тұстағына сызат түсу әрекетімен сипатталады. Алайда, әлем халықтарының тарихында жалпыадамзаттық құндылық пен толеранттық-бұқаралық сананың орнықпағанын куәландыратын дәлелдер жеткілікті. Әлемдік тәжірибеге сүйенсек, белсенді және негізгі сценарийлер саяси-экономикалық тұрғыдан да ынталандырылады. Мемлекеттегі көпмәдениетті білім беру жүйесі оның қауіпсіздігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ететін идеологиялық тәсіл ретінде жұмыс істей алады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Этносаясат негіздері және қазақстандық біртектіліктің қалыптасыуы. Оқу құралы / Башмаков А.А., Илиясова Г.Т., Қозыбаева М.М., Маслов Х.Б. – Астана: «Нұр Отан» партиясының Саяси менеджмент мектебі, 2017 – 121 б.
2. Canada-Kazakhstan relations // URL:<https://www.canadainternational>. (қаралған күні: 21.08.2022.)
3. Негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер // URL:<https://stat.gov.kz/>. (қаралған күні: 21.08.2021 ж.)
4. Canada Population Estimator // URL:<https://worldpopulationreview.com>. (қаралған күні: 21.08.2021.)
5. Перепись населения 2009 // URL:https://stat.gov.kz/for_users/national/2010
6. Санақ: Қазақстан халқы 19,1 млн адамға жетті, қазақтардың үлесі – 70 пайыз. 8.12.2021 жыл, 10:49 // URL:<https://www.azattyq.org/a/31599003.html>. (қаралған күні: 10.01.2022.)
7. Веретевская А.В. Канадский мультикультурализм. Исторический аспект / А.В.Веретевская // Вестник РГГУ. Серия: Политология. История. Международные отношения. Зарубежное регионоведение. Востоковедение. 2012. №19 (99). – С. 147-159.
8. URL:<https://www.jstor.org/action/doBasicSearch?Query=multicultural+education&so=rel>. (қаралған күні: 10.01.2022)
9. URL:<https://www.scopus.com/results/results.uri?multicultural+education&sid>. (қаралған күні: 10.01.2022.)
10. URL:https://elibrary.ru/query_results.asp. (қаралған күні: 10.01.2022.)
11. Michael R. Olneck. The Recurring Dream: Symbolism and Ideology in Intercultural and Multicultural Education. American Journal of Education. Vol. 98, No. 2 (Feb., 1990), pp. 147-174 (28 pages)
12. «Қазақстан Республикасының Нәсілдік кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы халықаралық конвенцияға қосылу туралы» №245 Заңы // URL:<https://adilet.zan.kz/kaz/>. (қаралған күні: 10.01.2022.)

REFERENCES:

1. Etnosaiasat negizderi jáne qazaqstandyq birtekillikten qalyptasuy [Fundamentals of ethnopolitics and formation of Kazakhstan's identity]. Oqu quraly/ Bashmakov A.A., Iliasova G.T., Qozybaeva M.M., Maslov H.B. – Astana: «Nur Otan» partiasynyń Saıası menedjment mektebi, 2017 – 121 b.
2. Canada - Kazakhstan relations // URL:<https://www.canadainternational.com>. (accessed: 21.08.2021).
3. Negizgi aleumettik-ekonomıkalyq korsetkishter [Main socio-economic indicators]. URL:<https://stat.gov.kz/>. (accessed: 21.08.2021)
4. Canada Population Estimator // URL:<https://worldpopulationreview.com>. (accessed: 21.08.2021).
5. Perepis' naseleniya 2009 [Population census 2009] // URL:https://stat.gov.kz/for_users/national/2020. (accessed: 10.01.2022)
6. Sanaq: Qazaqstan halqy 19,1 mln adamǵa jetti, qazaqtardyn ulesi – 70 pıyız [Census: the population of Kazakhstan reached 19.1 million people, the share of Kazakhs – 70%.] 8.12.2021., 10:49. <https://www.azattyq.org/a/31599003.html>. (accessed: 10.01.2022)
7. Veretevskaya A.V. Kanadskij mul'tikul'turalizm. Istoricheskij aspekt [Canadian multiculturalism. Historical aspect] / A.V. Veretevskaya // Vestnik RGGU. Seriya: Politologiya. Istoriya. Mezhdunarodnye otnosheniya. Zarubezhnoe regionovedenie. Vostokovedenie. 2012. №19 (99). – С. 147-159.
8. URL:<https://www.jstor.org/action/doBasicSearch?Query=multicultural+education&so=rel>. (accessed: 10.01.2022)
9. URL:<https://www.scopus.com/results/results.uri?multicultural+education&sid>. (accessed: 10.01.2022)
10. URL:https://elibrary.ru/query_results.asp. (Date of request 10.01.2022)
11. Michael R. Olneck. The Recurring Dream: Symbolism and Ideology in Intercultural and Multicultural Education. American Journal of Education. Vol. 98, No. 2 (Feb., 1990), pp. 147-174 (28 pages)
12. «Qazaqstan Respýblikasynyń Násildik kemsitýshiliktiń barlyq nysandaryn joıy týraly halyqaralyq konvensiıaǵa qosylý týraly» №245 Zańy [«International Convention on the elimination of all forms of racial discrimination of the Republic of Kazakhstan» Law No. 245 « on accession to the convention] // URL:<https://adilet.zan.kz/kaz/> (accessed: 10.01.2022)